



**"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы
" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 маусымдағы № 486 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуі мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2015 жылғы « »

№ Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына
енгізілетін өзгерістер**

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 30, 259-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын іске асыру

мақсатында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті кезеңге арналған Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлейді. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасы – бұл елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін өңірлер бөлінісінде өндірістік күштерді, өндірістік, әлеуметтік және басқа инфрақұрылымды ұтымды орналастыру, ел халқын қоныстандыру жүйесі.

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Іске асыру процесінде, макроэкономикалық жағдай өзгерген кезде, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын түзету жүзеге асырылуы мүмкін.

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасының іске асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және оның іске асырылуын бақылау тәртібін және мерзімдерін Қазақстан Республикасының Президенті а й қ ы н д а й д ы . » .

2. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20-21, 150-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу қағидаларында:

62, 63, 64, 65, 66, 67-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«62. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасының құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) аумақтардың экономикалық әлеуетін талдау және бағалау;
- 2) аумақтық-кеңістікте дамыту бағыттары;
- 3) елді дамытудың болжамды параметрлері;
- 4) өңірлерді перспективалық дамыту схемалары.

63. «Аумақтардың экономикалық әлеуетін талдау және бағалау» бөлімі ел өңірлерінің ресурстық әлеуетін талдауды, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу мәселелерін, экономикалық мамандану, қоныстандыру және нарықтық байланыстардың сипаты бойынша жіктеу мен өңірлерді талдауды, елдің аумақтық даму ерекшеліктерін, өңірлердің экологиялық дамуын талдауды қамтуы тиіс.

64. «Аумақтық-кеңістікте дамытудың негізгі бағыттары» бөлімі елді аумақтық-кеңістікте дамытудың мақсаттарынан, міндеттерінен және негізгі тәсілдерінен, макроөңірлердің стратегиялық даму бағыттарынан тұрады.

65. «Елді дамытудың болжамды параметрлері» бөлімі алдағы он жылдық кезеңге арналған елді және өңірлерді дамытудың негізгі болжамды көрсеткіштерін қамтиды.

66. «Өңірлерді перспективалық дамыту схемалары» бөлімі өңірлердің перспективалық экономикалық мамандануының, перспективалық қоныстандырудың, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды перспективалық дамыту схемаларын қ а м т и д ы .

67. Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың болжамды схемасын іске асыру Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің төмен тұрған құжаттары арқылы жүзеге асырылады. » ;

68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75 және 76-тармақтар алып тасталсын.

3. «Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 1 1 8 Ж а р л ы ғ ы н д а :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы « »

№ Ж а р л ы ғ ы н а

ҚОСЫМША

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 1 ш і л д е д е г і

№ 1 1 8 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы Мазмұны

Кіріспе

1-бөлім. Аумақтардың экономикалық әлеуетін талдау және бағалау

2-бөлім. Аумақтық-кеңістікте даму бағыттары

3-бөлім. Елді дамытудың болжамды параметрлері

4-бөлім. Өңірлерді 2020 жылға дейін перспективалы дамыту схемалары

Кіріспе

Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы (бұдан әрі – Болжамды схема) елді дамытудың маңызды құралы болып табылады, өңірлік

дамудың түйінді бағыттары бойынша мемлекеттің тәсілдерін айқындайды.

Болжамды схема дамудың ағымдағы және ұзақ мерзімді, макроэкономикалық, салалық және өңірлік аспектілерін ұштастыруды қамтамасыз етеді, бизнестің, салалық және аумақтық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың іс-қимылын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Болжамды схеманың ұзақ мерзімді бағыты мен кешенді сипаты оны қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді анықтау, оның негізінде іске асырылып жатқан даму бағыттарын толықтыратын немесе дамытатын экономиканың перспективалы даму бағыттарын қалыптастыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Болжамды схема ел аумағында әлеуметтік-экономикалық әлеуетті ұтымды ұйымдастырудың және орналастырудың негізінде халықтың әл-ауқатын арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

2013 жылғы деректер бойынша ел ауданының бірлігіне қатысты жалпы қосылған құнның саны ретінде есептелген экономикалық тығыздық Қазақстанда 85,1 мың АҚШ долларын құрады, бұл Шығыс Еуропаның Польша (1660 мың АҚШ доллары), Мажарстан (1466 мың АҚШ доллары) сияқты елдерінің, сондай-ақ Ресей (122,6 мың АҚШ доллары) сияқты ТМД елдерінің экономикалық тығыздығынан едәуір артта қалып отыр.

Қазақстанда өзен көлігі тораптарының болмауы және ашық теңізге шыға алмауы Қазақстанның экономикалық тығыздығына кері әсер ететін факторлардың бірі болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан үшін экономикалық тұрғыдан перспективалы аудандарда және өмір сүруге қолайлы табиғи-климаттық аймақтарда экономикалық және еңбек ресурстарын шоғырландыруға ынталандыру, нарық субъектілерінің экономикалық белсенділігінің өсуі және әлемдік экономикамен үйлесімді интеграцияланған бірыңғай ішкі экономикалық кеңістікті қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеті аса өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық тығыздығы сараланудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді, бұл аумақтық бөліністе елдің экономикалық дамуы әрқелкі екенін сипаттайды.


Бірқатар елдердің табысты дамуының әлемдік тәжірибесі оның жоғары урбандалу аймақтарында өндірістің, капиталдың және адами ресурстардың аумақтық шоғырлануы жағдайында өтетінін көрсетіп отыр.

Осылайша, қазіргі жағдайларда кеңістік пен орналасу орны мемлекеттік саясаттың екінші дәрежелі факторлары ретінде қарастырылмай, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторына айналады. Соңғы екі онжылдықта дамыған елдерде прогресс қозғаушысы болған қалалар мен агломерациялардың өсуі, халықтың ұтқырлығының артуы, сауда мен көрсетілетін қызметтерді дамыту сияқты факторлар қазіргі уақытта дамушы елдер үшін де қозғаушы күш болып табылады.

1-бөлім. Аумақтардың экономикалық әлеуетін талдау және бағалау


1. Ел өңірлерінің ресурстық әлеуетін талдау Т а б и ғ и р е с у р с т а р

Қазіргі уақытта Қазақстан табиғи ресурстар қоры бойынша ең бай елдердің бірі болып табылады. Көмірсутегінің, түсті, қара және жерде сирек кездесетін металдардың, уранның барланған қорлары бойынша ел алдыңғы қатарда.



1-сурет – Қазақстанның табиғи ресурстар қоры бойынша әлемдік рейтингтегі орны

Аса бай табиғи ресурстар Қазақстанның табиғи ресурстарды өндіретін және экспорттайтын көшбасшылар қатарына кіруіне мүмкіндік береді (2-сурет).



2-сурет – Қазақстанның табиғи ресурстарды өндіру бойынша әлемдік рейтингтегі орны

М ұ н а й ө н е р к ә с і б і

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректері бойынша Қазақстандағы мұнайдың расталған қоры шамамен 4,8 млрд. тоннаны құрайды. Аталған қорлар мұнайдың әлемдік қорының шамамен 2 %-ын құрайды және елдің мұнай қоры бойынша әлемнің жетекші 12 елінің қатарына кіруіне мүмкіндік береді. Бұл ретте елдегі перспективалы мұнай қоры 17 млрд. тонна көлемінде бағаланады.

Мұнайлы-газды аудандар ел ауданының 62 %-ын алып жатыр және онда 252 мұнай кен орны бар, олардың 130-ға барлану үстінде.

Мұнай қорларының 90 %-ынан астамы аса ірі 15 кен орны – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жанажол, Қаламқас, Кеңқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское кен орындарында шоғырланған. Кен орындары Қазақстанның он төрт облысының жетеуінің аумағында орналасқан. Бұл – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстары. Бұл ретте көмірсутегі қорларының шамамен 70 %-ы Қазақстанның батысында шоғырланған.

Мұнайдың анағұрлым барланған қорлары Атырау облысында, оның аумағында алынатын қорлары 3,5 млрд. тоннадан асатын 100-ден астам кен орны ашылған.

Облыстың жұмыс істеп тұрған ең ірі кен орны – Теңіз (бастапқы алынатын қорлар – 781,1 млн тонна). Анағұрлым перспективалы мұнай кен орны Қашаған кен орны болып табылады, оның кеңінен қайта қорытудағы перспективалық қоры 1,5-тен 10,5 млрд. тоннаға дейін бағаланады.

1-кесте – Газ конденсатын қоса алғанда мұнай өндіру, мың тонна

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	76 513	79 686	80060	79216	81789
Ақтөбе	7689	7 978	8482	8674	8340
Атырау	26 583	30 087	30241	28962	32183
Шығыс Қазақстан	-	-	-	-	1
Жамбыл	26	24	22	21	22
Батыс Қазақстан	12 228	11749	12 461	12 956	12 528
Қызылорда	11241	11156	10955	10883	10588
Маңғыстау	18 746	18 692	17899	17 720	18127

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ деректері бойынша

2013 жылғы мұнай экспортының көлемі 70 млн. астам тоннаны құрады. Еуропа елдері (шамамен 55 млн. тонна) – Италия, Нидерланд, Франция, Аустрия, Швейцария және өзгелері, сондай-ақ Қытай (11 млн. тонна) шикі мұнай нарығындағы Қазақстанның негізгі сыртқы сауда әріптестері болып табылады.

Г а з ө н е р к ә с і б і

Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі мемлекеттік комиссиясы 3,9 трлн. м³ деңгейінде алынатын газ қорын, оның ішінде 2,6 трлн. м³ – ілеспе газ, 1,3 трлн. м³ табиғи (бос) газ қорын бекітті.

Дегенмен, әлемдік танымал салалық ақпарат көздерінің бірі British Petroleum компаниясының деректері бойынша Қазақстандағы газ қоры 1,3 трлн. м³ құрайды, бұл осы көрсеткіш бойынша Қазақстан Республикасының әлемде 22-орынға және ТМД елдерінің арасында Ресей мен Түрікменстаннан кейін 3-орынды иеленуге мүмкіндік

береді. Көрсеткіштердің мұндай сәйкессіздігі Қазақстан Республикасындағы газ қорында ілеспе мұнай газы үлесінің жоғарылығына да, сол сияқты қорларды есептеу әдістемелеріндегі айырмашылыққа да байланысты туындап отыр, бұл әдістемелер бойынша республика жуық арада халықаралық стандарттарға көшуді жүзеге асыруды ж о с п а р л а п о т ы р .

2014 жылы республикадағы мұнай-газ өндіретін компаниялардың газ өндіруі 43,2 млрд. м³ құрады, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 102,2 % құрайды.

2-кесте – Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісіндегі ілеспе және табиғи газ өндірісі, млн. м³

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	36 015,1	37 413,0	39 532,4	40 127,7	42 294,7
Ақтөбе	3 482,4	3 334,5	3 995,6	4 333,0	4 252,6
Атырау	11 867,9	13 801,7	13 720,3	12 917	14 821,2
Шығыс Қазақстан	-	-	-	-	206,8
Жамбыл	354,2	344,1	326,5	324,1	321,8
Батыс Қазақстан	15 686,2	15 176,3	17 262,7	18 715,7	18 993,4
Қызылорда	1 558,8	1 606,0	1 537,5	1 553,6	1 496,4
Маңғыстау	3 065,6	3 150,5	2 689,7	2 284,3	2 202,6

*Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ деректері бойынша

Қазіргі уақытта мұнай-газ шикізатын өндіру мен қайта өңдеу саласындағы негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады:

- 1) әлемдік нарықтағы энергия ресурстары бағаларының құбылмалылығы;
- 2) сыртқы өткізу нарықтарынан қашықтығы, теңізге тікелей шығатын жолдың болмауы, бұл тасымалдау құнын едәуір ұлғайтады;
- 3) қазақстандық маманданған кадрлардың тапшылығы;
- 4) көмірсутегі шикізатына арналған өңдеу кәсіпорындары санының аздығы;
- 5) көмірсутектерді алудың салыстырмалы аз коэффициенті;
- 6) мұнай мен газ өндірудің өсуінің қоршаған ортаға жүктемені айтарлықтай ұлғайтуы, бұл жылу-энергетика кешендерінде қолданылатын технологиялардың төмен экологиялығымен бірге экологиялық қауіпсіздік үшін елеулі тәуекелдер тудырады.

К ө м і р ө н е р к ә с і б і

Қазақстанның дәлелденген көмір қорлары бойынша ең берік позициясы әлем бойынша 7-орын. Отын шығарудың ағымдағы құрылымында көмір негізгі үлеске ие – шартты отынды тонналап жиынтық тұтынудың 74 %-ын құрайды. Қазақстанда көмір қоры 34,2 млрд. тонна (әлемдік қорлардың 3,9 %-ы) деңгейінде бағаланады.

Соңғы жылдары Қазақстан жыл сайын 100 млн. тоннадан астам көмір өндіреді. Бұл ретте барлық өндірілген көмірдің 91 %-дан астамы Қарағанды және Павлодар облыстарына тиесілі.

Өндірілетін энергетикалық көмірдің негізгі үлесі елдің электр энергиясы саласының қажеттіліктеріне және экспортқа (тиісінше 51 % және 31 %), қалған көлемі – халықтың коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктеріне және өнеркәсіптік кәсіпорындарға (тиісінше 13 % және 5 %) жұмсалады.

3-кесте – Көмір өндіру көлемі (көмір концентратын қоса есептегенде), мың тонна

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	100 854	110 929	116 449	120 528	119 574
Ақмола	245	1 477	1 989	3 500	3 200
Ақтөбе	5	3	3	3	-
Алматы	15	15	15	20	20,8
Шығыс Қазақстан	5 353	5 813	6 173	6 167	6045
Жамбыл	355	375	281	80	80,0
Қарағанды	30 722	32 585	35 241	35 388	37 211
Қостанай	8	50	30	23	2,6
Павлодар	64 150	70 613	72 717	75 346	73 015

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Қорлардың қомақты көлеміне байланысты Қазақстандағы көмірдің ресурстық базасы ұзақ мерзімді перспективада көмір өнеркәсібін дамыту үшін шектеу болып табылмайды.

Энергетикалық, сол сияқты кокстелетін көмір қоры өндіруді белсенді арттырғанның өзінде жүздеген жылдарға жетеді.

Тау-кен металлургиясы өнеркәсібі

Тау-кен металлургиясы саласы – бұл Қазақстан өнеркәсібінің базалық секторларының бірі. Мұнда негізгі кәсіптегі 164,5 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған.

Қазақстанда хром кенінің әлемдік қорының – 30 %-ы, марганец кенінің – 25 %-ы, темір кенінің 10 %-ы шоғырланған. Мыс, қорғасын және мырыш қорлары әлемдік қорлардың тиісінше 10 % және 13 %-ын құрайды.

Менделеев кестесінің 105 элементінен Қазақстанның жер қойнауында 99 элемент анықталған, 70-і бойынша қорлар барланған, өндіріске 60-тан астам элемент тартылған.

4-кесте – 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша пайдалы қазбалар қоры

Пайдалы қазба түрі	Жай-күйі бойынша баланстық қорлары
темір кені, млн.т	18814,6
марганец кені, млн.т	684,1
хром кені, мың т	366191,3
бокситтер, мың т	338066,7
қорғасын, мың т	17185,11

мырыш, мың т	35513,17
мыс, мың т	38805,5
титан, мың т	24031,1
вольфрам, мың т	2080
алтын, тонна	2348,7
күміс, тонна	51864,6
қалайы, мың т	138,4
уран, мың т	838,1

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

Қатты пайдалы қазбалар өндірудің жалпы көлемі бойынша республика әлемдегі 70 тау-кен өндіру державасының ішінде 13-орынға ие.

Темір кені өндірісінің көлемі жыл сайын шамамен 25 млн. тоннаны құрайды. Өндірудің негізгі көлемі Қостанай облысында (Рудный моноқаласы) шоғырланған.

Жыл сайын темір кенінің шамамен 15-16 млн. тоннасы экспортталады, қалған бөлігі одан әрі өңдеуге жіберіледі.

5-кесте – Агломерацияланған және агломерацияланбаған темір кенін өндіру көлемі, мың тонна

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	22 281	24 016	24 736	25 889	25 228,2
Ақмола	839	280	285	272	363,2
Ақтөбе	2	232	302	296	123,0
Қарағанды	2 947	2 669	3 221	4 003	4 075,6
Қостанай	18 493	20 835	20 928	21 318	20 666,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Мыс кені өндірісінің көлемі 2013 жылы 41,3 млн. тоннаны құрады, оның басым бөлігі Қарағанды облысына тиесілі. Өңделмеген кен экспортының көлемі шамалы – жыл сайын 0,5 млн. тонна. Кеннің негізгі бөлігі одан әрі өңдеуге жіберіледі, мәселен, 2013 жылы 352 мың тонна тазартылған мыс өндірілді.

6-кесте – Мыс кенін өндіру көлемі, мың тонна

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	30 594	32 039	34 396	38 906	41 291,3
Ақтөбе	2 111	3 297	3 838	4 734	4985,2
Шығыс Қазақстан	350	225	752	2 167	1787,4
Жамбыл	-	-	573	648	1538,4
Қарағанды	27 406	27 765	27 672	30 267	32031,3
Қостанай	727	752	1 509	1 031	655,6
Павлодар	-	-	53	60	293,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Алюминий кенінің (бокситтер) өндірісі толығымен Қостанай облысында шоғырланған, кенді байыту Павлодар облысында жүргізіледі. Өңделмеген алюминий және алюминий оксидінің экспорты 2013 жылы 1,34 млн. тоннаны құрады.

7-кесте – Алюминий кенін (бокситтер) өндіру көлемі, млн. тонна

Өңірлер	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	5 130	5 310	5 495	5 170	5 192
Қостанай	5 130	5 310	5 495	5 170	5 192

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Қорғасын мен мырышты өндіру және бастапқы өңдеу негізінен Шығыс Қазақстан облысында шоғырланған. 2013 жылы қорғасын концентратындағы қорғасын өндірісі – 40,1 мың тоннаны, мырыш концентратындағы мырыш өндірісі 365,5 мың тоннаны құрады. Мырыш пен қорғасынның негізгі бөлігі экспортталады.

Тау-кен металлургиясы өнеркәсібінің негізгі проблемалары:

- 1) әлемдік нарықта негізгі металдар бағаларының құбылмалылығы және өткізу нарықтарында сұраныстың төмендеуі (Қытай факторы – шамадан тыс өндіру және бағалар бойынша демпинг);
- 2) өндірістік қуаттардың төмен жүктемесі;
- 3) тозу дәрежесінің жоғарылығы және моральдық ескірген жабдықтың болуы;
- 4) әлсіз дамыған ішкі нарық (металдарды тұтынушы үшін металдарды дайын өнімге қайта өңдейтін кәсіпорындар аз);
- 5) металл өндірудің жоғары көлемі, бұл елдегі экологиялық жағдайды айтарлықтай нашарлатады.

Осылайша, табиғи ресурстарды өндіру және экспорттау елге аз уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік дамуда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар теңізге шығу мүмкіндігінің болмауы, өнімді өткізудің негізгі нарықтарына дейінге зор алшақтық өндірістік, бірінші кезекте көліктік инфрақұрылымды жедел дамытуды талап етеді.

Көліктік инфрақұрылымды дамытуды, оның ішінде табиғи ресурстарды анағұрлым оңтайлы жолмен экспорттау мүмкіндігін қамтамасыз ету бағытында жоспарлау қажет.

Бұдан басқа, елдің бай шикізаттық әлеуеті қосылған құны жоғары тауарларды шығаруға бағдарланған заманауи өнеркәсіптік индустрияны дамытудың негізіне айналуға тиіс.

Жер ресурстарымен қамтамасыз етілу

Еуразия құрлығының ортасында 272,5 млн. га алаңға орналасқан республикамыз жер ауданы бойынша әлемде тоғызыншы орынға ие. Шекаралас мемлекеттермен

құрлықтағы мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы 13 383 км құрайды, оның ішінде Ресей Федерациясымен – 7 548 км, Өзбекстан Республикасымен – 2 351,4 км, Қытай Халық Республикасымен – 1 782,8 км, Қырғыз Республикасымен – 1 241,6 км, Түрікменстан Республикасымен – 459 км.

Елдің бір тұрғынының жермен қамтамасыз етілуі бір адамға 17 га-дан асады, оның ішінде, егістікпен қамтамасыз етілу – 1,51 га/адам. Салыстыру үшін басқа елдерде мұндай индекстер тиісінше мынадай болып келеді: Ресей – бір адамға 11,6 га және 0,89 га, АҚШ – 3,8 га және 0,75 га, Канада – 37,1 га және 1,72 га, Қытай – 0,8 га және 0,08 га, Жапония – 0,31 га және 0,03 га.

Осылайша, елде жер ресурстарымен қамтамасыз етілу бойынша айтарлықтай шектеулер жоқ. Жерді ұтымды, мүмкіндігінше экологияға келеңсіз ықпалды барынша азайта отырып, пайдалануды жүзеге асыру қажет.

Сонымен қатар осындай ұлан-байтақ аумағы елдің алдына барлық өңірлерді инженерлік және көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету сияқты күрделі міндет қойып отыр. Аталған инфрақұрылымды салу және оны тиісті деңгейде ұстап тұру орасан зор қаржы шығындарын талап етеді. Бұл жағдайларда елдің оңтайлы инженерлік-көліктік жүйесін қалыптастыру Қазақстанның одан әрі табысты дамуының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Су ресурстарымен қамтамасыз етілу

Қазақстанда су ресурстарының негізгі көлемін орташа жылдық көлемі 101 км³ жерүсті сулары қамтамасыз етеді (1-кестені қараңыз), оның ішінде 56 %-ы жергілікті жерлерде шоғырланады (негізгі бассейндер: Есіл, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай), ал қалған 44 %-ы Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресейден және Қырғызстаннан трансшекаралық өзендер ағыны есебінен қамтамасыз етіледі (негізгі бассейндер: Арал-Сырдария, Балқаш-Алакөл, Жайық-Каспий). Қазақстан көрші елдер аумақтарынан трансшекаралық өзендер ағынына тәуелділік индексі бойынша Израиль және Португалия сияқты елдермен бір қатарда тұр. Бұл елдің қазір орын алып отырған және әлеуетті су проблемаларын шешу үшін трансшекаралық ағындарды реттеудің маңыздылығын барынша арттырады.

8-кесте – Қазақстан бассейндерінің жерүсті суларымен және өзге су көздерінен алынатын су ресурстарымен қамтамасыз етілуі

Бассейннің атауы	Жергілікті су ресурстары, км ³	Трансшекаралық су ресурстары, км ³	Жерасты сулары, км ³	Өзге су көздері, км ³	Су ресурстары, жиыны, км ³
Арал-Сырдария	3,4	14,6	0,2	3,2	21,4
Балқаш-Алакөл	15,4	12,2	0,4	0,4	28,4
Ертіс	25,9	7,8	0,2	0	33,9
Есіл	2,6		0,1	0	2,6
Жайық-Каспий	4,1	7,1	0,2	0,3	11,7
Нұра-Сарысу	1,4		0,1	0,1	1,5

Тобыл-Торғай	1,3	0,3	0	0	1,6
Шу-Талас	1,6	2,6	0,1	0	4,4
ҚР бойынша барлығы	55,7	44,7	1,2	3,9	105,5

Пайдалануға бекітілген жерасты сулары тұщы судың қосымша көздері болып табылады, олардың қорлары 15,4 км³ құрайды, оның ішінде қазіргі уақытта жылына 2,3 км³ өндіріледі, теңіз суы тұщыландырылады және өзге су көздері (шахталарда су бұру, су қоймаларынан тікелей тұтыну, ағын суларды пайдалану, тұзсыздандыру, барлығы жылына 3,9 км³) бар. Жерасты суларының негізгі қорлары Балқаш-Алакөл және Ертіс бассейндерінде орналасқан (қорлардың жалпы көлемінің 66 %-ы).

9-кесте – Қазақстан бассейндерінің жерасты су қорларымен қамтамасыз етілуі

Бассейннің атауы	Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары, км ³ /жыл					Жерасты суларын өндіру, км ³ /жыл
	Барлығы	оның ішінде				
		ШАСҚ	ӨТСҚ	СЖ	Бальнеологиялық	
Арал-Сырдария	1,14	0,79	0,16	0,19	0,002	0,2
Балқаш-Алакөл	7,26	1,73	0,22	5,31	0,005	0,4
Ертіс	2,87	1,10	0,12	1,65	0,001	0,2
Есіл	0,16	0,11	0,03	0,02	0,001	0,1
Жайық-Каспий	0,97	0,51	0,22	0,24	0,002	0,2
Нұра-Сарысу	0,82	0,35	0,34	0,13	0,0004	0,1
Тобыл-Торғай	0,48	0,40	0,08	0,00	0,0008	0,0
Шу-Талас	1,75	0,79	0,24	0,72	0,001	0,1
ҚР бойынша барлығы	15,44	5,76	1,41	8,27	0,01	1,2

Өзендер мен көлдердің экожүйелерін сақтау үшін табиғатты қорғау мақсатында (экологиялық ағын) пайдалану қазіргі уақытта жылына жалпы су ресурстарынан 38,6 км³ үшін қажет. Оның үстіне қажетті инфрақұрылымның болмауы, арналар мен өзендерде булану мен сүзгілеу және шекаралас мемлекеттерге міндетті ағынды қамтамасыз ету салдарынан жылына 29 км³ қолжетімсіз болып отыр. Бұдан басқа, қамтамасыз етілудің 75 %-дық критерийін негізге алсақ, су ресурстарының 12,8 км³ сенімсіз болып табылады. Осылайша, қазіргі уақытта қолжетімді, тұрақты және сенімді су ресурстарының көлемі жылына 23,2 км³ құрайды.

Тұтастай алғанда, елдің табысты дамуы үшін Қазақстандағы су ресурстары жеткілікті. Бұл саладағы негізгі проблема Арал теңізін қалпына келтіру, сондай-ақ халықты сапалы әрі сенімді ауыз су көздерімен қамтамасыз ету қажеттігінде болып табылады. Жерасты сулары ауызсудың неғұрлым перспективалы көздері болып табылады.

Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілу

2013 жылы Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді халқының саны 9041,3

мың адамды (республиканың 15 жасқа толған және одан жоғары халқы санының 71,7 % -ы) құрады. Талданып отырған кезеңде (2009 – 2013 жылдар) экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 6,9 %-ға, ал жұмыспен қамтылған халық саны 8,4 %-ға ұлғайып, 2013 жылы тиісінше 9041 және 8571 мың адамды құрады. Қарастырылып отырған кезеңде жұмыссыздық деңгейі тұрақты төмендеу үрдісінде болды және 2013 жылы 5,2 % - д ы к ұ р а д ы .

Жұмыспен қамту құрылымында бірінші орында көрсетілетін қызметтер саласында жұмыс істейтіндердің жоғары үлесі байқалады – 30,4 %, ауыл шаруашылығында – 24,2 %. 2013 жылы өңірлік бөліністе Солтүстік Қазақстан (43,1 %), Алматы (42,6 %) және Қостанай (37,6 %) облыстарында экономикада жұмыс істейтіндердің жартысы дерлік ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылды.

Сондай-ақ Қазақстанда өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің төмен үлесі байқалады – небәрі 6,4 %. 2013 жылы өңірлер бөлінісінде өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың ең жоғары үлесі Қарағанды (16,9 %), Павлодар (13,6 %) және Шығыс Қазақстан (9,6 %) облыстарына тән.

2009 – 2013 жылдары өз бетінше жұмыспен қамтылған адамдардың ең жоғары деңгейі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстарында байқалған.

Қазақстанның еңбек нарығында соңғы жылдары елеулі құрылымдық өзгерістер орын алды – өңдеуші өнеркәсіппен ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар саны қысқарды. Бұл жұмыс күшінің жекеменшік көрсетілетін қызметтер саласына – саудаға; автомобильдерді, тұрмыстық заттар мен жеке тұтыну бұйымдарын жөндеуге, қаржылық қызметке және басқа көрсетілетін қызметтерге ауысуына алып келді.



Осылайша, өңірлердің еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі оңтүстік өңірлерде – ОҚО-да, Алматы облысында, Алматы қаласында – және батыс өңірлерде – Ақтөбе, Атырау, БҚО, Маңғыстау облыстарында – жоғары әлеуетімен сипатталады. Елдің солтүстік және шығыс өңірлерінде еңбекке жарамды жастағы халық санының бірте-бірте азаюы салдарынан төмен қамтамасыз етілу байқалады.

Демографиялық және көші-қон әлеуетін бағалау

Соңғы онжылдықта елде болып жатқан демографиялық процестердің оң сипаты бар . 2014 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан халқының саны 2009 жылмен салыстырғанда 6 %-ға (абсолюттік мәнде – 957,7 мың адамға) ұлғайып, 17160,8 мың адамды құрады.

Талданып отырған кезеңде Солтүстік және Шығыс макроөңірлерге кіретін өңірлерді қоспағанда, елдің көптеген өңірлерінде халық санының өсуі байқалады.


Елдегі халық санының ұлғаюы негізінен халықтың табиғи өсімі есебінен болып отыр. Бұдан басқа, соңғы жылдары халықтың табиғи өсімінің коэффициенті тұрақты өсу серпініне ие, мәселен 2009 жылы ол 1000 тұрғынға есептегенде 13 адамды құраса, 2013 жылы 1000 тұрғынға есептегенде 15 адамға дейін ұлғайды.



3-сурет. ҚР өңірлерінің 2009 – 2013 жылдардағы демографиялық көрсеткіштері.¹

Қазақстанда халық тығыздығы өте төмен. 2013 жылдың соңында ел ауданының бір шаршы километріне небәрі 6,3 адамнан келді. Ең жоғары халық тығыздығы Алматы (3768,8 адам/ш. км) және Астана (1163,5 адам/ш.км) қалаларында байқалады.

Қалған өңірлер арасында оңтүстік өңірінде негізінен Оңтүстік Қазақстан облысының есебінен халық тығыздығы неғұрлым жоғары. Халық тығыздығының ең төмен көрсеткіші елдің батыс өңірлеріне тиесілі.



4-сурет. 2009 – 2013 жылдардағы халық тығыздығы, адам/ш. км.²

Бұрын 2000 – 2009 жылдары Қазақстанда ішкі көші-қон ағындарының жыл сайын ұлғаюы мен қарқынының жеделдеуі байқалған болатын: егер 2000 жылы ол 276,7 мың адамды құраса, 2005 жылы 298,6 мың адамды, 2009 жылы 364,8 мың адамды құрады. Бірақ соңғы жылдары ішкі көші-қон ағынының біршама төмендегені байқалды, 2013 жылы ол 337,3 мың адамды құрады.

Сыртқы көші-қон ағыны да бірте-бірте қысқарып келеді. Егер 2009 жылы көшіп келушілер саны 41511 адам болса, 2013 жылы көшіп келушілер саны 42 %-ға 24105 адамға дейін қысқарды. Көшіп кетушілер саны 28,2 %-ға 2009 жылғы 33985 адамнан 2013 жылы 24384 адамға дейін қысқарды. 2013 жылы теріс көші-қон сальдосы бар-жоғы 279 адамды құрады, бұл елдің халық санының өзгеруіне мүлдем дерлік ықпал е т п е й д і .

ҚР өңірлері бойынша көші-қон ағындарын талдау көші-қонның ең көл ағынын оңтүстік өңір қамтамасыз ететінін көрсетті, бұл ең алдымен халық санының көптігімен, сондай-ақ халықтың неғұрлым ұтқырлығымен түсіндіріледі (1-қосымшаны қараңыз).

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


²Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

10-кесте – ҚР өңірлеріндегі 2013 жылғы көші-қон

Өңірлер	Көші-қон сальдосы	Қала халқы	Ауыл халқы
Қазақстан Республикасы	-279	39065	-39344
Ақмола	-1975	-577	-1398
Ақтөбе	-75	-559	484
Алматы	3725	-1075	4800
Атырау	186	1318	-1132
Шығыс Қазақстан облысы	-7211	1745	-8956
Жамбыл	-6431	1047	-7478
Батыс Қазақстан облысы	-589	2218	-2807
Қарағанды	-3484	1119	-4603
Қостанай	-2647	1555	-4202
Қызылорда	-2183	-266	-1917
Маңғыстау	4177	-1796	5973
Павлодар	-1816	2890	-4706
Солтүстік Қазақстан облысы	-4727	1462	-6189
Оңтүстік Қазақстан облысы	-10664	-3451	-7213
Астана қаласы	17877	17877	-
Алматы қаласы	15558	15558	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті


2013 жылғы деректер бойынша оң көші-қон сальдосы Астана мен Алматы қалаларында, Алматы мен Маңғыстау облыстарында байқалады, қалған өңірлерде көші-қонның азаюы байқалып отыр.



5-сурет. Өңірлердің көші-қонға бейімдігі, 2009 – 2013 жж.

2013 жылы жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) неғұрлым жоғары деңгейі елдің батыс өңірлерінде, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында байқалады. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің төмен көрсеткіштері Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында байқалады. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші бойынша ауқымды аумақтық саралану ел халқын қоныстандыруға айт арлықтай ықпал етеді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халқының үлесі жоғары өңірлер халықтың көші-қон ағынына анағұрлым бейім.



6-сурет. Көші-қон сальдосы және өзін-өзі жұмыспен қамтылған халық деңгейі, 2009 – 2013 жж.

Көші-қон процестері ширек ғасыр ішінде Қазақстан өңірлеріндегі халықтың этнодемографиялық құрылымын өзгертті. Қазақтардың ең жоғары үлесі Қызылорда (96 %), Атырау (92 %), Маңғыстау (90 %) облыстарында тұрады (2-қосымшаны қараңыз).

Осылайша, Қазақстандағы демографиялық жағдай өңірлік бөліністе әркелкі дамумен сипатталады. Оңтүстік облыстар адам неғұрлым көп қоныстанған өңірлер болып табылады және олардың халқы елдің экономикалық тұрғыдан неғұрлым дамыған өңірлеріне көшіп баруға мейлінше бейім. Бірақ халықтың көшіп кетуінің жоғары болуына қарамастан, жоғары табиғи өсімнің арқасында бұл өңір халқының саны жылдам қарқынмен ұлғаяуда.

Елдің солтүстік және шығыс облыстары, керісінше, халықтың табиғи өсімінің баяу қарқынымен сипатталады, бұл көшіп кету ағынымен бірге осы өңірлердің халық санын азайтады.

Экономикалық фактор (табыс деңгейінің төмендігі, мансаптық өсу перспективаларының болмауы) көші-қон туралы шешім қабылдауға ықпал ететін негізгі фактор болып табылады. Көші-қон ағындары жан басына шаққандағы ЖӨӨ айтарлықтай жоғары өңірлерге тартылады.

Урбандалудың неғұрлым жоғары көрсеткіші елдің шығыс өңірлерінде байқалады. Қала халқы үлесінің әлдеқайда төмен көрсеткіші елдің оңтүстік өңірлерінде байқалған.

Оңтүстік өңірлер (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары) халқының басым бөлігін ауыл тұрғындары құрайды, оларға халықтың 52,5 % - ы тиесілі.

Сондай-ақ, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары тұрғындарының 52,3 %-ы ауылдық аумақтарда шоғырланған, бұл осы өңірлердің аграрлық бағытын көрсетеді. Аталған өңірлердің ірі қалаларында барлық халықтың 25,7 %-ы, моноқалаларда - 14,2 %, шағын қалаларда – 7,8 % тұрады.

Батыс өңірлері халқының жартысы дерлік (49,5 %) қазіргі уақытта ауылдық жерлерде тұрады.

Қазақстанда урбандалу процесінің қарқыны жоғары емес. Қазақстанда урбандалу деңгейі 2014 жылдың басында 55 %-ды құрады. Елдегі урбандалудың ең жоғары көрсеткіші 1989 жылы тіркелген – 57,1 %.

Урбандалудың баяу қарқынына мынадай факторлар ықпал етеді:

1) өнеркәсіптік өндірістің баяу даму қарқыны (заттай мәндегі өнеркәсіптік өндіріс көлемінің қысқару үрдісі);

2) қалалар экономикасының постиндустриялық түрге баяу ауысуы (перспективалы жұмыстың болмауына байланысты шағын және орташа қалалардың көптеген тұрғындары неғұрлым ірі басқа қалалар мен өңірлерге, елдерге көшеді);

3) өңірдің басты қалаларын ауылдық аумақтармен біріктіретін өңіраралық және ішкі инфрақұрылымдардың дамымауы, сондай-ақ оған көшіп қонушыларды қабылдайтын қалалардағы инфрақұрылымның төмен деңгейін жатқызуға болады;

4) ауыл халқының көші-қон ағынының көрсеткіші.

Елдің одан әрі дамуы ел халқының кемінде 70 %-ын қалалық жерлерге шоғырландыруды талап етеді, бұл қазіргі заманғы постиндустриялық экономиканы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы халық саны аз болып отырған жағдайда таяу арада әлемдік деңгейдегі заманауи урбандалу орталықтарының шектеулі санын қалыптастыру қажет. Бірінші кезекте Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Өскемен қалалары Қазақстанның осындай орталықтарына айналуы мүмкін.

2. Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу

К ө л і к т і к и н ф р а қ ұ р ы л ы м

Жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) құрылымында қомақты үлеске ие бола отырып, көлік Қазақстанның ішкі экономикасының аса маңызды секторы болып табылады (2013 жылдың қорытындылары бойынша 6 %). Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі 2013 жылы 3,5 млрд. тоннаны, жолаушылар тасымалы 20 млрд. адамды құрады. Жүктер мен жолаушылар тасымалының негізгі үлесі автомобиль көлігіне тиесілі.

Автомобиль көлігі. Өз конфигурациясы мен ұзындығына қарай республикада жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдар желісі негізінен қалыптасқан. Қазақстанда автомобиль жолдарының тығыздығы 1000 шаршы км-ға 30,9 км құрайды және салыстырмалы түрде төмен болып табылады. Ұзындығы бойынша Қазақстанмен салыстыруға болатын бірқатар елдерде 1000 шаршы км. шаққанда автомобиль жолдарының тығыздығы жоғары: Ресейде – 44 км, Канадада – 90,5 км, Аустралияда –

1 0 5 , 6 к м , А Қ Ш - т а – 6 7 0 к м .

Автомобиль жолдарының тығыздығы ел өңірлері бойынша айтарлықтай ерекшеленеді (Солтүстік Қазақстан облысында 1000 шаршы км. шаққанда 72,6 км-дан Қызылорда облысында 12,4 км-ге дейін).

Қазақстанда жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 2013 жылғы жағдай бойынша 96,9 мың км құрайды, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 23,7 мың км, жергілікті маңызы бар жолдар – 73,9 мың км.

11-кесте – Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы және қатты жабындысы бар жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі

Өңірлер	Жолдардың ұзындығы, мың км		Қатты жабындысы бар жолдардың ұзындығы, мың км		Қатты жабындысы бар автомобиль жолдарының үлесі, %	
	2009 жыл	2013 жыл	2009 жыл	2013 жыл	2009 жыл	2013 жыл
Қазақстан	73,3	73,3	62,3	63,0	85	85,9
Ақмола	5,6	5,6	5,6	5,6	100	100
Ақтөбе	4,1	4,7	3,3	3,6	80,1	77
Алматы	6,9	7,0	6,8	6,8	98,6	97
Атырау	1,8	2,0	1,3	1,3	72	65
Шығыс Қазақстан	8,5	8,4	7,6	7,6	89	90
Жамбыл	4,1	4,1	4,0	4,0	98	98
Батыс Қазақстан	5,2	5,3	3,4	3,5	65,4	66
Қарағанды	6,0	6,0	6,0	6,0	100	100
Қостанай	8,1	8,1	6,5	6,5	80	80
Қызылорда	2,3	2,3	1,7	1,7	74	74
Маңғыстау	1,4	1,51	1,3	1,4	93	93
Павлодар	4,2	4,2	3,4	3,4	81	81
Солтүстік Қазақстан	7,5	7,5	5,5	5,7	73	76
Оңтүстік Қазақстан	7,5	6,4	5,8	6,0	77	94

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті және «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ есептеулері

Қазақстан өңірлерінің едәуір бөлігінде қатты жабындысы бар автомобиль жолдарының үлесі жоғары. Қатты жабындысы бар автомобиль жолдарының үлесі Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында төмен.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – ИДМ) деректері бойынша жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының орта есеппен 66 %-ы 2013 жылдың қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық күйде, ол 2009 жылы – 49 %-ды құрады. Осылайша, жергілікті маңызы бар жолдардың 34 %-ының жай-күйі қанағаттанарлықсыз деп бағаланады.

2013 жылы жолаушыларды автомобиль көлігімен тасымалдау көлемі – 20 млрд. адамды, жолаушылар айналымы 205,4 млрд. жкм. құрады. 2013 жылы жүк тасымалдау

көлемі артып, 2,9 млрд. тоннаға, жүк айналымы 145,3 млрд. тоннаға жетті.

Транзиттік тасымалдар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, Қытай арасында өтеді. Автомобиль транзитінің негізгі көлемі (шамамен 86 %) Қытайда қалыптастырылады. Орта Азия республикалары (шамамен 3,8 %) мен Ресейдің (4,6 %) үлесі айтарлықтай төмен. Қалған елдердің транзиттік тасымалдардағы үлес салмағы шамамен 6,3 %-ды құрайды.

Автомобиль көлігіндегі негізгі проблемалар:

1) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының, сондай-ақ көпірлер жай-күйінің нашарлығы;

2) елдің батыс және солтүстік, батыс және орталық өңірлері арасында тікелей автомобиль қатынасының болмауы;

3) республикалық және жергілікті жолдар желісі бойынша пайдалану ұйымдарында жол-пайдалану техникасымен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі және оның тозуы;

4) аса маңызды бірқатар автомобиль жолдарының өткізу қабілетінің төмендігі.

Теміржол көлігі. Қазақстанның теміржолдарының пайдаланылатын ұзындығы 14,2 мың км құрайды (оның ішінде, екі жолдық желілер – 4,8 мың км (34 %), электрмен жабдықталған желілер – 4,1 мың км (29 %)).

Қазақстанда жылжымалы құрам паркінде 2 мың бірлікке жуық локомотив және 90 мыңнан астам жүк вагондары бар, олар жүк тасымалдарындағы қажеттіліктердің бәрін өтеу үшін жеткіліксіз. Жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімі және техникалық жай-күйі бойынша істен шығуы жаңару қарқынынан айтарлықтай алда. Қазір қолданылып жүрген жолаушылар вагондары паркінің жұмыс істеу қабілетін сақтап тұру үшін толықтай тозуы себебі бойынша істен шығатын 3 мыңға жуық вагонды жыл сайын ауыстыру қажет. Қазақстанның меншігінде 5,2 мың (қажеттіліктің жартысы) астық тасығыш бар. Жетіспейтін астық тасығыштар Ресейден жалға алынады. Алайда, перспективада әлеуметтік маңызы бар жүкті сату үшін жылжымалы құрамның жетіспеуі шешілуге тиіс.

2013 жылы 293,7 млн. тонна тасымалданған, 2009 жылмен салыстырғанда жүк тасымалы көлемінің өсуі 46 млн. тоннаны құрайды. Теміржолдар үшін жалпы көлемнің ішінен тас көмір (36,8 %), мұнай жүктері (11,6 %), темір және марганец кені (10,5 %) негізгі жүк түрлері болып табылады.

Алайда, соңғы жылдар ішінде басқа көлік түрлерімен тасымалдау көлемі теміржол көлігімен тасымалдау көлеміне қарағанда едәуір жылдам өсті. 2001 жылдан бастап теміржол көлігімен жүк тасымалдау үлесінің қысқаруы Қазақстанның теміржол жүк тасымалының бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

2009 жылы Қазақстанның теміржолдары 20,5 млн. жолаушы, 2013 жылы 28,6 млн. жолаушы тасымалдады, бұл 2009 жылғы деңгейден 8,1 млн. жолаушыға артық, бұл ретте жолаушылар айналымы да өсіп, 2013 жылы 20,6 млрд. жкм. құрады.

2000 – 2014 жылдары жалпы ұзындығы 1989 км жаңа теміржол учаскелері салынды.

Қазақстан негізінен ТМД мемлекеттерімен шектеседі, олардың (Қазақстандікі де) теміржол желісі ортақ пайдалану талаптарын ескере отырып, ортақ техникалық стандарттар бойынша жобаланып, салынды. Бұлардан Достық шекара пункті ғана өзгеше, мұнда қазақстандық теміржол желісі теміржол табаны едәуір тар («батыс еуропалық» деп аталатын) Қытайдың теміржол желісімен түйісуі жүзеге асырылады. Сондықтан жүктерді Қазақстан-Қытай шекарасы (Достық – Алашанькоу шекара өткелі) арқылы тасымалдау жол табанының енін өзгерту бойынша қосымша операцияларды орындаумен ұштасады. Достық станциясы арқылы өтетін халықаралық тасымалдардың 80 %-дан астамын экспорт құрайды, оның құрамында металл сынығы, қара металдар, ш и к і м ұ н а й б а с ы м .

Әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанның теміржол желісімен қамтамасыз етілуін талдау аумақтың 1000 шаршы км есептегенде желі тығыздығы бойынша едәуір артта қалып отырғанын көрсетеді (1000 шаршы км-ге 5,5 км).

Мыналар теміржол көлігі инфрақұрылымында шектеулері көп өңірлер болып табылады: Батыс Қазақстан облысы, мұнда теміржолдардың тығыздығы республикалық орташа деңгейдің 51,5 %-ын, Қызылорда облысында – 60,7 %-ын, Шығыс Қазақстан облысында – 77,6 %-ын, Қарағанды облысында – 82,4 %-ын, Ақтөбе облысында – 87,3 %-ын құрайды.

Алматы облысында және Алматы қаласында Алматы торабының шамадан тыс жүктелуі біршама шектеу болып табылады: Алматы-1 және Алматы-2 станциялары өзінің техникалық параметрлері бойынша үздіксіз өсу үстіндегі жүк ағынын қабылдай а л м а й д ы .

Маңғыстау облысында барлық теміржол учаскелерінің жолы бір табанды болуы және электрмен жабдықталмау фактісі теміржол қатынасы саласындағы шектеу болып т а б ы л а д ы .

Теміржол кешенінің инфрақұрылымы екі фактордың ықпалымен қалыптасқан: біріншіден, бұл өңіраралық және республикааралық тасымалдардың өсуі, екіншіден, транзиттік жүк ағындарының өсуі. Сонымен қатар, Қазақстанда осы уақытқа дейін республика облыстары арасында жүк тасымалына арналған теміржол желісі жеткілікті д а м ы м а ғ а н .

Қазақстанда теміржол көлігін дамыту перспективалары тармақталған көлік инфрақұрылымын қалыптастыруды және жаңа жүрдек жолдар салуды, сондай-ақ жылдамдық режимін ұлғайту үшін қазіргі жолдардың жай-күйін жақсартуды көздейді.

Теміржол көлігі саласындағы негізгі проблемалар:

1) теміржол көлігінің негізгі құралдарының едәуір дәрежеде физикалық және м о р а л ь д ы қ т о з у ы (6 3 %) ;

2) жылжымалы құрам паркінің (локомотивтер, электровоздар, тепловоздар, астық т а с ы ғ ы ш т а р , в а г о н д а р) т а п ш ы л ы ғ ы ;

3) теміржол желілерінің кейбір бөліктері Ресей аумағы арқылы өтеді;

- 4) ел аумағы бойынша жүктерді тасымалдау жылдамдығының төмендігі (50 км/сағ);
- 5) теміржолмен тасымалдау процестерін ұйымдастыру тетіктерінің жетілмегендігі;
- 6) жүк тасымалдау кезіндегі жоғары шығындар;
- 7) жүрдек теміржол желісінің болмауы;
- 8) контейнер тасымалдарының нашар дамуы.

Әуе көлігі. Қазіргі уақытта Қазақстанда 23 әуежай жұмыс істейді, оның ішінде 17 әуежайға халықаралық ұшуға рұқсат берілген (12-сі ИКАО халықаралық талаптарына сәйкес келеді).

2011 жылдан бастап жолаушылар ағынының ұлғайғаны байқалады, 2013 жылы әуе көлігімен 4,9 млн. адам тасымалданған.

2009 жылы жүктерді тасымалдау көлемі жылына 22,0 мың тоннаны құрады, 2013 жылы 23,9 мың тоннаға дейін ұлғайды.

Әуежайлар желісінің жұмыс істеу қауіпсіздігі мен тиімділігі олардың жерүсті инфрақұрылымының жай-күйіне байланысты. 2010 – 2013 жылдар аралығындағы кезеңде 5 әуежайдың (Ақтау, Қызылорда, Көкшетау, Тараз, Талдықорған) ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау мен жаңғырту жүргізілді.

Семей, Қостанай, Петропавл қалаларының әуежайларында ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау, Атырау қаласының әуежайында жолаушылар және жүк терминалдарын салу қажет екенін талдау көрсетіп отыр.

2013 жылы республикалық бюджеттен 1,5 млрд. теңге сомаға әлеуметтік маңызы бар 10 ішкі рейс (Астанадан Жезқазғанға, Павлодарға, Петропавлға және Семейге, Алматыдан Петропавлға, Көкшетауға және Үржарға, Қарағандыдан Өскемен мен Қызылордаға, сондай-ақ Көкшетаудан Шымкентке) субсидияланды.

Азаматтық авиация саласындағы негізгі проблемалар:

- 1) өңірлік әуе кемелері паркінің ескіруі;
- 2) ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау қажеттігі;
- 3) авиациялық персоналдың тапшылығы;
- 4) көптеген әуе жайлардың техникалық жарактандырылуының жеткіліксіздігі.

Су көлігі. Ішкі су көлігінің көлік жұмысының жалпы көлеміндегі үлес салмағы төмен. Қазақстанның кеме қатынасы үшін ашық су жолдарының ұзындығы 4151 км құрайды. Кеме қатынасына жарамды су жолдарын Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле және Есіл өзендері, Бұқтырма, Өскемен, Шүлбі, Қапшағай су қоймалары, Балқаш және Зайсан көлдері құрайды. Жүк тасымалы негізінен Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында жүзеге асырылады. Жайық өзені экожүйесінің қанағаттанарлықсыз жай-күйі кеме қатынасын мүлдем дерлік тоқтатуға алып келді. Қазақстанның ірі өзендері трансшекаралық болып табылады және оларды пайдалану үкіметаралық келісімдермен реттеледі.

2013 жылы кеме көлігімен 1,1 млн. тонна жүк тасымалданған. 2009 – 2013 жылдары жүк тасымалдау серпінінің үрдісі белгілі бір өсумен сипатталса, жүк айналымының

көлемі төмендеу үрдісіне ие.

Тұрақты жолаушылар тасымалдары Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында жүзеге асырылады. Ішкі су жолдарымен жолаушыларды тасымалдау көлемі 2008 жылдан бері 0,1 млн. адам деңгейінде қалып отыр.

Су көлігінің бүгінгі проблемалары:

- 1) Қазақстанда сауда жүргізуге жеткілікті жеке флоттың болмауы;
- 2) жеткілікті тасымал көлемінің болмауы;
- 3) көрсетілетін қызметтердің тұтас кешенін ұсына алатын қазіргі заманғы көлік-логистикалық орталықтардың, қойма инфрақұрылымының тапшылығы;
- 4) қазақстандық кеме жөндеу базаларының болмауы;
- 5) Қазақстанда су көлігі үшін кадрлар даярлаудың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жүйесінің болмауы.

Тұтастай алғанда, көлік саласының барлық түрлері мейлінше серпінді даму үстінде және жақсы әлеуетке ие.

Үздік көлік желісі бар дамыған елдердің тәжірибесі бәсекеге қабілетті көліктік инфрақұрылымды қалыптастыру қазіргі заманғы инновациялық материалдар мен технологияларды енгізе отырып дамуға тиіс екендігін көрсетеді.

Теміржол көлігінде тармақталған көлік инфрақұрылымын қалыптастыру және жаңа жүрдек жолдарды салу, сондай-ақ жылдамдық режимін ұлғайту үшін қолданыстағы жолдардың жай-күйін жақсарту қажет. Бұл ретте жүктерді контейнермен тасымалдауды озық қарқынмен дамыту, жүк тиеу-түсіру жабдығын жаңарту орынды.

Азаматтық авиацияның инфрақұрылымын жақсарту үшін әуежайлар мен ұшу-қону жолақтарын дамыту, оларды жаңартуды, реконструкциялауды техникалық жеделдету, терминалдарды техникалық жарақтандыру және әуежай кешендерінің техникалық-пайдалану жағдайын ИКАО талаптарына сәйкестендіру жөніндегі іс-шаралар кешені талап етіледі. Сондай-ақ алдағы уақытта Алматы қаласында қосымша әуежай салу, Шымкент және Ақтау әуежайларын халықаралық транзиттік тасымалдар үшін перспективалы ауысып отыру тораптары ретінде мамандандыру қажет.

Қазақстанның автомобиль саласында халықаралық көлік дәліздері желісін дамытуға, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды салуға және реконструкциялауға басым назар аударылуға тиіс. Автокөлікті ұйымдастыруда және басқаруда, автокөлік сервисінде, логистикада, автожолдарды салуда және жөндеуде жұмыс істейтін кәсіби мамандарды даярлауды және қайта даярлауды жетілдіру автокөлікті перспективалы дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Әлемдік практика су көлігінің энергияны барынша аз пайдаланатын көлік ретінде бағаланатындығын, сондықтан көліктік құрамды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ табиғатқа барынша экологиялық жүктеме аз түсіретін арзан көлік түрі екендігін дәлелдейді. Су жолдары және өзен порттары инфрақұрылымын дамыту

халықаралық көлік дәліздері арқылы тасымалдарды қамтамасыз етуге қызмет етеді. Сондықтан су көлігі саласында, ең алдымен өзен порттарын реконструкциялау және жүк ағындарының жаңа түрлерін игеру үшін мамандандырылған порт қуаттарын құру жолымен порт қызметін реформалау талап етіледі. Сондай-ақ жүктерді өңдеу үшін жаңа айлақтар мен терминалдар салу, материалдық-техникалық базаны жаңарту және дамыту әрі су көлігі үшін білікті кадрлар даярлаудың және қайта даярлаудың заманауи жүйесін қалыптастыру қажет.

Осылайша, көлік кешені жүктер мен жолаушыларды тасымалдауда өңірішілік қажеттіліктерді ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның батыс, орталық және шығыс өңірлерінің көлікке қолжетімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Энергиямен қамтамасыз етілу Қазақстан Республикасы электр энергиясымен қамтамасыз етілу тұрғысынан өзін-өзі жеткілікті қамтамасыз ете алады.

Солтүстік және Орталық Қазақстан энергия артықшылығы бар өңірлер болып табылады: электр энергиясы мен қуаттардың артығы оңтүстік өңірлерге беріледі. Ресей мен Беларуське электр энергиясын экспорттау әлеуеті бар.

Оңтүстік Қазақстанда жеткілікті бастапқы энергетикалық ресурстар жоқ және оның электр энергетикасы әкелінетін көмір мен газ импортына негізделеді. Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына қажеттілігі меншікті энергия көздері және Солтүстік және Орталық Қазақстан энергия көздерінен электр энергиясын жеткізу есебінен жабылады.

Батыс Қазақстан өз-өзін қамтамасыз ете алады: өңірде электр энергиясының тапшылығы жоқ, тек маневрлік қуаттардың тапшылығы бар, ол Қазақстан және Ресей энергия жүйелерінің қатар жұмысының шеңберінде Ресейден реттеуші қуаттарды импорттау есебінен жабылады. Батыс өңірде көмірсутек отынының меншікті қорлары бар.

Қазіргі уақытта электр энергиясы саласының проблемалы мәселелері:

- 1) генерациялау жабдығының парктік ресурсының ұзақ уақыт жұмыс істеуі (генерациялау қуаттарының шамамен 41 %-ы 30 жылдан астам жұмыс істеген);
- 2) өңірлік электр желілік компаниялардың электр желілерінің тозуының жоғары дәрежесі (~ 65-70 %) болып табылады.

Электр энергетикасы саласын тиімді дамыту жолымен экономиканың орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы генерациялау қуаттарын жаңғырту, реконструкциялау және жаңаларын салу қажет.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінің зор әлеуеті бар. Отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға келеңсіз әсерді азайту, сондай-ақ Қазақстанның БЭЖ-імен электрлік байланыстары нашар өңірлердің тұтынушыларын электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында жаңартылатын энергия көздерін (жел энергетикасы, су энергетикасы, күн энергиясы) пайдалануды дамыту қажет.

Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін су жинау көлемі жылына 0,9 км³ құрайды, оның ішінде, қалалық жерлерде тұтыну 55 %-ды, ауылдық жерлерде тұтыну 11 %-ды құрайды, ал су беру кезіндегі шығындар – барлық су жинаудың үштен бір б ө л і г і н е ж у ы қ .

Қазақстанда жан басына шаққандағы коммуналдық қажеттіліктер үшін судың орташа тұтынылуы жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі ұқсас елдермен салыстырғанда төмен күйде қалып отыр және жылына 51 м³ құрайды, ал Түркия мен Ресейде тұтыну жылына 80-100 м³ құрайды. Тұтыну деңгейінің төмендігі негізінен халықтың сумен жабдықтау және су бұру желілерімен жеткілікті дәрежеде қ а м т ы л м а у ы н а б а й л а н ы с т ы .

2013 жылдың қорытындылары бойынша орталықтандырылған сумен жабдықтауға ауыл халқының 47 %-ы қол жеткізген, су бұру қызметтеріне қол жеткізу 10 %-ды құрайды. Қала халқының орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуі – 85 %-ды, су бұрумен қамтамасыз етілуі 78 %-ды құрайды.

Ел ауқымында тұтынушыға жеткенге дейінгі су шығындары бүкіл көлемнің 40 %-ға жуығын құрайды, ол халықаралық көрсеткіштерден айтарлықтай жоғары, мысалы, А Қ Ш - т а – 11 %, Р е с е й д е – 21 % .

ҚР ҰЭМ Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша су құбыры желілерінің басым бөлігі қанағаттанарлықсыз жағдайда, желілердің 64 %-ға жуығын күрделі жөндеу немесе т о л ы қ а у ы с т ы р у қ а ж е т .

Су бұру саласында қолжетімді ауызсудың жетіспеуіне байланысты және сарқынды суларды тазарту мәселелері бойынша жағдай орталық сумен қамтамасыз етудің қолданыстағы инфрақұрылымын техникалық қолдау және жөндеу саласында артта қ а л у м е н о д а н ә р і күрделене т ү с е д і .

Сумен жабдықтау объектілеріндегі авариялылық (1 километр желіге авариялар саны) 3,2 %-ды, су бұру желілерінде 2,6 %-ды құрады. Сумен жабдықтау желілеріндегі жоғары авариялылық Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында байқалады. Төмен авариялылық – Алматы мен Астана қалаларында. Қарағанды және Алматы облыстарында су бұру желілерінде авариялардың көп екендігі байқалған.

Тұтастай алғанда, халықты ауызсумен қамтамасыз ету бойынша мынадай п р о б л е м а л а р а н ы қ т а л ғ а н :

- 1) халықты, әсіресе, ауылдық жерлерде орталықтандырылған сумен қамтудың т ө м е н д і г і ;
- 2) сумен жабдықтау жобаларының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу д е ñ г е й і н і ñ ә л с і з д і г і ;
- 3) жерасты суларының қорларын растамай сумен жабдықтау жобаларын іске асыру;

4) сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға және реконструкциялауға кәсіпорындардың инвестициялық ресурстарының жеткіліксіздігі;

5) қолданыстағы сумен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдаланудың талап етілетін деңгейінің болмауы.

Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің сенімділігін арттыру үшін:

1) коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын мемлекеттік-жекешелік әріптестікті және жеке инвестицияларды ынталандыру ж о л ы м е н а р т т ы р у ;

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта (бұдан әрі – ТКШ) ресурстарды үнемдеу технологияларын пайдалануды ынталандыру;

3) БАҚ арқылы халықты ТКШ саласы кәсіпорындарының және басқарушы компаниялардың жұмысы туралы хабардар ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізу қажет

Әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу


Қазіргі заманғы қоғамда жалпы елдің және оның өңірлерінің дамуындағы аса маңызды орындардың бірі әлеуметтік инфрақұрылымның (денсаулық сақтау, білім беру саласы және тұрғын үймен қамтамасыз етілу) болуы және оның қолжетімділігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ел өңірлері бөлінісінде халықтың білім беру объектілерімен қамтамасыз етілуі

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту балалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Бұдан басқа, балаларды мектепке дейінгі мекемелерге беру мүмкіндігінің болмауы ата-аналардың еңбек қызметін шектейді.

2014 жылы мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің саны 727,4 мың баланы құрады және 2009 жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайды. Мектепке дейінгі ұйымдар саны 4568-ден 8764 бірлікке дейін өсті. Мұндай күрт өсу шағын орталықтар ашу, мектепке дейінгі жаңа ұйымдар салу есебінен жүзеге асырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдар санының ұлғаюына қарамастан, елде әсіресе ауылдық жерлерде, олардың балаларды қамту үлесінің төмен болып отыр (75,6 % – 3-6 жас, 50,1 % – 1-6 жас). 2014 жылы нақты мәнге 78,6 % деңгейінде қол жеткізілген, 3-6 жастағы 802,3 мың баладан 630,8 мың бала мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған. Сонымен бірге осы кезеңде 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту осы жастағы барлық балалардың 52,3 %-ын құрайды.



7-сурет – Қазақстан өңірлерінің бөлінісінде мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту.

Оңтүстік облыстар мен Астана және Алматы қалаларында мектепке дейінгі ұйымдардың барынша толық болуы және балаларды қамтудың төмендігі халық санының өсуінің жоғары қарқынына байланысты.

Өңірлерде орта білімге қолжетімділік пен оның сапасын арттыру бойынша белсенді шаралар жүргізілуде.

Қазіргі уақытта республикада 7 564 жалпы орта білім беру ұйымы жұмыс істейді, онда 2 685 063 адам оқиды, оның ішінде күндізгі жалпы орта білім беру мектептері – 7 222 (2 615 898 адам).

2012 – 2014 жылдар аралығындағы кезеңде күндізгі жалпы білім беру мектептерінің саны шағын жинақталған мектептердің жабылуы есебінен 180 бірлікке қысқарды. Бұл ретте, осы кезеңде оқушылардың саны 122,4 мың адамға ұлғайды.

Орта білім беру инфрақұрылымын дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа қарамастан, қазіргі уақытта 136 күндізгі жалпы білім беру мектебі авариялық жағдайда тұр, 95 мектепте оқыту үш ауысыммен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта республикада ТЖКБ 820 оқу орны жұмыс істейді, оларда 531,4 мың адам оқиды. Кадрларды даярлау 183 мамандық және 463 біліктілік бойынша жүзеге асырылады.

ТЖКБ жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық жарақталуы кадрларды даярлаудың сапасын қамтамасыз ете алмайды. Республиканың 23 ауданында оқу орындары мүлдем жоқ, оқитындардың 30 %-ы жатақханаға мұқтаж. Соңғы үш жылда 6 заманауи оқу орны енгізілді. ТЖКБ-ның оқу орындарының 60 %-ы ескірген жабдықтарды пайдалана отырып жұмыс істейді.

Ел өңірлері бөлінісінде халықтың денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілуі

Халықтың қалың бұқарасына жоғары сапалы және қолжетімді медициналық қызмет

көрсету мен емдеудің болуы қазіргі қоғамның базалық шарттарының бірі болып табылады. Елдегі медицинаның даму деңгейі қоғам тіршілігінің барлық салаларына т і к е л е й ы қ п а л е т е д і .

Негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер – туу, өлім және өмір сүрудің орташа ұзақтығы соңғы жылдары тұрақтанып, жақсарды. Индетті аурулар азайған. Алайда жалпы алғанда, ел халқының денсаулығы жай-күйінің сапалық сипаттамасы ауқымды және маңызды жақсартуды талап етеді.

2013 жылы республиканың денсаулық сақтау жүйесі жалпы саны 107,5 мың кереуеттік 995 стационарлық аурухана ұйымдарын; 6646 амбулаториялық-емханалық ұйымды қамтыды.

Халықтың аурухана кереуетімен қамтамасыз етілу көрсеткіші 2009 жылы 10 мың адамға 74,8-ді құрады, 2013 жылы аталған көрсеткіш 10 мың адамға 62,2 төсекке дейін төмендеді.

2009 – 2013 жылдар аралығындағы кезеңде дәрігерлермен қамтамасыз етілу 10 мың адамға шаққанда 37,4-тен 38,5-ке өсті, ал медициналық орта білімі бар мамандармен қамтамасыз етілу тиісінше 10 мың адамға 85,5-тен 98,8-ге өсті.

Сонымен бірге, кадр әлеуетінің өңірлер және елді мекендер бойынша біркелкі бөлінбеуін сипаттайтын медициналық кадрлар теңгерімсіздігі байқалады. Ауылдық жерлерде дәрігер кадрлармен қамтамасыз етілу көрсеткіші қалаға қарағанда 4 есе төмен. Қазақстан өңірлері бойынша дәрігер кадрларды бөлудегі әркелкілік өте жоғары болып сипатталады және 10 мың адамға шаққанда Алматы облысында 22,2-ден Астана қаласында 80,9-ға дейінгі көрсеткішті құрайды.

Ауылдық жерлерде медициналық ұйымдар орта медицина персоналымен толық қамтамасыз етілгенімен дәрігерлермен жасақталуы төмен болып отыр.

12-кесте – Аурухана кереуеттерімен және медицина персоналымен қамтамасыз етілу көрсеткіштері

10 000 адамға шаққанда

Өңір	Аурухана кереуеттерінің саны		Дәрігерлер саны		Орта медициналық персоналының саны	
	2009 ж.	2013 ж.	2009 ж.	2013 ж.	2009 ж.	2013 ж.
Қазақстан	74,8	62,6	37,4	38,5	85,5	98,8
Ақмола	95,8	72,3	29,6	30,5	92,2	105,4
Ақтөбе	72,5	56,9	44,9	46,4	78,1	93,2
Алматы	41,6	41,9	19,5	22,2	53,0	64,2
Атырау	70,8	59,1	29,6	32,7	77,1	91,3
Шығыс Қазақстан	90,6	74,9	41,1	41,6	97,6	106,4
Жамбыл	66,0	57,6	25,9	30,1	85,1	104,3
Батыс Қазақстан	82,7	72,1	32,0	35,2	101,3	116,1
Қарағанды	98,6	78,9	46,8	39,9	96,7	102,5
Қостанай	82,1	64,9	25,4	26,1	84,7	91,5

Қызылорда	83,4	69,9	31,5	35,6	109,2	132,5
Маңғыстау	68,4	54,3	32,5	32,1	80,6	96,9
Павлодар	87,7	76,2	39,0	41,3	90,9	110,5
Солтүстік Қазақстан	93,5	77,1	27,8	30,0	107,4	117,2
Оңтүстік Қазақстан	53,7	48,0	28,5	30,3	75,9	96,5
Астана қ.	82,9	79,0	78,7	80,9	95,2	117,4
Алматы қ.	87,7	66,9	74,9	69,7	94,2	95,2

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Республикада сәбилер өлімінің көрсеткіші төмендеу үрдісіне ие, айталық 2009 жылы бұл көрсеткіш 1000 туылғанға шаққанда 18,23-ке тең болса, 2013 жылы ол 11-ге д е й і н т ө м е н д е д і .

Ана өлімі көрсеткішінің 2000 жылы 100 мың туылғанға қатысты 60,9-дан 2009 жылы – 36,8-ге және 2013 жылы – 12,6-ға дейін айтарлықтай төмендегені байқалады. Ана өлімінің негізгі себептерінің бірі әйелдер денсаулығының төмен индексі болып т а б ы л а д ы .

Соңғы жылдары медициналық көмек сапасын және оның қолжетімділігін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар бірқатар жұқпалы және басқа аурулар бойынша халық денсаулығының жағдайын жақсартуда оң үрдістерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, алдағы кезеңде денсаулық сақтау саласында шешуді талап ететін міндеттер ішінде мыналарды бөліп көрсету керек:

1) дәрігерлермен қамтамасыз етілудің төмен болуы байқалады. Солтүстік облыстарда дәрігерлермен қамтамасыз етілудің төмен болуы олардың басқа елдерге көшіп кетуімен, ал оңтүстік облыстарда табиғи өсім есебінен халық санының жылдам өсу қарқындарымен түсіндіріледі. Бұл ретте, орта медицина персоналымен ең аз жасақталу Алматы облысында да байқалады (10 мың адамға 64,2);

2) мүгедектерге денсаулық сақтау қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін т е ң м ү м к і н д і к т е р ж а с а у ;

3) Ақмола (100 мың туылғанға 34,1), Атырау (100 мың туылғанға 25,3) облыстарында және Астана қаласында (100 мың туылғанға 17,7) ана өлімінің жоғары деңгейі сақталуда, Қызылорда (1000 туылғанға 15) және Жамбыл (1000 туылғанға 14) облыстарында ана өлімінің жоғары деңгейі сақталып отыр.

Әлеуметтік салада анықталған проблемаларды ескере отырып, бірінші кезекте білім берудің және денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын жақсарту, сондай-ақ елдің сапалы педагогикалық және медициналық мамандармен қамтамасыз етілуін арттыру қажет.

Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін бағалау

Қазіргі уақытта тұрғын үйдің болуы қазіргі заманғы қоғамның негізгі қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты бұл мәселеге мемлекет

үнемі аса жоғары мән береді.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда тұрғын үй қорының жалпы ауданы 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 336,1 млн. ш. метрді құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 24 %-ға немесе абсолютті мәнде 65,2 млн. ш. метрге ұлғайды.

Жыл сайын шамамен 6,5 млн.ш. метр жаңадан салынған тұрғын үй пайдалануға беріледі, бұл ретте құрылыстың неғұрлым жоғары қарқыны Астана және Алматы қалаларына тиесілі.

Бір тұрғынға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз етілу 2009 – 2013 жылдары 16,7 ш. метрден 19,6 ш. метрге өсті. Алайда, осыған қарамастан, аталған көрсеткіш дамыған елдердегі ұқсас көрсеткіштен 2-3 есе төмен. Айталық, АҚШ-та тұрғын үймен қамтамасыз ету шамамен 75 ш.м/адам, Ұлыбританияда – 62 ш.м, Германияда – 45 ш.м. құрайды. БҰҰ әлеуметтік стандарттары бойынша бір тұрғынға кемінде 30 ш.м келуге тиіс.

13-кесте – Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі

Өңір	Тұрғын үй қорының жалпы ауданы, мың ш. метр		Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, ш.м/адам	
	2009 ж.	2013 ж.	2009 ж.	2013 ж.
Қазақстан	270 923	336 061	16,7	19,6
Ақмола	13 263	16 168	18,0	22,0
Ақтөбе	11 853	15 092	15,5	18,7
Алматы	23 623	28 882	12,9	14,6
Атырау	7 258	11 407	13,9	20,1
Шығыс Қазақстан	26 343	26 821	18,8	19,2
Жамбыл	15 918	16 461	15,4	15,2
Батыс Қазақстан	9 906	11 734	16,4	18,8
Қарағанды	26 991	28 418	20,0	20,7
Қостанай	17 229	18 030	19,5	20,5
Қызылорда	10 440	12 875	15,2	17,4
Маңғыстау	6 106	9 591	12,1	16,3
Павлодар	14 691	16 026	19,7	21,3
Солтүстік Қазақстан	12 193	12 444	20,6	21,6
Оңтүстік Қазақстан	43 506	55 667	17,3	20,4
Астана қ.	10 696	19 529	16,5	24,0
Алматы қ.	20 907	36 908	15,0	24,5

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Өңірлік бөліністе тұрғын үймен ең жоғары қамтамасыз етілу Астана мен Алматы қалаларында (жаңа тұрғын үйдің белсенді салынуына байланысты), сондай-ақ солтүстік пен шығыс өңірлерде (осы өңірлерде халық санының қысқаруына байланысты) байқалады.

Тұрғын үймен ең төмен қамтамасыз етілу оңтүстік өңірлерде байқалады. Орташа республикалық деңгейден артта қалу құрылыс қарқынының осы өңірлердегі халық өсімінің жоғары деңгейіне жете алмауына байланысты.

Тұтастай алғанда, қарастырылып отырған саладағы басты проблемалар тұрғын үй салу қарқынының жеткіліксіздігі және оның құнының жоғарылығы болып табылады. Халықтың басым бөлігінің, әсіресе, жастар мен халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының жеке тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі жоқ.

Осыған байланысты Қазақстанда заманауи тұрғын үй салуды жеделдету қажет.

3. Өңірлерді экономикалық мамандануы, қоныстандыру жүйесі және экономикалық байланыстар сипаты бойынша жіктеу және талдау

Елдің өңірлік дамуының маңызды стратегиялық мәні бар. Орасан зор және адамдар сирек қоныстанған аумағы бола тұра Қазақстанда өңірлер арасында дамуда біршама теңгерімсіздік бар. Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық даму деңгейлерін салыстыру бір жағынан аса ірі агломерациялар (Астана, Алматы) мен негізгі мұнай өндіруші өңірлердің және екінші жағынан, елдің қалған өңірлерінің арасындағы жалпы өңірлік өнімнің (бұдан әрі – ЖӨӨ) жан басына шаққандағы көрсеткіштерінің айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді.

Жан басына шаққанда ЖӨӨ Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуы тұрғысынан ең көрнекі параметрлердің бірі болып табылады. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің тым әркелкі деңгейі халықтың ақшалай табысына және оның әлеуметтік жағдайына келеңсіз әсер етеді.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің даму деңгейлерінің саралануы өте жоғары және орнықты. Мұны өңірлердің жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіштерін ел бойынша он жылдан астам кезеңдегі орташа көрсеткішпен салыстыру көрсетіп отыр. Бұл ретте жетекші мұнай өндіруші өңірлердің жоғары көрсеткіштері әзірге өңіраралық ынтымақтастықты дамытуда маңызды түрткіге айналмады, себебі мұнай-газ бизнесінен түсетін табыстың негізгі бөлігі ең ірі агломерацияларда шоғырланады және өндіруші өңірлердің өзінде сұраныс көзіне айналмайды.

Қазақстан өңірлерінің даму серпіні жан басына шаққандағы ЖӨӨ тұрғысынан ең бәсекеге қабілетті өңірлер Атырау, Шығыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы және Астана қалалары болып табылатынын көрсетеді. Аталған өңірлерде жан басына шаққандағы ЖӨӨ республика бойынша орташа деңгейден асып түсетіні байқалады.

Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарының табиғи ресурстарға, яғни мұнайға, табиғи газға, металдарға бай болуына байланысты аталған өңірлердің ЖӨӨ елдің жан басына шаққандағы ЖІӨ-сінен жоғары. Алайда, бұл өңірлерде бәсекеге қабілетті соңғы өнім мүлдем дерлік жоқ. Бұдан басқа, Қазақстан мұнайы мен металдары басқа көптеген елдердің мұнайымен және металдарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз болып келеді, алайда әлемдік нарықта сұранысқа ие.

ЖІӨ өндірісінің құрылымы өңірлік сәйкессіздіктермен, ел аумағы бойынша

өндірістік күштерді орналастырудың әркелкілігімен және өңірлерді дамытудың әртүрлі деңгейімен айқындалады (1-қосымша).

Қазақстан бойынша ЖӨӨ серпіні оның көлемінің 2000 жылға дейін бүкіл реформалау жылдары төмендегенін көрсетеді, дегенмен жекелеген өңірлерде (Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы қаласы) ол оң нәтиже көрсеткен. Осы 6 өңірде 2000 жылы елдің ЖІӨ-нің 55,7 %-ы, ал 2013 жылы республика ЖІӨ-нің 54,4 %-ы өндірілген.

Тәуелсіздік жылдары мықты минералдық-шикізаттық базасы бар өңірлер елдің ЖІӨ-де өз үлесін ұлғайтты. Ауыл шаруашылығы өнімін, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге маманданған облыстардың (Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үлес салмағы барынша төмендеді.

2000 және 2009 жылдары ЖӨӨ ең жоғары мәнінен (Алматы қаласы) айырмашылық айқын болды, мәселен, ең аз айырмашылық Атырау облысы бойынша байқалды (Алматы қаласы ЖӨӨ деңгейінен тиісінше 47,5 % және 42,6 %) және ең үлкен айырмашылық Жамбыл (тиісінше 100 және 100) және Қызылорда облыстарында (тиісінше 100 % және 89,6 %) орын алды. 2009 – 2013 жылдары Жамбыл облысы айырмашылықты 98 %-ға дейін қысқартты. Алайда 2009 – 2013 жылдары өңірлер бойынша ең жоғары мәннен айырмашылықтың ұлғаюы Ақмола (96,6 %), Қостанай (90,2 %), Маңғыстау (80,2 %), Павлодар (86,2 %), Солтүстік Қазақстан (100 %) облыстары бойынша байқалады.

14-кесте – Өңірлер бойынша ЖӨӨ-нің ең жоғары мәнінен айырмашылық, %

Өңірлер	2000 жыл	2009 жыл	2013 жыл
Ақмола	-92,9	-93,8	-96,6
Ақтөбе	-83,1	-82,1	-81,3
Алматы	-81,3	-85,0	-84,0
Атырау	-47,5	-42,6	-49,6
Шығыс Қазақстан	-49,3	-77,5	-77,2
Жамбыл	-100,0	-100,0	-98,0
Батыс Қазақстан	-83,0	-83,2	-80,8
Қарағанды	-32,2	-58,7	-66,1
Қостанай	-71,7	-86,7	-90,2
Қызылорда	-100,0	-89,6	-89,1
Маңғыстау	-79,9	-73,1	-80,2
Павлодар	-69,3	-81,8	-86,2
Солтүстік Қазақстан	-96,2	-98,1	-100,0
Оңтүстік Қазақстан	-66,0	-79,6	-77,0
Астана қ.	-78,4	-63,8	-56,4
Алматы қ.	0,0	0,0	0,0

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері негізінде есептелген

Өңірлердің нарыққа әртүрлі бейімделуі салдарынан өңірлер арасында сараланудың күшеюі жалғасуда. Өңірлік сәйкессіздіктер жан басына шаққандағы ЖӨӨ өндірісінде де байқалады.

15-кесте – Өңірлердің жан басына шаққандағы ЖӨӨ-сінің орташа республикалық деңгейге қатынасы, %

Өңірлер	2000 жыл	2009 жыл	2013 жыл
Ақмола	61,1	68,0	64,4
Ақтөбе	100,7	106,5	112,9
Алматы	45,8	40,1	42,2
Атырау	316,4	360,2	321,8
Шығыс Қазақстан	91,1	67,0	73,9
Жамбыл	33,6	32,1	40,0
Батыс Қазақстан	112,5	129,8	148,7
Қарағанды	125,7	107,2	98,7
Қостанай	94,7	78,1	74,7
Қызылорда	55,0	88,7	93,4
Маңғыстау	231,8	209,9	160,9
Павлодар	124,0	110,4	102,8
Солтүстік Қазақстан	57,9	64,9	65,3
Оңтүстік Қазақстан	49,9	35,1	37,9
Астана қ.	175,3	201,5	200,3
Алматы қ.	210,3	217,5	215,8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері негізінде есептелген

Атырау облысы, жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық өндірісінен асып түсіп, басым позицияға (2000 жылы – 316,4 %, ал 2013 жылы – 321,8 %) ие болып отыр. Аталған көрсеткіш бойынша екінші орынға Алматы қаласы шықты (2000 жылы – 210,3 %, ал 2013 жылы – 215,8 %). Аталған көрсеткіш бойынша Жамбыл облысы ең төмен деңгейге (2000 жылы – 33,6 %, ал 2013 жылы – 40 %) ие.

Елімізге өңіраралық байланыстардың бірнеше түрі тән. Олардың кейбіреулері әлемнің көптеген елдеріне тән (орталық-шеткері аумақ түріндегі байланыстар мен өнеркәсіптік және аграрлық өңірлер арасындағы байланыстар), ал басқалары халықтығыздығы төмен және әркелкі қоныстандырылған (белдеулік байланыстар) аумағы кең ел ретінде Қазақстан Республикасына тән:

1) орталық-шеткері аумақ байланысы: тұтыну (ең алдымен азық-түлік) тауарларын жеткізу және елдің ең ірі агломерацияларының (Астана және Алматы қалалары) ауқымды нарықтарына жұмыс күшінің келуі, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің жаңа

түрлерін (кәсіби, тұрмыстық, рекреациялық) ірі орталық қалалардан «екінші деңгейдегі» қалаларға тарту ;

2) «индустриялық облыстар – аграрлық оңтүстік» байланыстары: өндірісі негізінен Қазақстанның солтүстігінде шоғырланған өңдеуші өнеркәсіп өнімінің (машина жасау, металл өңдеу, химия және т.б.), оңтүстік облыстардағы өңдеуші өнеркәсіп өнімін өткізу нарықтарына дистрибуциясы ;

3) ірі тұтыну нарықтарының өнім жеткізуші өңірлермен көліктік байланысуының артықшылықтарын пайдалануға сүйенетін белдеулік өзара іс-қимыл. Екі ірі агломерация Алматы мен Шымкентті бір-бірімен, сондай-ақ жаңа өсу аймағы (Қорғас АЭА) қалыптасып келе жатқан Қытаймен шекарадан бастап экономиканың өсуі трансшекаралық алмасумен, алайда көбіне бейресми секторда байланысқан Өзбекстанмен шекараға дейінгі шеткері аумақтарымен байланыстыратын көлік дәлізі шеңберінде оңтүстік даму белдеуі жақсы қалыптастырылған. Солтүстік белдеу әлдеқайда нашар дамыған ;

4) экспорттық салалар шоғырланған аудандардың экспорттық ресурстарды қайта өңдеуді дамытуға және дайын өнім дистрибуциясы тетіктеріне сүйенетін ішкі тұтыну аудандарымен жаңа байланыстары. Мұндай байланысқа мұнай мен газ өндіретін батыс облыстарда қайта өңдеу қуаттарын құру және мұнай өңдеу мен мұнай химиясы өнімдерін Қазақстанның басқа өңірлеріне (жеткізу аймақтары), онымен бір мезгілде осы өңірлердің жаңа өңдеу өндірістеріне еңбек ресурстарының келуімен дистрибуциялау, сондай-ақ импорт алмастырушы машина жасауды дамыту үшін солтүстік және шығыс облыстарда өндірілетін металлургия өнімін пайдалануды кеңейтудің әлеуетті мүмкіндіктері мысал болып табылады.

Бұдан басқа, оңтайлы өңірлік саясат жүргізу үшін елдің экономикалық аумақтарын жіктеу қажет .

Макроөңірлер – өздерінің экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша ұқсас өңірлер тобы.

Хаб-қалалар – ұлттық және өңірлік өзара іс-қимыл орталықтары: сауда-логистика және көлік, қаржы және кадр орталықтары, ақпарат пен технологияларды жеткізушілер .

Агломерация – тұрақты өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге байланыстармен өзара біріккен, сондай-ақ аумақтық бірігу үрдісіне ие бірнеше ядроқалалардың (полиорталықты) немесе бір орталықтың (моноорталықты) айналасына жақын орналасқан елді мекендердің урбандалған шоғырлануы.

Осы мақсатта қалалардың мынадай санаттарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) «бірінші деңгейдегі» қалалар (агломерациялар, хаб-қалалар);
- 2) «екінші деңгейдегі» қалалар (облыс орталықтары, облыстық маңызы бар ірі қалалар) ;
- 3) «үшінші деңгейдегі» қалалар (моно- және шағын қалалар).

Аймақтарға бөлудің 3 критерийі негізінде Қазақстан Республикасының алты макроөңірін бөліп көрсетуге болады:

16-кесте – Қазақстан Республикасының макроөңірлері

Макроөңір	Аймақтарға бөлу критерийлері		
	Экономикалық мамандану	Қоныстандыру жүйесі	Экономикалық байланыстар сипаты
Оңтүстік Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы облыстары	Ауыл шаруашылығы (жұмысы қарқынды кіші салалар); тамақ өнеркәсібі; Қызылорда облысында – мұнай өндіру	Оңтүстігінде тығыз аграрлық қоныстандырылған және қалыптасу үстіндегі Шымкент агломерациясы бар шөлейтті аудандарда сирек аграрлық қоныстандырылған полиорталықты аймақ	Сыртқы сұраныс көздеріне қол жеткізудің мүмкіндіктері шектеулі жергілікті нарықтарға бағдарлану (әсіресе, Қызылорда облысы үшін)
Солтүстік Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары	Металлургия (кен өндіру) , ауыл (астық) шаруашылығы	Ірі қала орталықтары шағындау салыстырмалы түрде тығыз қоныстандырылған аумақ	Қала орталықтары тарапынан сұраныс әлеуетін шектеулі пайдалану (халық табысының төмендігі салдарынан)
Батыс Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары	Мұнай-газ өндіру, Ақтөбе облысында да – түсті металл кенін өндіру , ауыл шаруашылығы	Өркелкі қоныстану, әлеуетті ірі қалалық агломерация ретіндегі Атырау (15-20 жылғы перспективада халықтың белсенді көші-қоны ағыны жалғасқан кезде)	Тауар ағындарының төмен белсенділігі және моносалалық сипаты аумақтың жеткіліксіз инфрақұрылымдық байланыспен үйлесімде
Орталық Шығыс Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары	Металлургия, көмір өнеркәсібі, электр энергетикасы	Өнеркәсіптік қалалар (әлеуетті – 15-20 жылғы перспективада – Павлодар-Ақсу агломерациясымен) мен сирек қоныстандырылған аграрлық шеткері аумақтардың үйлесімі	Қала орталықтары тарапынан сұраныс әлеуетін шектеулі пайдалану (халық табысының төмендігі салдарынан)
Астана Астана	Әкімшілік, іскерлік, қаржылық және білім беру қызметтері	Елорда орталығы сирек қоныстандырылған аграрлық шеткері аумақтардың жағдайында өнеркәсіптік маманданған екінші қатардағы орталықпен (Қарағанды) толықтырылады	Елорда агломерациясы тарапынан нарықтық сұраныстың орталық – шеткері аумақтар моделі
Алматы Алматы	Іскерлік, қаржылық және білім беру қызметтері; машина жасау; фармацевтика; ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі	Ең ірі агломерация және әлсіз дамыған (негізінен аграрлық) шеткері аумақтар	Алматы агломерациясы тарапынан нарықтық сұраныстың орталық – шеткері аумақтар моделі

Аумағының ауқымы мен халық тығыздығының төмендігі ескеріле отырып, Қазақстан экономикалық, табиғи және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша ұқсас макроөңірлер бөлінісінде қарастырылады. Мысалы, елдің барлық оңтүстік облыстары (Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл) халқының көптігімен және тығыз орналасуымен ерекшеленеді. Солтүстік өңірлерде (Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан), керісінше, халық саны аз және халықтың тығыздығы төмен. Батыс облыстарға (Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан) үлкен шикізат

бағыттылығы тән. Елдің орталық-шығыс бөлігінің өңірлері (Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар) дамыған өнеркәсібімен ерекшеленеді. Астана және Алматы қалалары дамудың салыстырмалы көрсеткіштеріне қарай жекелеген өңірлер ретінде б ө л і н е д і .

Макроөңірлік кеңістік ерекше сапалы сипаттамалары бар өңірлердің шаруашылық кеңістіктерін біріктіреді.

Оңтүстік макроөңір мынадай ерекше сипаттамалары ескеріле отырып, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Қызылорда облыстарын қамтиды:

1) Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары тамақ өнеркәсібіне және құрылыс материалдары өндірісіне мамандандырылады;

2) Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары мал шаруашылығына және мақта өндірісіне мамандандырылады.

Тірек қалалар: Тараз, Шымкент, Талдықорған, Қызылорда.

Осылайша, оңтүстік макроөңірі ең серпінді өңірлер қатарына жатады, ол қарқынды (әлеуетті) дамушы Шымкент агломерациясының болуымен және жеміс-көкөніс өнімі өндірісіне мамандандырылатын жоғары бәсекеге қабілетті кластерді құрумен айқындалады. Макроөңір «индустриялық-аграрлық» түрдегі байланыстар жүйесіне (ең алдымен солтүстіктің индустриялық өңірлерімен) белсенді қатысады; Шымкенттің айналасында орталық шеткері аумақтар байланыстар қалыптастыру белсенді жүргізілуде. Макроөңір облыстарының өңіраралық ынтымақтастығын дамытуда, сол сияқты макроөңірдің өзін дамытуда да Алматы өңірімен (Алматы – Тараз – Шымкент бағыты) белдеулік байланыстарды одан әрі нығайту қағидатты мәнге ие, оның көмегімен макроөңірдің ауыл шаруашылық өнімі елдің ең ірі қалалық агломерациясына қ о л ж е т к і з е д і .

Солтүстік макроөңірі Қостанай, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын қамтиды, себебі аталған өңірлер астық шаруашылығы мен мал шаруашылығына, тамақ өнеркәсібіне, ауыл шаруашылық техникасын құрастыруға мамандандырылған.

Тірек қалалар: Қостанай, Көкшетау және Петропавл.

Қазіргі уақытта солтүстік макроөңір «индустриялық-аграрлық» түрдегі байланыстар жүйесіне, сондай-ақ экспорттық салалар өнімін қайта өңдеуге сүйенетін байланыстарға белсенді қосылған. Екі жағдайда да оңтүстік макроөңірдің облыстарымен ынтымақтастық едәуір белсенді даму үстінде (машина-техника өнімі мен металл бұйымдарды, сондай-ақ ұн тарту өнеркәсібі өнімдерін қайта өңдеу және экспорттау үшін ең алдымен оңтүстік бағытта, кейіннен Өзбекстан мен Ауғанстанға жеткізу). Өңдеуші өндірістерді дамыту үшін Астана – Қостанай, Көкшетау – Петропавл, Петропавл – Астана белдеулері бойынша Астана өңірімен өзара іс-қимыл жасаудың қағидатты мәні бар. Тұтыну сұранысы шоғырланған аймақтардың рөлін атқаратын ірі қалалық агломерациялардың болмауының салдарынан таяудағы 10-15 жылда айқын орталық – шеткері аумақтар байланыстарын қалыптастыру мүмкіндігі төмен.

Батыс макроөңірі мынадай ерекше сипаттамалары ескеріле отырып, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарын қамтиды:

1) Атырау және Маңғыстау облыстары мал шаруашылығына және мұнай-газ өнеркәсібіне мамандандырылады;

2) Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары астық шаруашылығына, мал шаруашылығына, тамақ және мұнай-газ өнеркәсібіне мамандандырылады.

Тірек қалалар: Атырау, Ақтау, Ақтөбе және Орал.

Қазіргі уақытта батыс макроөңірі өңіраралық ынтымақтастық процестеріне, ең алдымен, энергетикалық ресурстарды жеткізу жүйесі арқылы қосылған. Макроөңір ішінде өңіраралық ынтымақтастықты дамытудың негізгі әлеуеті Атырау-Ақтау, Атырау-Орал бағыттары бойынша белдеулік байланыстарды қалыптастырумен байланысты, ал басқа макроөңірлермен ынтымақтастық жасасу тиісті өндірістерді қосылған құнның өңіраралық тізбектеріне қоса отырып, экспорттық салалардың ішкі сұраныс көздеріне өсіп келе жатқан бағдарлануы негізінде, ең алдымен мұнай-газ шикізатын (мұнайды қайта өңдеу, мұнай химиясы өнеркәсібі, тыңайтқыштар мен пластиктер өндірісі) қайта өңдеуді дамыту арқылы құрылады.

Орталық-Шығыс макроөңірі Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарын қамтиды, себебі аталған өңірлер руда өндіруге, түсті металлургия өндірісіне, көмір өнеркәсібіне, мал шаруашылығына мамандандырылады.

Тірек қалалар: Өскемен, Қарағанды және Павлодар.

Ескі индустриялық аймақ пен астық тауары өндірісінің сипаттамаларын қамтитын макроөңір (Павлодар облысы) өңіраралық байланыстарды дамыту тұрғысынан барынша проблемалы болып табылады. Тұтыну сұранысының қуатты орталықтарының болмауына байланысты орталық-шеткері аумақтардың байланыстары әлсіз дамыған; Қазақстан Республикасында түсті металлургия өніміне елеулі сұраныстың болмауын, сол сияқты төмен бөліністі металлургия өндірістерінің ескірген технологиялық базасын ескере отырып ықтималдығы аз «индустриялық-аграрлық» түрдегі байланыстарды қалыптастыру және экспорттық салаларды ішкі сұраныс көздеріне бағыттау. Негізінен, Павлодар – Семей – Өскемен бағыты бойынша белдеулік байланыстарды қалыптастыруға үміт артылып отыр. Алайда, бұл белдеу макроөңір ішінде тұйықталғандықтан, өңіраралық ынтымақтастықты дамытудың мықты қозғаушы күші бола алмайды (ол үшін оны орталық макроөңір бағытымен Астанаға қарай жалғастыру қажет).

А л м а т ы қ а л а с ы

Алматы қаласында Алматы – Тараз – Шымкент белдеулік бойымен оны оңтүстік макроөңірмен байланыстыратын орталық – шеткері аймақ байланыстары жақсы дамыған. Орта және ұзақ мерзімді кезеңде тиісті байланыстарды дамыту серпіні ең алдымен Алматы агломерациясының даму қарқынымен айқындалатын болады, олар басым түрде инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге (энергиямен, сумен

қамтамасыз ету, көлік инфрақұрылымы), сапалы көрсетілетін қызметтер секторын қалыптастыруға (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және рекреация, заманауи сауда нысандары және қоғамдық тамақтандыру орындары) және аумақты тиімді пайдалану мақсатында сапалы қалалық жоспарлауға тәуелді болады. Алматы қаласы үшін байланыстардың басқа түрлерін 2030 жылға дейінгі кезеңде қалыптастыру күтілмейді.

А с т а н а қ а л а с ы

Астана қаласында серпінді астана агломерациясының өсу үстіндегі сұранысына негізделетін мықты орталық – шеткері аймақ басым. Сонымен бір мезгілде, Астана орталық-шығыс және солтүстік (Астана – Қостанай және Көкшетау – Петропавл) макроөңірлерін, ал ұзақ мерзімді перспективада (15 – 20 жыл уақыт шамасында) Алматы (Астана – Қарағанды – Алматы) макроөңірін де біріктіретін белдеулік байланыстарды қалыптастырудың ең перспективалы орталығы болып табылады. Қала үшін 2030 жылға дейінгі кезеңде басқа байланыс түрлерін қалыптастыру күтілмейді.

Макроөңірлер арасындағы айырмашылықтар орнықты сипатқа ие және бір макроөңірге кіретін өңірлер арасында және әртүрлі макроөңірлерге жататын өңірлер арасында экономикалық өзара іс-қимыл ерекшелігін айқындайды.

17-кестеден көріп отырғанымыздай, елдің оңтүстігі халық көп қоныстандырылған макроөңір болып табылады, бұл ретте мұнда жан басына шаққандағы ЖӨӨ ең төмен. Елдің солтүстігінде тұратын халықтың саны бәрінен төмен. Макроөңірдің елдің ЖІӨ-дегі үлесі ең төмен. Орталық-шығыс макроөңір халықтың қоныстану деңгейі бойынша үшінші орында, алайда мұнда ел ЖІӨ-нің бестен бір бөлігі өндіріледі. Батыс өңірі халық саны бойынша үшінші орында тұр, ол жан басына шаққандағы ЖӨӨ ең жоғары бола отырып, елдің ЖІӨ-ге салымы бойынша көш басында тұр. Алматы және Астана жан басына шаққандағы ЖӨӨ деңгейі бойынша көш бастап тұр.

17-кесте – ҚР макроөңірлерінің негізгі көрсеткіштері

Макроөңір	Халық (млн. адам)	Елдің ЖІӨ-сіндегі үлесі, %	Жан басына шаққандағы ЖӨӨ (АҚШ долл.)
Оңтүстік	6,6	17	6 250
Солтүстік	2,2	9	9 200
Батыс	2,6	28	23 300
Орталық-Шығыс	3,5	20	12 140
Алматы қаласы	1,5	17	31 800
Астана қаласы	0,8	9	29 400

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Елдің макроөңірлерін дамытуда мынадай негізгі үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

О н т ү с т і к м а к р о ө н і р

Елдің оңтүстік өңірлерінің демографиялық жағдайы тұрақты жоғары табиғи

өсімімен (1 000 тұрғынға 17-24 адам), өмір сүру жасының күтілетін орташа және жоғары ұзақтығымен (шамамен 70 жас) сипатталады.

Барлық өңірлердегі халық саны айтарлықтай өсіп келеді. 2009 – 2013 жылдары оңтүстіктегі төрт өңірдің жалпы халық саны 470 мың адамды құрады.

Сондай-ақ халықтың көшіп кетуінің жоғары екені байқалады. 2013 жылы Қызылорда облысында 2,2 мың адам, Оңтүстік Қазақстан облысында – 10,6 мың адам, Жамбыл облысында – 6,4 мың адам. Тек Алматы облысында ғана көшіп келу байқалады – 2013 жылы 3,7 мың адам.

Оңтүстік макроөңір урбандалу деңгейінің төмендігімен сипатталады. Мәселен, Алматы облысында қала халқының үлесі бар болғаны 23,1 %-ды құрайды.

Тұтастай алғанда, оңтүстік макроөңір өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың ең жоғары үлесімен сипатталады. Мысалы, Жамбыл облысында өз бетінше жұмыспен қамтылу деңгейі 2013 жылы 51 %-ды, Оңтүстік Қазақстан облысында – 46,8 %-ды құрады.

Сондай-ақ, Алматы облысында қала және ауыл халқының жұмыспен қамтылу деңгейі арасында біршама сәйкессіздік байқалады.

Бұдан басқа, оңтүстік макроөңірдің барлық төрт өңірінде номиналды ақшалай табыстар мөлшері орташа республикалық деңгейден төмен. Алматы облысында бұл көрсеткіш орташа республикалық мөлшердің 88 %-ын, Оңтүстік Қазақстан облысында – 72,4 %-ды, Жамбыл облысында – 71 %-ды құрады.

Оңтүстік Қазақстан облысында елдегі барлық кедейлердің 32,3 %-ы тұрады. Бұл ретте кедейлік деңгейі 0,8 %-ды құрайды (Солтүстік Қазақстан облысынан кейін 2-орын), кедейліктің өткірлігі: 0,2 % (Солтүстік Қазақстан облысынан кейін 2-орын).

Жамбыл және Алматы облыстары тұрғын үймен қамтамасыз етілу бойынша соңғы орындарда – бір тұрғынға тиісінше небәрі 15,6 және 17,1 ш.м.

Оңтүстік макроөңір облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың қанағаттанарлықсыз жай-күйімен (Алматы облысында жолдардың 40 %), өңірлік әуе көлігінің ескірген паркіден және әуежайларда ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау қажеттігімен сипатталады.

Электр энергетикасы саласында электр энергиясының көптеп шығындалатынын байқалады (Алматы – 2013 жылы 2 094,2 млн. кВт*сағ). Сондай-ақ, оңтүстік макроөңірде өңірлік электр желілері компанияларының электр желілерінің тозу дәрежесінің жоғарылығын атап өту қажет (~ 65-70 %). Алматы облысына сумен жабдықтау желілерінің жоғары авариялығы тән – 3 403 бірл., Оңтүстік Қазақстан облысында – 2 332 бірл., Қызылорда облысында – 990 бірл. Осындай жағдай су бұру желілерінде де байқалады (Алматы – 1 488 бірл., Қызылорда – 233 бірл.). Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы аталған макроөңірде 2013 жылдың қорытындылары бойынша 60-65 %-ды құрайды (Алматы облысында 60 %-дан асады).

облысында 1000 адамға 11 адамнан Маңғыстау облысында 1000 адамға 26 адамға дейін
с и п а т т а л а д ы .

Маңғыстау облысын қоспағанда, барлық өңірлерде халықтың көшіп кетуі шамалы.

Тұтастай алғанда, аталған макроөңір халықтың жоғары табысымен сипатталады.
Мысалы, Атырау облысында номиналды ақшалай табыс мөлшері республикалық
д е ण г е й д е н 2 , 2 е с е ж о ғ а р ы .

Әлеуметтік салаға өңір бюджетінің 53 %-дан астамы тиесілі болғанына қарамастан,
әлеуметтік инфрақұрылымның жетіспеушілігі байқалады. Атап айтқанда, 3-6 жастағы
балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамту 78,6 % -ды ғана
қ ұ р а й д ы .

Батыс Қазақстан облысында өз бетінше жұмыспен қамтылған халық санының
көптігі байқалады – 40 %. Сондай-ақ Маңғыстау облысында жастар жұмыссыздығының
жоғары деңгейі сақталған – 7,5 % (ҚР өңірлері арасында 3-орын).

Батыс макроөңірінде қатты жабындысы бар автомобиль жолдарының ең төмен
тығыздығы байқалады (Маңғыстау облысында 1000 км²-ге 14,5 км, Ақтөбе облысында
– 18,2). Облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жағдайы
қанағаттанарлықсыз. Елдің солтүстік және орталық өңірлерімен арада тікелей
автомобиль қатынасы жоқ. Қазақстандық кеме жөндеу базаларының болмауы батыс
макроөңірдегі тағы бір проблема болып табылады. Бұл кеме жөндеу базасын салу
қажеттілігіне алып келеді, себебі Каспий теңізінің қазақстандық секторын (бұдан әрі –
КТҚС) игеру үшін мұнай операцияларын жүргізу кезінде әртүрлі типтегі 75 кеме
Түпқараған бұғазында тұрақтаған. Негізгі кеме жөндеу базалары Астрахань, Махачкала
, Ба ку пор т т а р ы н д а орналасқан.

Электр энергетикасында өңірлік электр желісі компаниялары желілерінің жоғары
тозу деңгейі байқалады (Батыс Қазақстан облысында электр желілерінің тозуы 79 %-
дан, ал ауылдық жерлерде 90 %-дан астам құрады). Осыған ұқсас жағдай басқа
коммуналдық желілер бойынша да орын алған:

1) сумен жабдықтау желілерінің тозуы Атырау облысында 53,8 %-ды, Батыс
Қазақстан облысында – 51 % ды құрайды;

2) Батыс Қазақстан облысында жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 52 %-ды
қ ұ р а й д ы ;

3) кәріздік сорғы станцияларының тозу деңгейі жоғары (Батыс Қазақстан
о б л ы с ы н д а – 7 5 %) .

Аталған макроөңірге сумен жабдықтау желілеріндегі жоғары авариялық тән (Ақтөбе – 896 бірлік, Батыс Қазақстан – 447 бірлік).

О р т а л ы қ - ш ы ғы с м а к р о ө ң і р

Орталық-шығыс макроөңірдің демографиялық ахуалы халықтың көптеп кетуімен
және халықтың табиғи өсімінің орташа көрсеткіштерімен сипатталады. 2013 жылы үш

облыс халқының көшіп кетуі 12,5 мың адамнан асты. Халықтың табиғи өсімінің коэффициенті орта есеппен 1000 тұрғынға 17 адамды құрады.

Өмір сүру жасының күтілетін төмен ұзақтығы Шығыс Қазақстан облысында – 69,5 жас болып айқындалды (ҚР өңірлерінің арасында 13-орын).

Шығыс Қазақстан облысында еңбек нарығы өз бетінше жұмыспен қамтылғандар үлесінің жоғары болуымен сипатталады – 31,8 % немесе 225 мың адам.

Орталық-Шығыс макроөңірі облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жай-күйімен сипатталады. Елдің батыс және солтүстік өңірлерімен арада тікелей автомобиль қатынасы жоқ. Өңірлік әуе кемелерінің ескірген паркі көлік инфрақұрылымы проблемаларының бірі болып табылады. Семей, Аягөз, Зайсан қалаларының әуежайларында ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау қажет.

Бұл ретте, Павлодар облысында электр энергиясы шығындары жоғары және 17482 млн. кВт*сағ, Қарағанды облысында – 450,82 млн. кВт*сағ. құрайды. Жылудың көп шығыны Қарағанды – 2125,7 мың Гкал, Шығыс Қазақстан – 950,2 мың Гкал. облыстарында анықталды. Аталған макроөңірде сумен жабдықтау желілерінде (Қарағанды облысында – 1934 бірл., Шығыс Қазақстан облысында – 1414 бірл., Павлодар облысында – 1034 бірл.); су бұру желілерінде (Қарағанды облысында – 2182 бірл., Шығыс Қазақстан облысында – 674 бірл.) және жылумен жабдықтау желілерінде (Павлодар – 59 бірл., Қарағанды – 34 бірл., Шығыс Қазақстан – 12 бірл.) жоғары авариялылық байқалады. Тұтастай алғанда, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозу дәрежесі жоғары.

Астана қаласы

Халықтың жоғары және бақыланбайтын көші-қон ағыны салдарынан елордада элеуметтік инфрақұрылымның өткір жетіспеушілігі қалыптасып отыр.

Астана қаласында жастар жұмыссыздығының деңгейі салыстырмалы түрде жоғары – 7,7 %.

Халықтың тұрғын үймен ең жоғары деңгейде қамтамасыз етілуіне (бір адамға 27,7 ш. метр) қарамастан, көші-қон ағынының жоғары деңгейіне және қаланың астана ретіндегі жоғары мәртебесіне байланысты қалада тұрғын үй бағасы өте жоғары және тиісінше халықтың қалың бұқарасы үшін тұрғын үйге төмен қолжетімділік қалыптасты.

Астанаға көліктік инфрақұрылымда жол кептелістері проблемасы мен жолдардың жүктемесін азайтатын көлік айрықтарының, көпірлердің жетіспеушілігі тән. Келесі проблема – бұл жол жабыны сапасының төмендігі және қаланың шетіндегі жолдардың қанағаттанарлықсыз жай-күйі. Бұл ретте, Астанада тұрақ орындарының тапшылығы бар.

Энергетика саласында электр энергиясының шығыны көп екені байқалады – 1250

млн. кВт*сағ. Астана сумен жабдықтау желілеріндегі авариялылықтың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді – 868 бірл.

А л м а т ы қ а л а с ы

Демография саласында халықтың табиғи өсімінің төмен деңгейі байқалады – табиғи өсім коэффициенті – 1000 адамға – 11,08 (ҚР өңірлері арасында 10-орын).

Алматы қаласында Қазақстан Республикасы өңірлері арасында ең жоғары жұмыссыздық деңгейі – 5,6 % (44,4 мың адам), сондай-ақ жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі (15-28 жас) – 8,5 % белгіленді.

Алматыға да көлік кептелістері проблемасы мен жолдардың жүктемесін азайтатын көлік айрықтарының, көпірлердің жетіспеушілігі тән. Сондай-ақ қала шетіндегі жолдардың жай-күйі қанағаттанарлықсыз. Энергетикада электр энергиясының үлкен шығындары – 1585 млн. кВт*сағ және жылудың көп шығыны байқалады – 1102,2 мың Гкал. Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы өте жоғары.

4. Елдің аумақтық даму ерекшеліктері

Қазақстанның тәуелсіздік алғанға дейінгі аумақтық дамуы бұрынғы КСРО-ның бірыңғай халық шаруашылығы кешенінің шеңберінде айқындалды және орталықтандырылған директивті жоспарлау негізінде жүзеге асырылды.

Нарықтық экономиканың жұмыс істеуі жағдайында экономикалық әлеуетті дамыту мен орналастыру және халықты қоныстандыру мәселелері негізінен нарықтық тетіктерімен айқындалады.

Негізінен, кеңестік кезеңде қалыптасқан елдің экономикалық әлеуетін орналастыру сақталып қалған ішкі экономикалық кеңістіктің ықпалдастырылмауы, экономика құрылымының қалыпсыздануы салдарынан оның дербес экономикалық жүйе ретінде тұрақты дамуының қазіргі заманғы қажетті талаптарына сай келмейді.

Бұдан басқа, елімізге әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде бір бағыттағы мамандану және көптеген өңірлердің бір бейінділігі, құрылымның қалыпсыздығы және экономиканың сақталып отырған ықпалдастырылмауы тән. Экономикада бір-бірімен салалық аспектіде де, аумақтық аспектіде әлсіз байланысқан экспорттық шикізат бағытының оқшауландырылған секторларымен және бәсекеге қабілеттілігі төмен өңдеуші өнеркәсібі бар биполярлық құрылым қалыптасты.

Оның негізгі себебі, елдің аумақтық дамуының экстенсивті дамуға тәуелділігі, яғни ресурстық-табиғи әлеует барынша пайдаланылады: бұл әлемдік нарықтың Атырау және Маңғыстау облыстарында өндірілетін көмірсутекті шикізатқа деген үлкен сұранысы және солтүстік пен оңтүстік астаналардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекше жағдайлары болып табылады.

Нарық талап ететін табиғи-шикізаттық ресурстардың Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстарында болмауы бәсекеге қабілетті адами капиталды, білімді, технологияларды құру үшін ұйымдастырушылық әлеуетті қалыптастыру қажеттігіне а л ы п к е л д і .

Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында көмірсутекті шикізаттың ірі қорлары бола тұра өңірлік факторды жалпы барынша пайдаланудың алғышарттары жасалмаған (табиғи ресурстардың көп құрауыштылығы, көпсалалық ауыл шаруашылық өндірісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау), бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың барынша төмен деңгейін айқындады.

Экономикалық жүйелердің өңіраралық саралануын тереңдету қоғамда әлеуметтік шиеленіс туғызып, күшейтеді, нәтижесінде және кейіннен өңіраралық алмасу жүйесінен шыға отырып, ресурстар мен соңғы өнімдердің таза тұтынушыларына айнала отырып, оларды ұстап тұру үшін бюджет шығыстарының өсуіне әкеле отырып, экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың депрессивті өңірлерден кетуі байқалады.

Өңірлердің аумақтық дамуының басты ерекшелігі жүйелік сипатқа ие мынадай элементтер болып табылады:

1) елдің негізгі экономикалық орталықтары арасындағы айтарлықтай арақашықтықтар, бұл көлік инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуымен бірге өңіраралық тасымалдардың жоғары көлік шығындарын туғызады;

2) көптеген облысаралық шекаралар бойынша тауар алмасуды дамыту әлеуетін барынша қысқартатын экономикалық шаралардың және көбіне шектес өңірлердегі экономикалық мамандану құрылымының саралау әлсіздігі;

3) жергілікті компанияларға (ең алдымен, шағын және орта бизнес субъектілеріне) бәсекеге қабілеттілікті арттыру және елдің басқа өңірлерінің нарықтарына шығу үшін өндіріс ауқымы әсерін пайдалануға мүмкіндік бермейтін астаналық агломерациялардан тыс өңірлік нарықтардың шектелген сыйымдылығы;

4) қазақстандық экономиканың көптеген салаларының негізгі әріптес елдермен (Қытай, ЕО елдері, Ресей және Беларусь) салыстырғанда төмен бәсекеге қабілеттілігі, бұл тұтыну мен инвестициялық сұраныстың негізгі сегменттерінде импорттың басым болуын негіздейді және қазақстандық компанияларға ішкі нарықтың бар әлеуетін пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы өңірлерінің даму деңгейлерінің саралануы өте жоғары және тұрақты. Бұл өңірлердің ЖӨӨ жан басына шаққандағы көрсеткіштерінің он жылдан астам кезеңде ел бойынша орташа көрсеткішпен салыстыруды көрсетеді. Бұл ретте жетекші мұнай өндіруші өңірлердің жоғары көрсеткіштері өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға айтарлықтай түрткі бола алмады, себебі мұнай-газ бизнесінен түсетін кірістердің негізгі бөлігі ең ірі агломерацияларда шоғырландырылады және өндіруші өңірлердің өзінде сұраныс көзі болып табылмайды.

18-кесте – Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысының орташа республикалық деңгейге қатынасы, %-бен

Өңірлер	2001	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	100	100	100	100	100	100
Ақмола	73,7	82,9	81,4	88,2	87,2	84,4

Ақтөбе	107,7	98,3	100,0	97,8	102,4	101,5
Алматы	61,1	65,9	70,3	76,2	78,0	79,4
Атырау	254,4	236,7	230,2	232,8	221,8	206,9
Шығыс Қазақстан	107,2	87,8	88,0	89,8	91,2	92,3
Жамбыл	52,2	68,8	74,4	67,4	67,8	65,9
Батыс Қазақстан	121,2	112,9	117,1	108,7	109,2	105,7
Қарағанды	114,2	109,3	108,5	112,3	111,6	111,7
Қостанай	81,3	78,6	81,0	86,2	86,9	87,0
Қызылорда	73,2	90,9	93,3	88,1	87,5	85,7
Маңғыстау	246,2	162,9	162,6	159,3	159,3	158,5
Павлодар	112,9	103,5	101,3	106,9	108,3	108,7
Солтүстік Қазақстан	79,8	80,0	82,9	87,9	84,5	83,4
Оңтүстік Қазақстан	48,4	61,9	62,4	60,9	64,3	62,9
Астана қ.	185,8	194,7	179,8	175,2	175,2	175,5
Алматы қ.	188,8	207,1	181,9	187,0	184,5	186,6

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері негізінде есептелген

Республика бойынша орташа деңгеймен салыстырғанда халықтың жан басына шаққандағы ең жоғары деңгейі елдің мұнай өндіретін екі өңірі мен ірі қалаларында қалыптасқан: Атырау (206,9 %), Маңғыстау (158,5 %), Алматы (186,6 %) және Астана қалалары (175,5 %). Ол жоғары экономикалық әлеуеті бар және экономиканың салыстырмалы әртараптандырылған құрылымы бар өңірлерде айтарлықтай төмен, олардың ішінде Қарағанды (111,7 %), Павлодар (108,7 %), Батыс Қазақстан (105,7 %), Ақтөбе (101,5 %) облыстары. Орташа республикалық деңгейден төмен (75-тен 100 %-ға дейін) жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысқа Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының халқы ие, орташа республикалық деңгейдің 75 %-ынан төмен емес деңгейге Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары ие.

Бұдан басқа, халықтың табысы саласының жай-күйі туралы қоғамның әлеуметтік-экономикалық саралану дәрежесін көрсететін көрсеткіштер мен индикаторлар бойынша пайымдауға болады, олардың шамадан тыс артуы әлеуметтік жіктелудің күшеюіне және қоғамда тұрақтылықтың төмендеуіне алып келеді. Ең жиі қолданылатындарына табыстарды шоғырландыру коэффициенті (Джини индексі), халықтың ең жоғары қамтамасыз етілген 10 %-ы мен ең төмен қамтамасыз етілген 10 %-ының табысын және кедей тұрғындардың үлесін саралау коэффициенті жатады.

Осы әлеуметтік индикаторлардың сандық мәндері. Халықаралық ұйымдар қоғамның әлеуметтік дамуы үшін ең оңтайлы деп таныған бұлар: табыстар шоғырлануының коэффициенті – 0,250–0,260-тан аспауға тиіс. 0,4–0,5 шегіндегі Джини индексінің мәні қоғамда табыстар бойынша үлкен теңсіздік индикаторы болып есептеледі, табыстарды саралаудың децильді коэффициенті – 8–7 есе.

19-кесте – 10 пайыздық (децильді) топтар бойынша Джини коэффициенті (индекс)

Өңірлер	2001	2009	2013
Қазақстан Республикасы	0,366	0,267	0,276
Ақмола	0,344	0,252	0,267
Ақтөбе	0,382	0,269	0,259
Алматы	0,331	0,227	0,245
Атырау	0,372	0,200	0,206
Шығыс Қазақстан	0,348	0,272	0,281
Жамбыл	0,310	0,195	0,217
Батыс Қазақстан	0,321	0,253	0,284
Қарағанды	0,333	0,264	0,289
Қостанай	0,370	0,247	0,268
Қызылорда	0,280	0,228	0,225
Маңғыстау	0,385	0,159	0,194
Павлодар	0,318	0,248	0,227
Солтүстік Қазақстан	0,295	0,250	0,285
Оңтүстік Қазақстан	0,313	0,223	0,202
Астана қ.	0,345	0,288	0,231
Алматы қ.	0,309	0,235	0,250

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2001 – 2013 жылдары ел бойынша табыс топтарының децильді (10 %-дық) аралығымен табыстарды шоғырландыру коэффициентінің мәні 0,366-дан 0,276-ға дейін қысқарды, ол едәуір теңсіздікті сипаттайтын, яғни қалыпты теңсіздік.

Осылайша, табыстар бойынша салыстырмалы теңсіздік Қарағанды (0,289), Солтүстік Қазақстан (0,285), Батыс Қазақстан (0,284), Шығыс Қазақстан (0,281), Қостанай (0,268), Ақмола (0,267) және Ақтөбе облыстары (0,259) бойынша байқалады.


Өңірлердің даму деңгейі және олардың ел экономикасындағы рөлі бірдей емес. Өңірлердің салық салынатын база мөлшерінде елеулі айырмашылықтары бар, сондықтан бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруда әртүрлі мүмкіндіктерге ие. Осыған орай, Қазақстан өңірлерінің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру мақсатында қолданыстағы бюджет жүйесінде облыстар арасында, республикалық және облыстық бюджеттер арасында кірістерді қайта бөлуді болжайтын бюджеттік теңестіру тетігі ж ұ м ы с і с т е й д і .

Теңестірудің қолданыстағы тетігінің тиімділігін айқындау үшін жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіштері мен бюджет кірістері бойынша дисперсиялар есептелген. Бюджет кірістері бойынша дисперсия көрсеткіші жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша дисперсия көрсеткішінен 2,2 есе төмен. Бұл ЖӨӨ-мен салыстырғанда бюджет кірістерінің барынша қалыпты бөлінуін білдіреді.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші орташа республикалық деңгейден

жоғары өңірлер үшін бюджет кірістері республикалық деңгейден жоғары болып отыр. Атырау облысы бюджетінің кірістері орташа республикалық деңгейдің 142,5 %-ын, Алматы қаласы – 116,1 %-ын, Қостанай облысы – 110,5 %-ын, Қызылорда – 108,2 %-ын құрады.

ЖӨӨ-мен салыстырғанда бюджет кірістерін бөлу бірдей емес және біршама ауытқуларға ие, яғни аталған көрсеткіштер арасында сәйкессіздік байқалады.



8-сурет – 2001, 2007, 2013 жылдардағы халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ мен жергілікті бюджет кірістері (орташа республикалық деңгейге қатысты, %-бен) Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері негізінде есептелген

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші орташа республикалық деңгейден төмен өңірлер үшін бюджетаралық трансферттер өңірлер кірістерін республикалық деңгейде қамтамасыз ете алмайды. Маңғыстау облысының бюджет кірістері орташа республикалық деңгейдің 33,2 %-ын, Батыс Қазақстан облысы – 34,4 %-ын, Ақмола облысы – 55,33 %-ын, Павлодар облысы – 55,5 % -ын, Солтүстік Қазақстан облысы – 64,03 %-ын, Қарағанды облысы 65,21 %-ын құрады.

Кейбір жағдайларда мүмкіндіктерді теңестіру азаю жағына да, ұлғаю жағына да шамадан тыс болып келеді. Шығыс Қазақстан облысында жан басына шаққандағы ЖӨӨ орташа республикалық деңгейден 117,9 %-ды, бюджет кірістері республика бойынша орташа деңгейдің 89,3 %-ын ғана құрайды.

Талдау республикалық бюджетке үш бюджеттен ғана (Атырау және Маңғыстау


облыстары және Алматы қаласы) сомалар «алынатынын», ал республикалық бюджеттен қалған 12 өңірге және Астана қаласына берілетінін көрсетті. Өз кезегінде әрбір облыс мәслихаттың шешімімен өз бюджетінен аудандарға (облыстық маңызы бар қалаларға) бюджеттік алып қоюлар мен субвенцияларды бекітеді. Жоғары тұрған бюджеттен қаражаты «алынатын» өңірлер ештеңе алмайды деп есептемеу керек, ол үшін нысаналы трансферттер бар, олар атауына сәйкес белгілі бір мақсаттарға беріледі және өзге мақсатта пайдаланылмайды.

Өңірлер дамуының сәйкессіздіктері жергілікті бюджеттердің біркелкі бюджеттік қамтамасыз етілмеуінің негізі болып табылады және тиісінше бюджетаралық қатынастардың (трансферттердің), атап айтқанда, республикалық бюджеттен бөлінетін субвенциялардың маңызды рөлін айқындайды.

5. Өңірлердің экологиялық дамуын талдау

А т м о с ф е р а л ы қ а у а н ы ң л а с т а н у ы

ҚР Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» РМК деректері бойынша атмосфераның ластануының жоғары индексі Алматы (11,5), Қызылорда (11,4), Шымкент (8,6), Өскемен (7,6) және Тараз (7,4) қалаларында байқалады.



9-сурет – Қалалардағы атмосфераның ластану индексі, 2009 ж. және 2013 ж. Дереккөз: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» РМК


Алматы қаласы атмосферасының ластануына ЖЭО және жоғары қарқынды қозғалысы бар күшті дамыған көше-жол желісі үлкен әсер етеді. Тіркелген жеңіл автомобильдердің саны бойынша қала республикада бірінші орын алады.

Қызылорда облысының экологиялық ахуалының нашарлауы негізінен Арал теңізінің суалуымен, Байқоңыр кешенінің және мұнай саласы кәсіпорындарының қызметімен байланысты.

Қазақстанның барлық өңірлерінде атмосфераға тасталатын қалдықтар көлемі өсу үрдісіне ие. Тұрақты көздерден шығатын қалдықтардың ең көп бөлігі Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі. Атмосфераның ластануына қара және түсті металлургия, химия және көмір өндіру салаларының кәсіпорындары, сондай-ақ автокөлік үлкен әсерін тигізеді.

Су ресурстарының ластануы

2013 жылғы деректер бойынша сапасы ең төмен ауыз су Атырау, Қызылорда және Ақмола облыстарында.



10-сурет – Орталықтандырылған сумен жабдықтау объектілерінің ауыз су сапасы, нормативке сәйкес келмейтін су құбыры суы сынамаларының үлес салмағы, %

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналуы

Басым экологиялық бағыттардың бірі өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу болып қалып отыр.

2013 жылдың қорытындылары бойынша жалпы көлемнің жылына 385,8 млн. тоннаға дейін ұлғайғаны байқалуда, бұл ретте олардың жыл сайын өсу үрдісі байқалады.

Өндірістің қауіпті қалдықтарының көп бөлігі Қостанай – 84,4 %, Қарағанды – 6,2 %, Шығыс Қазақстан облыстарында – 3,5 % орналасқан.

Қазақстанға тән проблема ядролық сынақтарды жүргізу орындарында тарихи радиоактивті ластану мен қалдықтардың болуы болып табылады.

Бұдан басқа, Қазақстанның барлық өңірлерінде тұрмыстық қалдықтардың жаппай ұлғайып келе жатқан көлемін сақтау және қайта өңдеу мәселесі өткір болып тұр. Бұл ретте, Қазақстанда коммуналдық қалдықтардың негізгі бөлігі (97 %-дан астамы) бөлшектерге бөлінбестен шығарылады және ашық қоқыс алаңдарында жиналады, бұл топырақтың, жерүсті және жерасты суларының, атмосфералық ауаның ластануының себебі болып табылады.

Қазіргі уақытта республикамыздың көптеген өңірлерінде экологиялық ахуал қолайсыз жағдайда. Экологиялық дағдарыстың аса қауіпті көріністеріне атмосфераның ластануы, су ресурстарының сарқылуы және ластануы, қауіпті және уытты қалдықтардың жиналуы болып табылады.

Осылайша, ластанудың ұлғаюы барлық түрлер мен өңірлер бойынша байқалады.

Халық санының өсуін, урбандалу деңгейінің артуын, сондай-ақ экономиканың дамуын ескере отырып, экологияға түсетін келеңсіз жүктеме таяу болашақта өсе түсетін болады.

2-бөлім. Аумақтық-кеңістікте даму бағыттары

1. Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін аумақтық-кеңістікте дамытудың
мақсаты мен міндеттері

Болжамды схеманың мақсаты – елдің әрбір өңірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде өңірлердің орнықты дамуы үшін жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының алдағы онжылдыққа арналған мемлекеттік өңірлік саясаты адамдар мен капиталдың перспективалы аудандар мен басым өсу аймақтарында аумақтық шоғырлануына, урбандалуы жоғары аймақтарды, кәсіпкерлік белсенділікті қарқынды дамытуға, халықтың өнімді жұмыспен қамтылуын және өмір сүруге қолайлы ортаны қамтамасыз етуге бағытталған елді аумақтық-кеңістікте ұйымдастырдың ұтымды жүйесін қалыптастыруға бағытталатын болады.

Аумақтық-кеңістікте дамудың негізгі міндеттері:

1) Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру.

Қала агломерациялары, екінші және үшінші деңгейдегі қалалар және тірек ауылдық елді мекендер халық үшін де, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін де табиғи «тартылыс орталықтары», «өсу нүктелері» болып табылады. Қала агломерациялары, тірек қалалар мен тірек ауылдық елді мекендер айналасында халықтың, капиталдың, ресурстың және озық технологиялардың шоғырлануын, экономикалық мамандандудың перспективалы бағыттарын және аумақтардың экономикалық өсу резервтерін ескеру қажет;

2) Халықты қоныстандырудың оңтайлы жүйесін қалыптастыру.

Аталған міндеттің шеңберінде қалыптасқан қоныстандыру жүйесін жетілдіруге елеулі әсер ететін өңірлік ерекшеліктерді, болып жатқан экономикалық, демографиялық және көші-қон процестеріндегі айырмашылықтарды ескеру қажет.

Қоныстандырудың оңтайлы жүйесінің шарттары ретінде шалғай өңірлер мен халықтың тығыздығы төмен өңірлерде (Солтүстік, Батыс, Орталық-Шығыс макроөңірлері) көлік қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуды назарға алу керек.

Сондай-ақ, ірі қалаларда инновациялық экономиканың негіздерін қалыптастыру және жалған урбандалу проблемаларын болдырмау мақсатында урбандалу және агломерациялау процестерін дамытуды ынталандыру және реттеу қажет;

3) Өңірлерді экономикалық мамандандырудың бәсекеге қабілеттілігін дамыту.

Осы міндеттің шеңберінде республикалық және өңірлік еңбек бөлінісінде өңірлерде бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандыруды қалыптастыру қажет.

Экономикалық мамандандудың басым салаларында инновациялық индустрияландыруды жүргізу керек, сондай-ақ өңірлер экономикасын әртараптандыру

шеңберінде жаңа жоғары технологиялы салалар мен кластерлерді дамыту талап етіледі.

Мемлекет елдің барлық өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау тетіктерін үнемі жетілдіруі қажет.

Өңірлердің шекаралас аумақтарын дамыту және оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істеуін ескере отырып, олардың сауда-экономикалық, көші-қон, өндірістік, ғылыми және мәдени байланыстарын күшейту үшін жағдайлар ж а с а у қ а ж е т ;

4) Өңірлік инфрақұрылымды нығайту.

Өндірістік күштерді орналастыра және халықты қоныстандыра отырып инженерлік инфрақұрылым объектілерін (көлік, энергетика, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы) перспективалы орналастыру схемасын өзара байланыстыру керек.

Инфрақұрылымды дамытуды, ең алдымен, елдің Еуразия континентінде тораптық және транзиттік орналасу басымдықтарын іске асыру тұрғысынан және елдің ішкі байланыстылығын күшейтуге бағытталған аумақтық-кеңістікте дамуының белдеулік жүйесін қалыптастыра отырып қарастыру қажет.

Инфрақұрылым объектілерін орналастыруды ұзақ мерзімді жоспарлау мақсатында рекреациялық және индустриялық аймақтарды, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды ұйымдастырып, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, тұрғын аймақтарды бөліп көрсете отырып, аумақтық дамудың функционалды аймақтарының перспективалы құ р а м ы н қ а л ы п т а с т ы р у к е р е к ;

5) Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша жағдай жасау.

Түптеп келгенде, Болжамды схеманың ережелерін іске асыру және тиісті өңірлік саясатты жүргізу халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін арттыру және өмір сүру ұзақтығын арттыру ү ш і н ж а ғ д а й л а р ж а с а у ғ а т и і с .

Жұмыссыздық деңгейін төмендету, өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтуды төмендету, сондай-ақ ел халқының табысын арттыру бойынша іс-шаралар жүргізу қажет;

6) Экологиялық жағдайды сақтау және жақсарту.

Экономикалық саясат жүргізу кезінде ел өңірлерінің экологиялық жағдайын ескеру қажет. Елде іске асырылып жатқан іс-шаралар табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және қоршаған ортаға экологиялық ауыртпалықты азайту арқылы аумақтардың экологиялық жағдайын жақсартуға және халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс.

Осыған байланысты, елдің экологиясына шамадан тыс зиянды болдырмау мақсатында қазіргі заманғы экологиялық тұрғыдан барынша таза және қалдықсыз технологиялар мен әдістерді өндірісте қолдану арқылы қоршаған ортаға шығарындыларды азайту бойынша шаралар кешенін қабылдау қажет, сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, су көздерін тазалау және ел аумағында ормандарды көбейту бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

2. Елді тиімді аумақтық-кеңістікте дамытудың негізгі тәсілдері.

1-тәсіл. Аумақтық шоғырлану мен басқарылатын урбандалу негізінде баланстық даму.

Ауқымды, сирек қоныстандырылған және инфрақұрылымдық дамыған аумағы бар Қазақстан үшін өндіріс пен халықтың шоғырлануы аса маңызды болып отыр.

Әлемдік практика көрсетіп отырғандай халық тығыздығы шамамен 40-50 адам/ш. км болған кезде жаңғырту әсері жоғары болады.

Аталған тәсіл шеңберінде өндірістік және еңбек ресурстарының «өсу нүктелерінде» аумақтық шоғырлануын ынталандыру арқылы елдің баланстық дамуын қамтамасыз ету қажет.

Жаһандық және өңірлік нарықтармен интеграцияланған және елдің қалған өңірлері үшін даму «көшбасшылары» болып табылатын анағұрлым серпінді дамушы қалалар мен өңірлер өсу полюстеріне айналады.

Қазақстанның аумақтық дамуы жергілікті даму аумақтарында шоғырлануға тиіс және олар арқылы ел мен оның өңірлерін жалпы әлемдік шаруашылық процестеріне қосуға тиіс. Елдің алдында аумақты баланстық дамытуға көшу және өңірлерде отырып «шоғырланған экономикалық кеңістік» ареалдары мен орталықтарын қалыптастыру, және оларда біртіндеп қолайлы «халықтың экономикалық тығыздығына» қол жеткізу міндеті тұр.

Ұзақ мерзімді жоспарда заманауи инновациялық-индустриялық технологияларға негізделген экономиканы әртараптандыру баланстық даму саясатының мақсаты болып табылады.

Аумақтық шоғырлану экономикалық мамандану схемасына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Еңбек ресурстарын елдің экономикалық тұрғыдан перспективалы өңірлеріне жұмылдыру.

Халықты аумақтық қайта бөлу ағындары жұмыспен қамтуды, жалақыны, әлеуметтік ұтқырлықты арттыру мүмкіндіктері бар өңірлерге бағытталуға тиіс. Оңтүстік макроөңірден көші-қон ағындарының көбеюін ескере отырып, республиканың оңтүстік өңірлерінен солтүстік және шығыс өңірлеріне халықтың көші-қонын ынталандыруды көздеу қажет. Еңбек ресурстарын жұмылдырудың маңызды аспектісі капиталды өңдеуші өнеркәсібінің, агроөнеркәсіптік кешеннің және геологиялық барлаудың кәсіпорындарына инвестициялайтын трансұлттық компаниялар үшін жұмыс күшінің еркін ауысуы болып табылады. Бұдан басқа өңірлерде халықтың көшіп кетуіне аса бейім өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың көптігін назарға алу қажет.

Осылайша, еңбек ресурстарын аумақтық қайта бөлу бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде жаңадан құрылған жұмыс орындарын ескеретін болады. Қазіргі кезде индустриялық секторды дамыту шеңберінде 220-дан астам инвестициялық жобаны іске асыру күтілуде және шамамен 50 мың жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Басқарылатын урбандалу

Қалалардың жылдам өсуі және қала халқының ұлғаюы мүмкіндіктерді де, сол сияқты сын-қатерлерді де тудырады. Бір жағынан, қалалар, әсіресе ірі қалалар, экономикалық өсу және даму орталықтарына, бизнес пен адамдар үшін мүмкіндіктердің шоғырлану орталықтарына айналады. Екінші жағынан, қалалардың инфрақұрылымы кәсіпорындар мен қала халқының жылдам өсіп жатқан қажеттіліктеріне ілесе алмайды, бұл қалаларда өмір сүру жағдайларының нашарлауына және экологияның нашарлауы, коммуналдық қызметтердің жетіспеуі мен төмен сапасы, аурулар мен адам денсаулығы үшін қауіптердің өсуі сияқты, сондай-ақ көптеген өзге де проблемаларға алып келеді.

Жоғарыда аталған қалалардың жоғары урбандалу қарқындары стратегияларды әзірлеу және қалалық дамуды басқару әдістеріне елеулі өзгерістер енгізуді, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым мен көрсетілетін қызметтер саласының дамуына мемлекеттік және жеке инвестицияларды айтарлықтай ұлғайтуды талап етеді.

Қалаларда инфрақұрылымға, жаңартылатын энергия көздеріне, құрылысқа және электр энергиясы мен сумен жабдықтауды пайдаланудың тиімділігін арттыруға инвестициялар салу аса маңызды болып отыр. Қазақстан қалалары қалдықтарды жинау мен қайта өңдеу жүйелерін жақсарту іс-шараларына инвестициялар салуды қажет етеді.

Қалалардың теңгерімді дамуы және «жалған» урбандалу феноменін болдырмау мақсатында мынадай қағидаттарда қалаларды дамыту және хабтарды қалыптастыру ұсынылады:

- 1) урбандалуға байланысты проблемалар туындағаннан кейін ден қоюдың орнына қала халқының өсуін алдын ала жоспарлау және азаматтарға ресурстар ұсыну;
- 2) табиғи урбандалуды ынталандыру және нормативтік немесе құқықтық кедергілері жою;
- 3) ауылдық жерлерден қалаларға көшіп келетін азаматтарды қолдауды қамтамасыз ететін бағдарламалар мен институттар құру;
- 4) экономикалық аудандардың синергиясын құра отырып, ірі қалалардың дамуына кішігірім қалалар мен ауыл аудандарын қосу;
- 5) халыққа қалалардың экономикалық өсуіне және әлеуметтік жобаларға қатысуға мүмкіндік беретін қолжетімді, жоғары сапалы инфрақұрылым құру.

Бұл ретте, Қазақстанда урбандалудың негізгі басым бағыттары:

- 1) қалалық жоспарлауды жетілдіру;
- 2) қала экономикасын жаңғырту;
- 3) инфрақұрылымды жеделдетіп қалыптастыру;
- 4) қалалық ортаны және қалалықтардың мәдениетін дамыту;
- 5) ауыл халқын интеграциялау болады.

Урбандалуды дамыту және Қазақстанда жаңа қағидаттарда агломерацияларды қалыптастыру «жасыл экономикаға» көшу бойынша тұрақты даму, ғылыми-зерттеу әзірлемелері, инновациялар мен кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына айналатын

әлемдік деңгейдегі агломерацияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар білім беру, ақпараттық және көлік қызметтерін ұсыну, бәсекелестікті арттыру, шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау есебінен адами капиталды дамытуды және өнімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қалаларда халықтың айтарлықтай өсуі Қазақстанның тез өсетін қалаларында әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестер серпінін басқаруға ерекше назар аудару қажеттігін айқындайды. Агломерациялау процестеріне назар аудармау «жалған урбандалу» феноменіне және қалаларда жалпы әлеуметтік үйлесімсіздіктің артуына әкеледі. Қалалық инфрақұрылымның барабар дамуына негізделмеген, қосымша еңбек салаларының болмауы орын алған агломерациялық орталықтарда халықтың шамадан тыс шоғырлануы (әсіресе, Алматы және Шымкент сияқты қалаларда) Қазақстанда агломерациялау процестерінің жағымсыз сценарий бойынша дамуына әкелуі мүмкін.

Сондықтан орнықты кеңістікте даму қағидаттарына ауысу қажет: қалалардың аумағын кеңейтудің орнына оларды өсіру; экономикалық жұмыспен қамтудың дербес орталықтарына айналатын орталық қала және оның маңындағы елді мекендер арасында функциялар мен мамандануды бөлу; агломерацияларды өңір – қалаларға айналдыру және басқалар. Қаланың әлеуметтік-экономикалық қала құрылыстық даму кешенділігі мен үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ерекше өзара байланысты аумақтық құрылымдар ретінде агломерацияларды және олардың агломерациялық қоршаған ортасын дамытуды жоспарлауға да жаңа көзқарас қажет.

Облыс орталықтарымен республиканың басқа да қалалары келешекте индустриялық-сервистік экономикасымен жаңғыртылған қалалық ортасы бар ойдағыдай үйлесімді дамушы өңірлік агломерациялық құрылымдарға ауысуға бағдарланатын болады.

Қалалық агломерациялардың артықшылықтарын пайдалану үшін олардың қала маңы аймақтарын қалыптастыру мен дамыту процестерінің зор мәні бар.

Бұл ретте, еңбек ұтқырлығын дамытудың маңызды шарты ретінде агломерация ядросы мен қала маңы аймақтары арасында жүрдек көлік қатынасының заманауи түрлерінің маңызы зор болады.

Хабтардың урбандалу және қалыптасу процестерін дамытуды жоспарлау перспективалы қоныстандыру және әлеуметтік инфрақұрылымды орналастыру схемасында жүйелі көрініс тапқан.

Аумақтық-кеңістікте даму шеңберіндегі өңірлік саясат бағыты жергілікті өзін-өзі басқару, өңірлердің жауапкершілігі және салыстырмалы экономикалық дербестігі қағидаттарын ескереді. Сондай-ақ орталық пен жергілікті атқарушы органдар арасында функциялар мен өкілеттіліктердің аражігін ажыратуды назарға алу маңызды.

2-тәсіл. Хаб және шұғыла қағидаттары негізінде макроөңірлік даму. Қазақстан Республикасын аумақтық-кеңістікте ұйымдастыру базасы ірі қалаларда

дамудың шынайы алғышарттары бар жаңа экономика болады. Бұл урбандалған өңірлерде осындай кластерлерді шоғырландыру арқылы ел экономикасының басым салаларында жоғары технологиялы өндірістерге бағдарланған кластерлерді қалыптастыруды және дамытуды болжайды.

Агломерациялық дамыту қалаларды дамытуды жандандыру есебінен қамтамасыз етіледі. Оған агломерацияларды қолдау ықпал ететін болады, оларда аумақтардың негізгі қаржылық, адами, инновациялық, табиғи-экологиялық, мәдени ресурстары шоғырландырылатын болады. Агломерацияларды қалыптастыру сапалы демографиялық және аумақтық-кеңістікте өсуін қамтамасыз ете алатын, халық тығыздығы төмен Қазақстанның аумақтық ұйымдастырылуының негізгі нысанына айналады.

Аумақтық-кеңістікте даму белгілі бір дәрежеде өңірлердегі дамыған көліктік-логистикалық инфрақұрылымға байланысты. Сондықтан көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту макроөңірлерді хаб қағидаты бойынша қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады, бұл негізгі жүк ағындарын тартуға және өңірлер бөлінісінде «өсу нүктелерінде» менеджмент сапасын және терминалды инфрақұрылымды дамытуға бағытталған көліктік-дистрибуциялық торапты дамытуды көздейді.

Макроөңірлер қалыптастыру шеңберінде бірінші кезекте хаб-қалаларды қалыптастыру қажет бұл – Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Өскемен қалалары.

Хаб-қалалар капитал, ресурстар және озық технологиялар шоғырланатын орталықтар болады. Хаб қалаларда әлемдік деңгейдегі, оның ішінде адами капиталды дайындау бойынша көрсетілетін қызметтері саласын дамыту қажет. Бұл қалалар Еуразиялық кеңістік шеңберінде мегаполистермен бәсекеге түсуге тиіс. Хаб-қалалар шамадан көп халықты қамтуға және халықтың жедел урбандалуына ықпал етуге бағытталатын болады.

Елдің және оның өңірлерінің әлемдік және өңірлік экономикадағы орнын айқындау, экономикалық, табиғи, еңбек әлеуетін, сондай-ақ қоныстану жүйесін талдау және бағалау негізінде елдің аумақтық кеңістігін хаб қағидаты бойынша қалыптастыруға көшуді жүзеге асыру көзделеді, оның тіректік негізі қазіргі және болашақта құрылатын көліктік-коммуникациялық дәліздер болады, ал аса маңызды тораптар өңірлік және ғаламдық нарықтармен және екінші деңгейдегі қалалармен интеграцияланған ірі көшбасшы хаб-қалалар болады.

Стратегиялық хаб-қалалар қалыптасқан, сол сияқты құрылатын өңірлік және субөңірлік аумақтық-шаруашылық жүйелерді, сондай-ақ оқшауланған экономикалық тораптар мен аумақтарды өзара байланыстырады, бұл жергілікті белдеу аралық желілердің қалыптасуымен қатар елдің ішкі экономикалық кеңістігінің бірлігін қамтамасыз етеді.

Екі деңгейдегі қалаларды басым дамыту көзделеді:

5 хаб-қала – жалпыұлттық, ал болашақта Орта Азиялық деңгейдегі көшбасшы қалалар, олар еуразиялық тауарлық, қаржылық, технологиялық және мәдени алмасу жүйесінде аса маңызды тораптарға айналады. Хабтарды дамыту инновациялық дамуға көшуді, қалаларды ұлттық және өңірлік өзара іс-қимылдың толыққанды орталықтарына айналдыруды болжайды: сауда-логистика және көлік, қаржы және кадр орталықтары, ақпараттар мен технологияларды жеткізушілер. Хабтар ғаламдық, өңірлік және ұлттық нарықтармен ықпалдасқан өсу полюстерінің орталықтарына айналуға тиіс және елдің қалған барлық өңірлері үшін «локомотивтер» ретінде болуы тиіс.

Өз өңірлерінде экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және бәсекеге қабілетті өңірлік кластерлердің қалыптасуына себепші болатын және өңірлердің ұлттық және сыртқы нарықтарға шұғыла қағидаты бойынша шығуын қамтамасыз ететін екінші деңгейдегі қалаларды дамыту.

Қазіргі жағдайларда Қазақстанда елдегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және елдің өңірлік және ғаламдық нарықтармен ықпалдастығы аймағы болуға мүмкіндігі бар перспективалы өсу полюстері мынадай хабтар болып т а б ы л а д ы :

- 1) Солтүстік макроөңір хабы – Астана қаласы;
- 2) Орталық-Шығыс макроөңір хабы – Өскемен қаласы;
- 3) Батыс макроөңір хабы – Ақтөбе қаласы;
- 4) Оңтүстік макроөңір хабтары – Алматы және Шымкент қалалары.

1 . А с т а н а

Солтүстік макроөңірде халық саны – 796,3 мың адамды, ал 2020 жылға қарай – 1047,4 мың адамды құрайтын Астана қаласы хаб болады.

Астана қаласына серпінді астаналық агломерацияның өсіп келе жатқан сұранысына негізделген барлық дерлік өңірлермен күшті байланыстар басым. Астана агломерациясын қоса есептегенде, халық санының перспективалы өсуі 2020 жылға қарай 1115,5 мың адамды құрайды.

Астана хабын шұғыла қағидатымен полиорталықты даму орталығы ретінде дамытудың жаңа саясаты демографиялық процестерді, халықтың көші-қон қозғалысын және урбандалуға байланысты болатын халықтың қоныстануын ескеретін болады. Халықтың табиғи және механикалық өсімі – бұл қоныстанудың желісі мен жүйесінің қалыптасуына күшті әсер ететін факторлардың бірі.

Солтүстік макроөңірде ауыл халқының қалаларға көшу проблемасын әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды есепке ала отырып ескеру қажет.

Солтүстік макроөңірдің тірек қаңқасының дамуы көші-қон және урбандалу процестерін ескере отырып, қоныстандыру саясатын әзірлеуді талап етеді.

Ол үшін Петропавл, Қостанай, Көкшетау қалаларының облыстық қоныстандыру жүйелерінің орталықтарын қалыптастыру қажет. Аталған қалалар өздерінің көлік жүйелерін шоғырландыру орталығы ретінде Солтүстік макроөңірдің бірыңғай

қоныстану жүйесінің тірек кеңістіктік қаңқасын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта Солтүстік макроөңірде 2011 жылмен салыстырғанда халық санының 0,7 % төмендеуі байқалады (2014 жылы – 2189,6 мың адам, 2011 жылы – 2204 мың адам). Бұдан басқа, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында халықтың демографиялық картаю процестері байқалады. Көрсетілген демографиялық процестер табиғи өсім көрсеткіштерінің серпінімен, сондай-ақ халықтың ішкі және сыртқы көшіп-қонуымен байланысты.

Астана хаб-қаласы барлық макроөңірлерді «Орталық-Шығыс», «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Батыс» өңіраралық автожолдар желісі жобаларын іске асыру есебінен байланыстыратын орталық болады.

Астана – Павлодар – Семей – Қалбатау – Өскемен маршруты арқылы өтетін «Орталық-Шығыс» жобасы Астананы шығыс өңірлермен байланыстырады, бұл транзиттік жүктерді тартуға, отандық тауарларды экспорттауға, туристік кластерді дамытуға, ықпал ету аймағына Павлодар және Семей сияқты екінші деңгейдегі қалаларды қоса отырып тартуға ықпал етеді.

«Астана – Қарағанды – Балқаш – Қапшағай – Алматы» бағыты бойынша «Орталық-Оңтүстік» жобасы Астананы оңтүстік макроөңірмен байланыстыруға мүмкіндік береді және шекарамаңы аумақтарының құрғақ порттарының транзиттік әлеуетінің мүмкіндіктерін кеңейтуге, сыртқы нарықтарға экспортты ұлғайтуға, халық саны тиісінше 2020 жылға қарай 492,4 мың адамнан 503,2 мың адамға, 59 мың адамнан 64,9 мың адамға, 78,4 мың адамнан 80,1 адамға дейін өсетін Қарағанды, Қапшағай және Балқаш қалаларын ықпал ету аймағына қоса отырып, көліктік-логистикалық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға түрткі болады.

«Астана – Арқалық – Ырғыз – Шалқар – Бейнеу – Ақтау» бағыты бойынша «Орталық-Батыс» жобасы Астананы батыс өңірлерімен байланыстырады, осылайша орталық және батыс өңірлерінің арасындағы жүк айналымын, олардың кооперациясын ұлғайтуға, автомобиль, теңіз және теміржол көлігінің тасымалдарын интеграциялауға жағдайлар жасалады, қазақстандық теңіз порттары арқылы отандық тауарлар үшін жаңа нарықтар ашады. Бұл жобаны іске асыру халық саны тиісінше 41,9 мың адам және 185 мың адамды құрайтын Арқалық және Ақтау сияқты екінші деңгейдегі қалалардың, сондай-ақ бірқатар елді мекендер мен шағын қалалардың дамуына әсер етеді.

«Орталық-Батыс» жобасымен қатар Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілері іске қосылады және Қызылорда – Жезқазған және Жезқазған – Арқалық автомобиль жолдарының реконструкциясы аяқталды, ол халық саны 89,4 мың адамнан болашақта 2020 жылға қарай 91,4 мың адам болатын Жезқазған қаласына Солтүстік, Оңтүстік және Батыс өңірлерін байланыстыратын көлік-логистикалық орталыққа айналуға мүмкіндік береді.

Қазақстан өңірлерін дамытудың хаб қағидатын іске асыру полиорталықты дамумен

байланысты, бұл оларда жоғары технологиялық инфрақұрылымдық объектілердің, ең алдымен әуежайлар мен көлік-логистикалық орталықтардың болуын болжайды. Астана хаб-қаласында әуежайды жаңғырту және оның жолаушылар терминалын 2017 жылға дейін 750-ден 1500 жолаушы/сағ. дейін кеңейту қажет.

Астана хаб-қаласын дамыту Қарағанды, Көкшетау қалаларын және Щучинск-Бурабай курорттық аймағын қамтитын желілік өсу аймағы ретінде Астана агломерациясының қалыптасуына байланысты болады, бұл ретте Көкшетау қаласының халық саны 2020 жылға қарай 155,6 мың адамнан 162,3 мың адамға дейін ұлғаятын болады.

2 . А л м а т ы

Халық саны 1,5 млн. адамнан асатын Алматы қаласы оңтүстік макроөңірдің хабына айналады. 2020 жылға қарай оның халқының саны 1676,4 мың адамға дейін өседі.

Алматы қаласы Алматы – Тараз – Шымкент бағытын байланыстыратын ірі көлік-логистикалық орталық болып табылады. Алматы хабының ықпал ету аймағындағы екінші деңгейдегі қалалардың даму серпіні Алматы агломерациясының даму қарқынымен және олардың транзиттік әлеуетімен айқындалатын болады. Алматы агломерациясы халқының перспективалы санының өсуі 2020 жылға қарай 3057,9 мың адамды құрайды.

Жетіген – Қорғас учаскесі бойынша жобаны іске асыру Азия – Еуропа бағытындағы қашықтықты 500 км-ге қысқарта отырып, Қытайдан Еуропа және Азия елдеріне бағытталатын транзиттік жүк ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА құру «Жетіген – Қорғас» теміржолымен, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль дәлізімен технологиялық байланыста бола отырып, Еуропа мен Азияға ең жақын жолды қамтамасыз ететін қуатты индустриялық-логистикалық хаб қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін іске асыру және инвестициялар тарту, жаңа жұмыс орындарын құру үшін Жетіген кентінде 2017 жылға қарай ірі транзиттік авиациялық хаб ретінде қарастырылып отырған жаңа әуежай салынады.

Бұл ретте Алматының халықаралық деңгейдегі хаб ретіндегі рөлі байланыстыратын буын және транзиттік әлеует ретінде басты орында болады. Ол үшін ішкі және халықаралық көлік ағындарын орындау үшін көлік-логистикалық орталықтарды одан әрі өсіру және Батыс Еуропа – Батыс Қытай және Алматы – Қапшағай жоғары жылдамдықты автотрассаларының, сондай-ақ Жетіген – Қорғас теміржолының мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Алматы хаб-қаласын дамыту үшін Алматы қаласы әуежайының өткізу қабілеті 1440 жолаушы/сағ. халықаралық жолаушылар терминалын салуды аяқтау қажет.

Алматы хаб-қаласын дамыту Алматы облысының Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандары, Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалалары, Байсерке, Боралдай, Жетіген, Қараой, Өтеген батыр, Ұзынағаш, Шамалған кенттері

сияқты үшінші деңгейдегі қалалары мен аудандарын тарту арқылы желілік өсу аймағы ретінде Алматы агломерациясының қалыптасуымен байланысты болады.

Республикада басқа да стратегиялық хабтардың қалыптасуы өңірлік даму орталықтары болып табылатын және кейіннен өзінің ғана емес, шектес өңірлердің де экономикалық белсенділігін шоғырландыру мүмкіндігі бар, біріктіруші бола алатын екінші деңгейдегі қалалардың даму әлеуетімен айқындалады.

3 . Ө с к е м е н

328,6 мың адам тұрғыны бар Өскемен қаласы орталық-шығыс макроөңірінің хабына айналады. 2020 жылға қарай оның халқы 361 мың адамға дейін өседі.

Орталық-Шығыс макроөңірі елдегі ең урбандалған өңірлердің бірі болып табылады. Перспективада урбандалу процестері жалғасады. Соңғы жылдары макроөңірде ең жоғары урбандалу деңгейі Қарағанды (78 %) және Павлодар (68 %) облыстарында б а й қ а л ғ а н .

Орталық-Шығыс макроөңірінде жылдам өсетін қалалар қатарына Өскемен, Семей, Қарағанды мен Павлодарды жатқызуға болды. 2020 жылға қарай Семей мен Павлодар қалалары халқының саны 339,3 мың адамнан 347,1 мың адамға дейін және тиісінше 356,1 мың адамнан 369,7 мың адамға дейін ұлғаяды.

Өскемен хаб-қаласы Орталық-Шығыс макроөңірдің тірек қаңқасы болады және солтүстік пен оңтүстік макроөңірлерін және Астана хабын Өскемен – Семей – Павлодар өңіраралық автомобиль жолдары желісінің жобаларын іске асыру есебінен функционалды байланыстыратын болады.

Бұдан басқа, «Астана – Павлодар – Қалбатау – Өскемен» бағыты бойынша «Орталық-Шығыс» жобасы орталық пен шығыс өңірді байланыстыратын жоба болып т а б ы л а д ы .

«Солтүстік» (Омбы – Павлодар – Семей – Георгиевка – Майқапшағай және Омбы – Павлодар – Семей – Георгиевка – Аягөз – Таскескен – Үшарал – Сарыөзен) халықаралық автомобиль дәлізінің құрамына кіретін автомобиль маршруттары. Транссібір теміржол магистраліне тікелей шығу жолдары бар «Түрксіб» теміржол магистралі, сондай-ақ Солтүстік және Орталық трансазиялық теміржол магистралі дәліздерінің (Батыс Еуропа – Батыс Қытай, Достық – Ақтоғай – Саян – Мойынты – Астана – Петропавл) Қытай – Қазақстан – Ресей бағытында үлкен транзиттік әлеуеті б а р .

Өскемен хаб-қаласын дамыту шығыс өңірінің қазіргі транзиттік әлеуетін өсіруге ы қ п а л е т е д і .

Өскемен хаб-қаласының толыққанды жұмыс істеуі үшін Павлодар, Семей, Қалбатау елді мекендері арқылы Астана – Өскемен заманауи автомобиль жолдарын салу қажет.

4 . А қ т ө б е

Батыс макроөңірінде халық саны 439,5 мың адамды, ал 2020 жылға қарай 470,3 мың адамды құрайтын Ақтөбе қаласы хабқа айналады.

Батыс макроөңірінің екінші деңгейдегі қалаларын дамыту Ақтөбе агломерациясын қалыптастыруға және одан әрі дамытуға байланысты болады. Ақтөбе агломерациясын ескере отырып 2020 жылға қарай халықтың перспективалы санының өсуі 538,8 мың адамды құрайды.

Батыс макроөңірінің тірек қаңқасын дамыту көші-қон және урбандалу процестерін ескере отырып, қала және ауыл халқының инфрақұрылымындағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталуы тиіс.

Көші-қон және урбандалу процестерін реттеу Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау қалаларының облыстық қоныстандыру орталықтарын қалыптастыру есебінен жүзеге асырылады. Бұл қалалар батыс макроөңірінің бірыңғай қоныстандыру жүйесінің тірек кеңістіктегі қаңқасын қалыптастырады.

Ақтөбе хаб-қаласы Каспий теңізіне (Атырау, Ақтау) шыға отырып Өскемен – Семей – Павлодар – Астана – (Көкшетау, Петропавл) – Ақтөбе – Орал солтүстік белдеуі, сондай-ақ Ақтөбеден Ақтауға жаңа жол салу және Ақтөбеден халық саны 2020 жылға қарай 283,6 мың адамнан 321,8 мың адамға, тиісінше 291,3 мың адамнан 346,3 мың адамға өсетін Орал мен Атырауға жолдарды реконструкциялау есебінен шығыс пен батысты байланыстыратын қаңқа болады.

«Орталық-Батыс» жобасы Астананы батыс өңірлермен байланыстырады, осылайша орталық және батыс өңірлері арасында жүк айналымын, олардың кооперациясын ұлғайту, автомобиль, теңіз және теміржол көлігі тасымалдарын интеграциялау үшін жағдай жасайды, қазақстандық теңіз порттары арқылы отандық тауарлар үшін нарықтар ашады.

«Орал – Каменка – Ресей Федерациясының шекарасы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахань» автомобиль жолдарын реконструкциялау жөніндегі жобалар батыс макроөңірінің жалпы дамуына ықпал етеді және өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығындарын қысқарту арқылы Ресей нарықтарына отандық тауарлардың экспортын ынталандырады, себебі орташа қозғалыс жылдамдығы ұлғаяды, жолға кететін уақыт қысқарады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің құрылысын аяқтау Ақтөбе хабының транзиттік әлеуетін ашуға мүмкіндік береді және Батыс макроөңірінің екінші деңгейдегі қалаларын дамытуға күшті серпін береді.

Ақтөбе хаб-қаласын дамыту қаланың әуе және жерүсті көлігінің көлік инфрақұрылымын кешенді дамытуды талап етеді.

5 . Ш ы м к е н т

Халық саны 711,8 мың адам Шымкент қаласы оңтүстік макроөңірдің хабына айналады. Қала халқының саны 2020 жылға қарай 796,9 мың адамға дейін ұлғаяды. Ауыл халқының қала және қала маңы аумақтарының қолданыстағы еңбек нарығының, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының мүмкіндіктерін ескермей қалаларға және қала маңы аумақтарына көшіп-қонуының өткір мәселесін ескеру қажет. Бұл

басқарылмайтын процесс қалалар мен қала маңының бей-берекет, жүйесіз өсуімен, экологиялық, көлік, тұрғын үй және әлеуметтік проблемалардың шиеленісуімен байланысты болады. Оңтүстік макроөңірде жылдам өсетін қалалар қатарына Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Қаскелең және Түркістанды жатқызуға болады.

Шымкент қаласын Оңтүстік макроөңір хабы ретінде дамыту жылдам дамып келе жатқан Шымкент агломерациясының болуына байланысты. Шымкент қаласын дамыту үшін (2020 жылға қарай Шымкент агломерациясының перспективалы санының өсуі 1635 мың адамды құрайды) Алматы хабымен (Алматы – Тараз – Шымкент бағыты) байланыстарды одан әрі нығайту қағидатты мәнге ие, оның көмегімен Оңтүстік макроөңірдің ауыл шаруашылығы өнімі елдің ең ірі қала агломерациясының нарығына қ о л ж е т к і з е д і .

Оңтүстік макроөңірдің екінші деңгейдегі қалаларының дамуы Талдықорған, Тараз, Қызылорда қалаларын тарта отырып, Алматы және Шымкент агломерацияларының даму қарқындарымен байланысты болады, халық саны 2020 жылға қарай тиісінше 162,4 мың адамнан 178,6 мың адамға дейін, 268,9 мың адамнан 312,9 мың адамға дейін ұ л ғ а я д ы .

Шымкент хаб-қаласы оңтүстік пен батысты (Қытай Халық Республикасының шекарасы (Достық, Қорғас) – Алматы – Тараз – Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал), оңтүстік пен солтүстікті (Петропавл – Есіл – Арқалық – Жезқазған – Шымкент), оңтүстік пен шығысты (Алматы – Талдықорған – Өскемен – Семей – Павлодар) б а й л а н ы с т ы р а т ы н о р т а л ы қ б о л а д ы .

Шымкент хаб-қаласын және барлық оңтүстік макроөңірді дамыту халық пен ресурстардың ұтқырлығын арттырады, ол солтүстік және орталық-шығыс макроөңірлерде еңбек ресурстарының тапшылығын жабуға және сонымен бірге халық саны болжам бойынша 2020 жылға қарай 289,6 мың адамға дейін өсіп 253,2 мың адамды құрайтын Түркістан қаласында орталығы бар макроөңірдің туристік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

3. Макроөңірлерді дамытудың стратегиялық бағыттары

Солтүстік макроөңір (Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары)

Макроөңірді дамытудың стратегиялық бағыттары

Макроөңірді дамыту перспективасы ең алдымен ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты болады. Астық шаруашылығы және ет-сүт мал шаруашылығы макроөңірде б а р ы н ш а ж а қ с ы д а м и тү с е д і .

Ауыл шаруашылығы саласын қолдаумен қатар, экономиканың индустриялық даму кезеңіне көшуі, яғни ең алдымен агроөнеркәсіптік кешеннің қосылған құнын арттыру, сондай-ақ жанама салалар кластерін (оның ішінде, ауыл шаруашылығы және автомобиль машинасын жасау, химия саласы) құру арқылы экономиканы ауыл шаруашылығынан әртараптандыру макроөңірдің перспективадағы басты міндеті болып т а б ы л а д ы .

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру А қ м о л а о б л ы с ы

Көкшетау қаласының даму перспективасы машина жасаумен, тамақ өнеркәсібімен, құрылыс материалдарын өндірумен байланысты болады. Бұған машина жасау, тамақ өнеркәсібі және құрылыс материалдарын өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың б о л у ы ы қ п а л е т е д і .

Перспективада Степногор қаласы қазіргі мамандануын сақтап қалады – машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру. Қаланың экономикалық мамандануын күшейтуге «Степногор подшипник зауыты» АҚ, «Степногор тау-кен химия комбинаты» ЖШС, «Қазақалтын» КБК» АҚ, «Арыстан» Степногор құбыр зауыты» ЖШС ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары негіз болады.

Ақкөл қаласының перспективалы дамуының негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру болады.

Перспективада Атбасар қаласын дамытудың негізгі бағыттары машина жасау және тамақ өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызметтерін көрсету болады.

Державин қаласының даму перспективалары ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге байланысты болады. Өнеркәсіптік өндіріс көлемін арттыру мақсатында «Масальское» кен орнында барлау және темір кендерін өндіру қажет. Кен емес материалдары кен орындарының негізінде құрылыс материалдары өндірісін және ұсақтас карьерлерін и г е р у д і д а м ы т у қ а ж е т .

Перспективада Ерейментау қаласын дамытудың негізгі бағыттары тамақ өнімдерін өндіру, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, туристік және көлік-логистикалық қызметтерін көрсету болады.

Перспективада Есіл қаласы облыс халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету бағдарламасы және Астана қаласының маңында азық-түлік белдеуін құру шеңберінде ірі инвестициялық жобалардың іске асатын орнына айналуы мүмкін, бұл агроөнеркәсіптік кешен салаларының дамуына оң әсерін тигізеді.

Ыңғайлы географиялық орналасуын ескере отырып, қалада көлік-логистика саласын дамытуға, жол бойындағы сервис объектілерін салуға болады.

Макинск қаласы перспективада қазіргі ауылшаруашылығында мамандануын сақтап қалады. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайтқан және өңдеу кәсіпорындарын құрған жағдайда қала Астана, Көкшетау қалаларына, сондай-ақ Шучинск-Бурабай курорттық аймағына тамақ өнімдерін жеткізушіге айналуы мүмкін.

Степняк қаласының Астана, Көкшетау қалаларына және Шучинск-Бурабай курорттық аймағына жақындығын ескере отырып, қаланың одан әрі дамуы жоғарыда аталған қалалардың маңында азық-түлік белдеуін құруға бағытталуға тиіс. Қала аумағында жеміс-көкөніс дақылдарын өсіретін жылыжай кешендерін дамытудың а л ғ ы ш а р т т а р ы б а р .

Кен емес пайдалы қазбалар қоры құрылыс материалдарын өндіруді дамытуға, яғни

кірпіш зауытын, темірбетон бұйымдарын өндіру зауыттарын салуға мүмкіндік береді.

Щучинск қаласын дамытудың негізгі бағыттары санаторийлік-курорттық қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу болады.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Қостанай қаласын дамытудың негізгі бағыттары перспективада машина жасау және металл өңдеу, тамақ өнімдерін, оның ішінде кондитерлік өнімдерді және сусындар өндіру болады. Жеңіл өнеркәсіпті қалпына келтірудің үлкен әлеуеті бар. Сонымен қатар түрлі пішінді ұсақ сұрыпты илек өндірісі дамитын болады.

Қостанай облысының моноқалаларын дамыту тау-кен өндіру өнеркәсібін одан әрі дамытумен, сондай-ақ өңдеу секторында жаңа өндірістерді құрумен байланысты болады.

Перспективада Рудный қаласы темір кенін өндіру мен тамақ өнімдерінің өндірісінде қазіргі мамандануын сақтап қалады. Металлургия өнеркәсібі «ССТӨБ» АҚ базасында металл брикеттерді өндіру, сондай-ақ жоғары сапалы ДОФ-2, ММО-4 концентраттарын байыту кешені бойынша жаңа кәсіпорындар құру есебінен өз позициясын күшейтеді.

Сонымен қатар қаланың мамандануының перспективалы бағыттарының бірі жылына 500 мың тонна өндіретін цемент зауыты болады. Қалада цемент шикізатының қомақты қоры бар. Бұл саланы дамыту қажеттігін Қазақстанның солтүстік және батыс бөліктерінде цемент зауыттарының жоқтығы растайды.

Перспективада Лисаковск қаласы тау-кен металлургиясы саласындағы қазіргі мамандануын сақтап қалады. Зор мүмкіндіктері тамақ өнімдерін өндіруді ұлғайтумен, машина жасаумен (ауыл шаруашылығы орағы) байланысты.

Жітіқара қаласының негізгі мамандануы перспективада металл кендерін (алтын, никель, кобальт, титан, жерде сирек кездесетін металдар, тальк, әктас, каолин балшықтары, гранит кен орындары, басқа құрылыс материалдары шоғырланған) өндіру, сондай-ақ хризотил-асбест өндіру болады.

Арқалық қаласын дамытудың перспективалы бағыттары бокситтермен отқа төзімді балшық өндіру және өңдеу, тамақ өнімдерін өндіру және ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу болады.

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Перспективада Петропавл қаласы машина жасау саласына (мұнай-газ және көлік) және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге мамандануын сақтап қалады.

Булаево қаласы экономикасының дәстүрлі мамандануын ескере отырып, негізгі даму бағыты агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту, оның ішінде ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу болады.

Мамлют қаласы экономикасын дамытудың негізгі бағыты перспективада ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуді дамыту болады.

Сергеевка қаласы экономикасының ауыл шаруашылығына мамандануын ескере отырып, негізгі даму бағыты перспективада ауыл шаруашылығы және ауыл

шаруашылығы шикізатын өңдеу болады.

Тайынша қаласын одан әрі дамытудың негізгі бағыттары өңдеу саласын дамыту болады.

Тамақ өнеркәсібінің перспективалық дамуы өндірілетін өнімнің қосымша құнының елеулі ұлғаюымен қатар жүретін болады.

Солтүстік макроөңірдің ауылдық елді мекендерін (бұдан әрі – АЕМ) дамыту жөніндегі шаралар әлеуметтік және өндірістік салаларды дамытуға бағытталатын болады.

Макроөңірде халықтың негізгі қоныстану бағыттары

Солтүстік макроөңірде Астана қаласы агломерациялық дамудың перспективалы аймағы ретінде хабқа айналады.

Петропавл, Қостанай, Көкшетау қалалары өздерінің көлік жүйелерінің шоғырлану орталығы ретінде солтүстік макроөңірдің бірыңғай қоныстандыру жүйесінің кеңістіктік тірек қаңқасын қалыптастыратын болады.

Петропавл, Қостанай, Көкшетау сияқты тірек қалалар халқының болжамды саны 2020 жылға қарай тиісінше 226,6 мың адамды, 228,1 мың адамды, 162,5 мың адамды құрайтын болады.

Қазіргі уақытта Солтүстік макроөңірде 2011 жылмен салыстырғанда халық санының 0,7 %-ға азаюы орын алып отыр (2014 жылы – 2189,6 мың адам, 2011 жылы – 2204 мың адам). Бұдан басқа, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында халықтың демографиялық қартаюу процестері байқалуда. Көрсетілген демографиялық процестер табиғи өсім көрсеткіштерінің серпініне, сондай-ақ халықтың ішкі және сыртқы көші-қонына байланысты.

Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының күтілетін халық саны 2020 жылға қарай тиісінше 880,4 мың адамнан 874,3 мың адамға, 577,6 мың адамнан 543,3 мың адамға, 734,1 мың адамнан 737 мың адамға дейін ұлғаяды.

Аймақтың тірек қаңқасын меридиандық бағытта Петропавл – Шу теміржол магистралінен, Алматы – Астана – Петропавл автомагистралінен, ендік бағытта – Оңтүстік - Сібір магистралінен (Тобыл ст. – Павлодар бөлігінде) қалыптасқан 1-санаттағы жоспарланатын белдеулер, Талшық – Көкшетау – Алтынсарин; Жезқазған – Мойынты-Саяқ бағыттарымен жоспарланған 2-санаттағы белдеулер құрайды.

Орталығы Астана қаласы болатын, Петропавл – Шу теміржол магистралімен Қарағанды – Көкшетау жүрдек автомагистралі бойымен созылған Астаналық урбандалу аймағы Солтүстік макроөңірде неғұрлым ірі қоныстандыру жүйесі болып табылады.

Әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту перспективалары.

Макроөңірдің білім беру саласында халық санының төмендеуіне байланысты білім беру ұйымдарымен қамтамасыз етілу біршама жоғары деңгейде. Негізінен, білім берудің барлық сатылары қызметтерінің сапасын және олардың қолжетімділігін

арттыру қажет: мектепке дейінгі мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайту; қазіргі заманғы интерактивті оқыту әдістерін енгізу; мектепке дейінгі, орта және техникалық білім беру желісін, қосымша білім беруді, спорт секцияларын кеңейту қажет. Білім беру мекемелері педагогтерінің біліктілігін арттыруды ең заманауи оқыту әдістемелері мен нысандарын қолдана отырып, үздіксіз негізде жүргізу қажет.

Денсаулық сақтау саласында медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі проблемасы сақталуда, мәселен, орта есеппен дәрігерлермен қамтамасыз ету 10000 адамға небәрі 28,9 бірлікті құрады, бұл орташа республикалық деңгейдің бар болғаны 75 %-ын құрады. Осыған байланысты, оларды әлеуметтік пакетпен (көтерме жәрдемақы беру, коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер ұсыну, тұрғын үй беру) қамтамасыз ету жолымен дәрігер кадрлардың тапшылығын төмендету және медициналық кадрлардың біліктілік деңгейін арттыру қажет. Медициналық ұйымдарды бекітілген нормативтерге дейін заманауи медициналық жабдықпен кезең-кезеңімен ж а р а қ т а н д ы р у қ а ж е т .

Инженерлік-көліктік инфрақұрылымда мына бағыттарды дамыту қажет:

1) Көкшетау қаласында жолаушылар көлігі торабын (авиа-автомобиль, теміржол-автомобиль) қалыптастыру және дамыту;

2) Железорудная және Тобыл станцияларын дамыту, Тобыл торабының жол өткізу а й р ы қ т а р ы н да м ы т у ;

3) Қостанай қаласының әуеайлақ инфрақұрылымы мен әуежайын реконструкциялауды және жаңартуды жүргізу;

4) «Қостанай қаласын айналып өту» учаскесін реконструкциялай отырып, «Астана – Қостанай – Челябині» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

5) өңірдегі жүк терминалының негізінде қуатын ұлғайта отырып, Петропавл қаласында транзиттік-көлік бағытын дамыту.

Аудан орталықтарын бір-бірімен және облыс орталығымен байланыстыратын автомобиль жолдарын реконструкциялау және жаңғырту жұмысын жалғастыру қажет. Макроөңірдің облыс орталықтары Астана хаб-қаласымен жоғары сапалы автомобиль және теміржолдармен байланыстырылуы тиіс.

ТКШ саласында коммуналдық жүйелер саласындағы объектілерді реконструкциялауды, жаңаларын салуды және күрделі жөндеу жүргізуді жалғастыру қажет. Петропавл және Қостанай қалаларында су құбыры желілерінің тозу деңгейінің (тозу тиісінше 81,3 % және 63,3 %), жылу желілерінің тозу деңгейінің (тозу тиісінше 71 % және 51%) төмендегеніне назар аудару қажет.

Электр энергиясы өндірісінің өсуі және ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған және сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету болжануда. Осы мақсатта электр, жылу энергетикасының жаңа объектілерін салу және қолданыстағы объектілерін жаңғырту қажет.

Макроөңірде сумен қамтамасыз ету және су бұру объектілерін салу,

реконструкциялау және жөндеу бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Сондай-ақ энергия үнемдеу іс-шараларын жүргізіп, энергия үнемдеу технологияларын енгізу қажет.

Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау

Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау шаралары жұмыссыздық деңгейін, өз бетінше өнімділігі төмен жұмыспен қамтылуды азайтуға, сондай-ақ ел халқының табысын өсіруге бағытталады.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін макроөңірде инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды сапалы іске асыру бойынша шаралар қабылдау қажет, оның ішінде, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары және орташа АЕМ-де шаралар қабылдау қажет. Бұдан басқа, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін шағын және орта бизнесті, әсіресе ауылдық жерлерде дамыту қажет.

Экономика салаларында жұмыс істейтіндер саны 2020 жылға қарай Ақмола облысында – 426,4 мың адамды, Қостанай облысында – 504,8 мың адамды, Солтүстік Қазақстан облысында – 330,1 мың адамды құрайды.

Макроөңір экономикасын индустрияландыруға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру 2020 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ні 2,5 млн. теңгеге дейін, оның ішінде Ақмола облысында – 2,3 млн. теңгеге дейін, Қостанай облысында – 2,8 млн. теңгеге дейін, Солтүстік Қазақстан облысында – 2,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Болжамды есептеулер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ орташа республикалық деңгейге қатынасы 2020 жылға қарай солтүстік макроөңірде орта есеппен 71,5 %, оның ішінде Ақмола облысында – 64,9 % (2013 жылы – 64,4 %), Қостанай облысында – 78,3 % (2013 жылы – 74,7 %), Солтүстік Қазақстан облысында – 71,3 % (2013 жылы – 65,3 %) құрайды.

Тұтастай алғанда, болжамды деректер Солтүстік макроөңірде жан басына шаққандағы ЖӨӨ орташа республикалық деңгейге қарағанда аса көп өзгермейтінін көрсетіп отыр. Бұл үрдіс ЖӨӨ өндірісінің құрылымдық өзгерісіне байланысты. Осылайша, Ақмола облысында ЖӨӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі – 2013 жылғы 38,5 %-дан 2020 жылы 37,2 %-ға дейін, Қостанай облысында – 37,1 %-дан 34,7 %-ға дейін, Солтүстік Қазақстан облысында 40,8 %-дан 37,5 %-ға дейін қысқарады, ЖӨӨ құрылымында көрсетілетін қызметтер үлесі Ақмола облысында – 52,4 %-дан 55,0 %-ға дейін, Қостанай облысында – 56,1 %-дан 57,8 %-ға дейін, Солтүстік Қазақстан облысында – 54,7 %-дан 55,3 %-ға дейін өседі.

Экологиялық даму перспективалары

Экологияны жақсарту саласында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жарактау, газ тазалауды, домна пештерін реконструкциялау, тазалау қондырғыларын ауыстыру қажет.

Қалдықтарды өңдеу көлемін олардың пайда болуына қарағанда ұлғайту мақсатында

рұқсат етілмеген қоқыстарды жою қажет, сондай-ақ макроөңірдің әрбір облысында қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламаларын әзірлеу, оның ішінде макроөңірдің облыс орталықтарында қоқыс өңдейтін кәсіпорындар салуды қажет.

Макроөңірдің экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында кәсіпорындарда қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды енгізу, шығарындыларды тазалаудың тиімді жүйелерін пайдалану қажет.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ластау көлемдерін бақылауды арттыру облыстағы экологиялық ахуалды жақсартуға және облыстың табиғаты мен фаунасын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Атмосфералық ауа, су объектілерін автоматты түрде тәулік бойы қадағалайтын жергілікті бақылау бекеттері желісін кеңейту, облыс және аудан орталықтарында кәріз тазалау ғимараттарын салу, коммуналдық қалдықтарды өңдеудің заманауи технологияларын енгізу қажет.

Бұдан басқа аумақтардың ормандарын ұлғайту, сондай-ақ елді мекендерді көгалдандыру бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Өңірдің бәсекелік артықшылықтарын пайдалану перспективалары
Ақмола облысы

Ауыл шаруашылығы алқаптарының қомақты алаңдарын ескере отырып, тиімділігі мен өнімділігін арттыру арқылы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, сондай-ақ Астана қаласының төңірегінде «азық-түлік белдеуін» құру басым бағыт болады.

Өңірдің өнеркәсіптік әлеуеті де перспективада табиғи қазбалардың – уран, алтын өндірісіне және темір кендерін, құрылыс материалдарын өндіру мен байытуға негізделген өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын дамытуға бағдарланатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды облыс үшін стратегиялық бағыттарда өсімдік шаруашылығында (астық және көкөніс өндірісі) және мал шаруашылығында (ет-сүтті мал шаруашылығы) жұмыс істейтін ірі тауарлық ауыл шаруашылығы өндірісін құру нысанында жүзеге асыру қажет.

Сондай-ақ, өсімдік шаруашылығындағы ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыруды жалғастыру қажет. Мал шаруашылығын дамытудың неғұрлым перспективалы бағыты етті-сүтті мал шаруашылығы болады.

Тамақ өнеркәсібі. Қызметтің неғұрлым перспективалы түрлері дәнді-дақылдарды өңдеу, ликер-арақ және алкогольді емес сусындар өндірісі, ұн-жарма және сүт өнеркәсібі болып табылады. Облыстың шикізаттық әлеуетіне сүйене отырып, ет өңдеу және шұжық өнімдерін, ет деликатесін, сүт өнімдерін шығаруды ұйымдастыру қажет.

Өнеркәсіп. Облыстағы уран қорын (Заозерное, Звездное, Глубинное) ескере отырып, сондай-ақ өндірістік әлеуетіне сүйене отырып (Степногорск тау-кен химиялық комбинаты), өңірде қосылған құны жоғары сапалы инновациялық өнімдер шығарумен уран өндіруді және өңдеуді жалғастыру қажет.

Облыста алтын кен орындары базасында алтын рудалы өнеркәсіпті одан әрі дамыту қажет. Облыс аумағында алтынның бірегей кен орны баланстық қоры ағымдағы деңгейде жүздеген жылға жететін Васильковское кен орны болып табылады. Басқа перспективалы кен орындарына Ақсу, Ақбейіт, Жолымбет, Кварциттік төбешіктер, Бестөбе, Үзбой жатады. Кең ауқымды өнеркәсіптік игеруді тежейтін фактор кен қорының едәуір бөлігінің қиын байытылатын болып табылуы және кеннен алтынды алу қымбат тұратын тиімді және экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдануды талап ететіндігі болып табылады.

Өңірде перспективада Қарағанды облысының металлургиялық кәсіпорындарының кен қоры ретінде пайдаланылуға тиіс Атансор және Тілеген темір кен орындары, Массальское кен орындары орналасқан. Құбасадыр кен орны нефелиндік сиениттерін (бокситтік емес алюминий шикізаты) және Қызылтал қоңыр көмір қорын өндіру және өңдеу өндірісін дамыту қажет.

Құрылыс материалдарының өндірісі. Өңірде металл емес пайдалы қазбалар: каолин, мусковит, мәрмәр, құрылыс тасы, құрылыс құмы, құм-қиыршықтас қоспасы, кірпіш сазы және т.б. кеңінен таралған. Өңір цемент өндірісі үшін шикізат қоры бойынша республикада ең жақсы қамтамасыз етілген болып саналады.

Облыстың құрылыс материалдарына деген тұрақты сұранысын және ірі тұтынушы – Астана қаласының жақындығын ескере отырып, құрылыс материалдарының барлық ықтимал түрлерін дамыту мүмкіндігін қайта қарау қажет.

Сауданы дамыту. Экономиканың нақты секторында өсудің жоғары қарқындыларын сақтау, қолайлы ішкі және сыртқы конъюнктура бөлшек сауда тауар айналымының, сыртқы сауда көлемінің өсу үрдісінің сақталуын қамтамасыз етеді. Экспорттық жеткізілімдердің өсуі облыс үшін дәстүрлі өнімдер – дәнді-дақылдар, оларды өңдеу өнімдері (астық, арпа, ұн), машина жасау өнімдері (мойынтіректер, авиациялық өнімдер), түсті металдар (алтын) экспорты, сондай-ақ ИИДМБ іске асыру шеңберінде жаңа инвестициялық жобаларды пайдалануға беру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Туристік-рекреациялық әлеуетті дамыту. Облыстың бірегей табиғи–климаттық жағдайы, бай емдеу-рекреациялық ресурстары мен тарихи-мәдени қоры бар, республика орталығында географиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан, елорда – Астанаға жақын Щучинск-Бурабай және Зеренді курорттық аймақтарының негізінде айтарлықтай әлеуеті бар. Аталған аймақты дамытуға ойын бизнесі орталығының орналасуы да ықпал етеді.

Экологиялық туризмді дамыту үшін алаңы 2600 ш. км Қорғалжын қорығы, сондай-ақ Сандықтау таулары мен Ерейментау ауданы (Қарағайлы тауы) перспективалы болып табылады.

Өңірді дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020

жылға қарай 4 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Ақмола облысының ЖӨӨ-нің нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) 2013 жылғы деңгейге қатысты 28,2 %-ға өседі, бұл ретте тауарлар өндірісі НКИ өсімі 34,5 %-ға, көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ өсімі 22,5 %-ға өседі.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Перспективада өңір еліміздегі ең ірі аграрлық өндіріс және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу орталығы рөлін сақтап қалады. Тау-кен металлургиясы және өңдеуші өнеркәсіптің мамандандырылған бәсекеге қабілетті түрлері де одан әрі да м и т ы н б о л а д ы .

Өнеркәсіп. Тау-кен металлургиясы кешенінің технологиялық деңгейін арттыру тау-кен металлургиясы өнеркәсібінің жұмыс істеп тұрған өңдеуші өндірістерін жаңғыртуға бағытталады.

Машина жасау. Аграрлық кешеннің тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы техникасын өндіру кәсіпорындарын салу және кеңейту қажет. Облыста машина жасауды одан әрі дамыту жол құрылысы техникасының, автобустар мен автомобильдер өндірісі арқылы қамтамасыз етіледі.

Агроөнеркәсіптік кешен. Бұл бағытты дамыту бордақылау алаңдарына, ет өңдеу, диірмен және сүт кешендеріне, сүт-тауар фермаларына, құс фабрикаларына, өндірістерді одан әрі жаңғырту мен кеңейтуге негізделетін болады.

Мал шаруашылығы саласында асыл тұқымды мал шаруашылығын, оның ішінде Қостанай жылқы тұқымын дамыту басымдық алуға тиіс.

Алдағы кезеңде ылғалды сақтау технологиялары арқылы өңделетін егін алқаптарын ұлғайту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұдан басқа, астықты тереңдетіп өңдеу бойынша кластер құру қажет.

Сауда саясаты. Экспорттық жабдықтаудың өсуі облыс үшін дәстүрлі өнімдердің – дәнді дақылдар және оларды өңдеу өнімдері, сондай-ақ машина жасау өнімдері (автомобильдер, ауыл шаруашылығы машиналары), темір кендері, асбест және т.б.экспорты есебінен қамтамасыз етіледі.

Өңірдің туристік әлеуетін арттыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін туризм үшін неғұрлым тартымды жерлерде туризм инфрақұрылымы объектілері салынатын болады. Жергілікті қоғамдастықты көліктің экологиялық таза түрлерін пайдалана отырып, Наурызым ауданында экотуризмді дамыту процесіне тарту қажет.

Қабылданатын шаралар экономика салаларындағы жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 4,9 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік б е р е д і .

2020 жылы Қостанай облысының ЖӨӨ НКИ 2013 жылмен салыстырғанда 27,8 %-ға өседі. Бұл көрсетілетін қызметтер өндірісінің НКИ өсуінің (32 %-ға өсу) және тауарлар өндірісінің НКИ өсуінің (27,2 %-ға өсуі) нәтижесінде мүмкін болады.

Өңірдің перспективалық дамуы оның аграрлық-индустриялық әртараптандырылуы негізінде ауыл шаруашылығының жоғары әлеуетін одан әрі нығайтуға негізделетін болады. Өңірді дамытудың тағы бір маңызды бағыты әртараптандырылған өнеркәсіп секторы мен өңдеуші өнеркәсібі кәсіпорындарының серпінді дамушы әлеуетіне негізделі отырып, өңірдің индустриялық-инновациялық дамуын жеделдету болып т а б ы л а д ы .

Агроөнеркәсіптік кешен. Өсімдік шаруашылығында майлы және жем-шөп дақылдары, картоп пен көкөніс егістерін кеңейту арқылы егін алқаптарын әртараптандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Мал шаруашылығы өнімі өндірісін өсіру үшін жаңа заманауи кешендер мен фермаларды пайдалануға беру, жем-шөп базасын және асыл тұқымды табынды жақсарту, өндірістің тиімді инновациялық технологияларын енгізу қажет.

Балық шаруашылығының әлеуетін жандандыру. Облыстың балық шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдайлары бар, осыған байланысты облыстың балық шаруашылығы су тоғандарын құнды балық түрлерін көбейту арқылы балық қорларын өсіру ұ л ғ а й т ы л а т ы н б о л а д ы .

Машина жасауға басымдылық бере отырып, индустриялық даму. Мұнай-газ (құбыржол арматурасын, сұйықтық сорғылары мен бұрғылау қондырғыларын, газ айдау агрегаттарын шығару), көлік және қорғаныс машиналарын жасау саланың негізгі перспективалы бағыттарына айналады. Теміржол машиналарын жасауда жүк вагондарын, түйіртпек тасығыштарды, контейнер тасығыштарды, астық тасығыштарды , теміржол автоматикасы мен байланыс құралдарын, цифрлық телевизияны дамытуға арналған жабдықтар шығаруды қамтамасыз ету қажет.

Облыста бірқатар маңызды кен орындары мен алтын, күміс, техникалық және зергерлік алмас, қалайы, титан, түсті және сирек металдар, қоңыр көмір кендері негізінде тау-кен өндірісі өнеркәсібін де дамыту мүмкіндігі бар.

Облыстың кен емес пайдалы қазбалар қоры шексіз, осыған байланысты құрылыс индустриясында ұсақтас, кварцты құм, құрғақ көбік-бетон қоспалары, қож-сілтілі цемент, темір-бетон бұйымдары мен конструкциялары, тауар бетонын, жұмсақ жабын материалдары, құрылыстық металл конструкциялар, сэндвич-панельдер, полимер және болат құбырлар, жылдам салынатын тұрғын үйлерді монтаждауға арналған ҚШП-панелін өндіру жүзеге асырылатын болады.

Сауда саясаты. Солтүстік Қазақстан облысы мен алыс және жақын шет елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің әріптестік қарым-қатынасы кеңейтілуге тиіс. Экспортқа бағдарланған өнім көлемін ұлғайту үшін жаңа технологияларды енгізу мен еңбек өнімділігін арттыру негізінде олардың сапасын арттырып, өзіндік құнын төмендету қ а ж е т .

Солтүстік Қазақстан облысын дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске

асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 4,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Солтүстік Қазақстан облысының ЖӨӨ НКИ 2013 жылмен салыстырғанда 30,3 %-ға өседі. Бұл көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ 32,2 %-ға және тауарлар өндірісінің НКИ 29,6 %-ға айтарлықтай өсуінің нәтижесінде мүмкін болады.

Оңтүстік макроөңір (Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары)

Макроөңірдің стратегиялық даму бағыттары

Перспективада ауыл шаруашылығы макроөңірдің дамуындағы негізгі бағыт болып қала береді. Еліміздің басқа өңірлеріндегі, сондай-ақ Ресейдегі өткізу нарықтарына бағдарланып, жеміс-көкөніс кластері дамитын болады.

Мақта өндірісі негізінде ішкі және сыртқы өткізу нарықтарына бәсекеге қабілетті өнім шығаратын мақта-тоқыма кластерін қалыптастыру қажет.

Қаратау бассейніндегі үлкен фосфор кен орындарының негізінде химия өнеркәсібінің одан әрі дамуы күтіледі. Сондай-ақ макроөңірде карбонатты және балшықты шикізаттың кен орындары шоғырланған, бұл алдағы уақытта да құрылыс материалдарының ірі өндірушісі болып қалуға мүмкіндік береді.

Макроөңірдің барынша перспективалы бағыты Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында жұмыс істейтін мұнай өңдеу зауытының негізінде мұнайды тереңдетіп өңдеу жөніндегі қуаттарды дамыту болуға тиіс. Бұл Оңтүстік макроөңірдің сапалы әрі қолжетімді жанар-жағар май материалдарына қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру

А л м а т ы о б л ы с ы

Қала өнеркәсібінің жедел дамуы Талдықорған қаласында индустриялық аймақ құру перспективаларына байланысты болады. Өндірістік күштердің перспективалық дамуы жоғары технологиялық, экспортқа бағдарланған өндірістерді құруға бағытталатын болады. Қала өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыттары перспективада тамақ өнеркәсібін, машина жасауды, құрылыс материалдарын өндіруді одан әрі дамыту және т . б . б о л а д ы .

Қапшағай қаласы перспективада Алматы қаласының серіктес қаласының функциясын орындайтын болады. Қала туристік индустрияны және ойын бизнесін, өнеркәсіпті, көрсетілетін қызметтер саласын дамыту аймағына айналады.

Текелі қаласын дамыту тау-кен металлургия өнеркәсібін одан әрі дамытумен, атап айтқанда, электролитті марганец өндірісімен, кен өңдеумен, темір кені концентратын брикеттеумен, мия өндірумен байланысты болады. Сондай-ақ қаланың географиялық орналасқан жері туризм мен демалыс саласын дамытуға мүмкіндік береді.

Есік қаласының экономикалық дамуының негізгі бағыты перспективада туристік қ ы з м е т б о л у ғ а т и і с .

Жаркент қаласын дамыту Шекара маңы ынтымақтастығының «Қорғас» халықаралық орталығына жақындығының артықшылығын пайдалануға негізделетін болады. Экспортқа бағдарланған өнімдердің жаңа түрлерін игеру, сондай-ақ «Жетіген-Қорғас» теміржолының құрылысы қала өнеркәсібін дамытуға жаңа серпін б е р е д і .

Қала өнеркәсібін дамытудың басым бағыты ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу болып табылады. Жүгеріні толық және терең өңдеу үшін «Жаркент жүгері-сірне зауыты» ЖШС-нің жаңа зауытын салу қажет.

Перспективада Қаскелең қаласы тамақ өнімдерін өндіруде ағымдағы мамандануын сақтап қалады және дамыған инженерлік, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымымен Алматының серіктес қаласы ретінде позицияланатын болады.

Сарқанд қаласының аграрлық мамандануын ескере отырып, тамақ өнеркәсібін және ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуді дамытқан орынды.

Тамақ өнеркәсібін перспективалы дамытумен өндірілетін өнімнің қосылған құнын айтарлықтай ұлғайтумен сүйемелденетін болады.

Талғар қаласының негізгі мамандануы перспективада тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу болады. Сондай-ақ, Талғар қаласының дамуы Алматы мегаполисінің серіктес қаласы функциясын орындаумен тығыз байланысты болады.

Үшарал қаласының экономикалық дамуының басым бағыттары тамақ өнеркәсібін және Алакөл курорттық аймағының базасында туристік қызметтерді дамытумен б а й л а н ы с т ы б о л а д ы .

Үштөбе қаласын дамытудың перспективалы бағыты ауыл шаруашылығы өнімін өсіру, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінің толық циклді (өсіруден дайын өнімге дейінгі) өңдеу кәсіпорындарын құру болып табылады. «Казсиликон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі базасында поликристалды кремнийден дайын өнім шығару бойынша жоғары технологиялы өндіріс құру тағы бір перспективалы бағыт болып табылады.

Ж а м б ы л о б л ы с ы

Тараз қаласының өнеркәсібін дамытудың перспективадағы басты бағыты химия өнеркәсібін одан әрі дамыту болып табылады. Химия өнеркәсібін дамыту Тараз қаласындағы Қазфосфат кәсіпорнында сары фосфорды, натрий үш полифосфатын, ортофосфор қышқылын, тыңайтқыштарды шығару көлемін ұлғайтуға бағытталатын б о л а д ы .

Перспективада Қаратау қаласы фосфорит өндірудегі ағымдағы мамандануын сақтап қалады. Қаланы дамуы Қаратау бассейнін одан әрі игеруге байланысты болады.

Жаңатас моноқаласының даму перспективасы Көк-Жон, Аралтөбе, Кесіктөбе учаскелеріндегі фосфорит кен орындарын игеруге байланысты болады. Химия өнеркәсібі перспективада қаланың негізгі мамандануы болып табылады.

Жамбыл облысының ауылдық елді мекендерді дамытудың негізгі бағыты ауыл шаруашылығы болады. Өсімдік шаруашылығында бидай, арпа, сұлы, астыққа арналған

жүгері, бұршақ тұқымдастар, соя, күнбағыс, сафлор, қант қызылшасы, картоп, көкөніс, бақша дақылдары, алма өсіру перспективалы болып табылады. Мал шаруашылығында сүтті-етті бағыттағы ірі қара мал, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы, биязы және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту перспективалы болады.

Қызылорда облысы

Тамақ өнімдерінің, құрылыс материалдарының өндірісі және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу Қызылорда қаласын дамытудың перспективалы бағыттарына айналады.

Арал және Қазалы шағын қалаларын перспективада дамытудың негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнімдерін өндіру, балық шаруашылығы болады.

Қызылорда облысының ауылдық елді мекендерін дамытудың перспективалы бағыттары күріш, арпа, сафлор, жем-шөп дақылдарын, көкөністер және бақша дақылдарын өсіру болып табылады. Мал шаруашылығында етті ІҚМ өсіру, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы, қаракөл және түйе шаруашылығын дамыту перспективалы болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Шымкент қаласын перспективада дамытудың негізгі бағыттары тамақ өнімдерін өндіру, жеңіл өнеркәсіп, фармацевтика, құрылыс материалдарын өндіру, металл өңдеу, машина жасау болады. Тамақ өнеркәсібін одан әрі дамыту ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге және қосылған құны жоғары өнім өндірісіне байланысты болады.

Арыс қаласын одан әрі дамыту қаланың қала құраушы кәсіпорнының машина жасаудағы өндіріс көлемін ұлғайтуға, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуде және тамақ өнеркәсібінде жаңа өндірістерді құруға байланысты болады.

Кентау қаласын перспективалы дамыту экономиканы әртараптандыруға және қала құраушы кәсіпорынға тәуелділікті азайтуға бағытталатын болады. Өнеркәсіпті дамытудың перспективалы бағыттары тау-кен өндіру өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік өнімдерінің өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі болады.

Тау-кен өнеркәсібін дамыту өнеркәсіптік айналымға барит кендерінің, мыстың және кен емес пайдалы қазбалардың перспективалы кен орындарын тартуға байланысты болады.

Түркістан қаласының перспективада экономикалық дамуының негізгі бағыты туризм болады. Қала тарихи туризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие – аса маңызды тарихи объектілері және ескерткіштері бар. Туристік саланы дамыту жергілікті шикізатты пайдалана отырып, кәдесый өнеркәсібін дамыту үшін жағдайлар жасайды. Басты бағыт – жергілікті тарихи жәдігерлер кәдесыйы. Бұдан басқа, қалада шитті мақта өңдеу, тоқыма өнеркәсібін қалпына келтіру және дамыту бойынша өндірістерді ұйымдастырған жөн.

Жетісай қаласының мамандануын ескере отырып, перспективадағы дамудың негізгі

бағыты мақта өңдеу бойынша ірі өнеркәсіп кәсіпорындары желісін пайдалану болып табылады.

Леңгір қаласының перспективалы дамуы тоқтап қалған кәсіпорындарды іске қосу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту есебінен болғаны орынды. «Үміт» және «Шұғыла» тігін фабрикаларын, Леңгір машина жасау зауытын, нақты балқыту және темір-бетон бұйымдары зауытын қалпына келтіру қажет. Аталған кәсіпорындарды қалпына келтіру нәтижесінде қосымша 3 мың жұмыс орнын құру мүмкін болады.

Сарыағаш қаласын экономикалық дамытудың негізгі бағыты перспективада туристік қызмет болуға тиіс.

Перспективада Шардара қаласын экономикалық дамыту Шардара су электр станциясының қуатын өсіруге байланысты болады. Бұдан басқа тамақ, балық, тоқыма өнеркәсіптерінде және ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуде шағын және орта бизнесті дамыту қажет. Тағы бір тартымды бағыт туристік саладағы көрсетілетін қызметтер саласын дамыту болуы мүмкін.

Облыстың ауылдық елді мекендерінің негізгі мамандануы перспективада бидай, арпа, астыққа арналған жүгері, бұршақ тұқымдастар, күнбағыс, сафлор, мақта, жем-шөп дақылдарын, бақша және жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру болып табылады. Мал шаруашылығында ІҚМ, қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, қаракөл өсіру перспективалы болады.

Макроөңірде халықты қоныстандырудың негізгі бағыттары 711,8 мың тұрғыны бар Шымкент қаласы оңтүстік макроөңір хабына айналады. Оңтүстік макроөңірде шапшаң дамитын қалалар қатарына Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Қаскелең және Түркістан жатады.

Шымкент қаласын оңтүстік макроөңір хабы ретінде дамыту Шымкент агломерациясын дамытуға байланысты болады. Шымкент қаласын дамыту үшін Тараз – Шымкент бағытында Алматы хабымен байланыстарды одан әрі нығайту маңызды болады.

Оңтүстік макроөңірдің екінші деңгейдегі қалаларын дамыту Талдықорған, Тараз, Қызылорда қалаларын тарта отырып, Алматы және Шымкент агломерацияларының даму қарқындарымен байланысты болады.

Шымкент хаб-қаласының және бүкіл оңтүстік макроөңірдің инфрақұрылымын дамыту халықтың ұтқырлығын арттырады, сондай-ақ Түркістан қаласында макроөңірдің туристік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

2020 жылға қарай Қызылорда, Тараз, Талдықорған, Түркістан сияқты тірек қалаларда халықтың болжамды саны тиісінше 307,3 мың адамды, 359,2 мың адамды, 191,7 мың адамды, 275 мың адамды құрайды.

2020 жылға қарай Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында халықтың күтілетін саны тиісінше 1965,6 мың адамнан

2215,1 мың адамға дейін, 1077,2 мың адамнан 1162,8 мың адамға дейін, 733,2 мың адамнан 825,0 мың адамға дейін, 2706,1 мың адамнан 3113,4 мың адамға дейін ұлғаяды.

Әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту перспективалары.

Білім беру. Аталған макроөңір балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және білім берумен қамтудың ең төмен деңгейімен, оқушы орындарының жоғары тапшылығымен және оқытудың үш ауысымды жүйесінің жоғары үлесімен сипатталады. Осыған байланысты, мемлекет макроөңірде оңтүстік макроөңірдің мектепке дейінгі мекемелер желісін кеңейтуге басты назар аударуға тиіс. Орта білім беру саласында жаңа мектептер салу мен қолданыстағы мектептерді күрделі жөндеу есебінен авариялық мектептерді толық жою, сондай-ақ оқытудың үш ауысымды жүйесін жою қажет. Ауылдық жерлерде тірек мектептерді құру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Макроөңірдің денсаулық сақтау саласында жүйелі проблемалар орын алған. Мәселен, дәрігерлермен қамтамасыз ету 10000 адамға 29 бірлікті ғана құрайды, ол орташа республикалық деңгейдің 76 %-ын құрайды. Аурухана кереуеттерінің саны елдегі ең төмен деңгейде тұр (10000 адамға 54,4). Сондықтан макроөңірдің денсаулық сақтау саласындағы басты міндет дәрігер кадрлармен қамтамасыз етуді арттыру және денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту болып т а б ы л а д ы .

Бұдан басқа, жедел ден қою үшін санитариялық авиация қызметінің санитариялық автокөлікпен жарақталуы арттырылады. Дәрігер кадрлардың, әсіресе ауылдық жерлерде, тапшылығын төмендету үшін медициналық қызметкерлерге әлеуметтік пакет ұсыну қажет, сондай-ақ жеңілдікпен қызметтік тұрғын үй алуға жәрдемдесу қ а ж е т .

Жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саласында кадрлық қамтамасыз етумен өңірдің басым мамандануы арасында өзара байланыс болуы тиіс. Ол үшін еңбек нарығында үлкен сұраныстағы мамандықтар бойынша оқыту мен қайта оқытуды жүргізу қажет. Жұмыспен қамту саласындағы саясат кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға, еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығына, өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың өнімді жұмыспен қамтылуын арттыруға және олардың мәртебесін заңды түрде бекітуге бағытталуы тиіс.

Көліктік инфрақұрылымда жол желісін заманауи стандарттарға сәйкес келтіру және тасымалдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Макроөңір ішіндегі көлік байланысы Алматы мен Шымкент хаб-қалаларына бағытталуға тиіс. Елдің басқа өңірлерімен байланыс Астана, Өскемен және Ақтөбе сияқты басқа хаб-қалалармен жоғары сапалы көліктік инфрақұрылым салу және реконструкциялау арқылы ұйымдастырылуға тиіс. Өңір арқылы өтетін көлік бағыттарын, сондай-ақ шекара маңы сауда орталықтарының инфрақұрылымын дамыту жалғасады.

ТКШ саласында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен жабдықты пайдалана

отырып электр энергетикасының, жылумен жабдықтаудың, газбен жабдықтаудың және сумен жабдықтаудың жаңа объектілерін реконструкциялауға және салуға бағытталған шаралар қабылдау қажет.

Макроөңірдің энергиямен қамтамасыз етілуін арттыру үшін ірі және кіші гидроэлектр станцияларын (бұдан әрі – ГЭС) салу қажет. Жел энергетикасы облыстың балама энергетикасын дамытудың тағы бір перспективалы бағыты болып табылады. Шелек жел дәлізі мен Жоңғар қақпасында жел электр станцияларын салу қажет.

Халықтың тұрмыс деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау.

Халықтың тұрмыс деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау жөніндегі шаралар жұмыссыздықты, өз бетінше өнімсіз жұмыспен қамтылу деңгейін азайтуға, сондай-ақ ел халқының табысын өсіруге бағытталатын болады.

Жұмыссыздық деңгейін қысқарту үшін макроөңірде, оның ішінде ауылдық елді мекендерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шараларын қабылдау қажет. Кәсіби білім беру жүйесін дамыту қызметкерлерді еңбек нарығының өзгерістеріне бейімдей отырып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Тапшы мамандықтар мен кәсіптерге ерекше назар аударылуға тиіс. Сондай-ақ жұмыссыздықпен күрестің тағы бір әдісі жас мамандарды мақсатты түрде жұмысқа орналастыру болып табылады. Бұл – бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау және іске асыру.

2020 жылға қарай экономика салаларында жұмыспен қамтылғандар саны: Алматы облысында – 1 071,3 мың адам, Жамбыл облысында – 504,8 мың адам, Қызылорда облысында – 357,7 мың адам, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1231 мың адам болады.

Макроөңір экономикасын индустрияландыруға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру 2020 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖӨӨ-ні 1,7 млн. теңгеге дейін, оның ішінде Алматы облысында – 1,6 млн. теңгеге дейін, Жамбыл облысында – 1,5 млн. теңгеге дейін, Қызылорда облысында – 2,9 млн. теңгеге дейін, Оңтүстік Қазақстан облысында – 1,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасы болжамды есептеулер бойынша оңтүстік макроөңірде орта есеппен 53,4 %-ды құрайды, оның ішінде Алматы облысында – 46,7 % (2013 жылы – 42,2%), Жамбыл облысында – 42,9 % (2013 жылы – 40,0 %), Қызылорда облысында – 82,6 % (2013 жылы – 93,4 %) және Оңтүстік Қазақстан облысында – 41,5 % (2013 жылы – 37,9 %) құрайды.

Тұтастай алғанда, болжамды деректер оңтүстік макроөңірде жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасының айтарлықтай өзгермейтінін көрсетеді. Бұл үрдіс ЖӨӨ өндірісінің елеусіз құрылымдық өзгерісімен байланысты. Мәселен, Алматы облысында ЖӨӨ құрылымындағы өнеркәсіп үлесі 2013 жылғы 22,9 %-дан 2020 жылға қарай 18,5 %-ға дейін төмендейді, көрсетілетін қызметтер өндірісінің үлес салмағы 2013 жылы 46,6 % -дан 2020 жылға қарай 48,8 %-ға

д е й і н

а з д а п

ұ л ғ а я д ы .

ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіптің үлес салмағының 2020 жылға қарай төмендеуінің баламалы үрдісі Оңтүстік Қазақстан (25,4 %-дан 20,8 %-ға дейін), Жамбыл (17,5 %-дан 15 %-ға дейін), Қызылорда (44 %-дан 27,6 %-ға дейін) облыстарында орын алады.

Экологиялық даму перспективалары

Облыстың экологиялық жағдайын жақсарту үшін сарқынды суларды тазарту құрылыстарын салу, қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) полигондарын, сондай-ақ қоқыс өңдеу кәсіпорындарын салу бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Арал теңізін қалпына келтіру, оның ішінде Сырдария өзенінің гидрологиялық режимін жақсарту және су көлемін арттыру жөніндегі шараларды жалғастыру қажет. Бұдан басқа, жыл сайын орман көшеттері алқабын ұлғайту, сондай-ақ табиғи өртке қарсы күрес жүргізу бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Стационарлы және жылжымалы көздерден негізгі ластағыш заттардың атмосфераға жалпы шығарындыларын төмендету қажет. Ол үшін макроөңір кәсіпорындарында аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды енгізу, шығарындыларды/қалдықтарды тиімді тазалау жүйелерін пайдалану қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында радиациялық ахуалға мониторинг жүргізу, сондай-ақ өңірдің шөл далаларында ормандарды қалпына келтіру жұмыстарының көлемін ұлғайту қажет.

Өңірдің бәсекелі басымдықтарын пайдалану перспективалары

Ж а м б ы л о б л ы с ы

Облыстың стратегиялық перспективалары қайта өңдеу деңгейі мен тереңдігін арттыра отырып, өңірдің әртүрлі ауыл шаруашылығы өнімі түрлерінің ірі жеткізушісі ретіндегі рөлін қолдауға және күшейтуге, сондай-ақ заманауи өндірістердің жаңа түрлерін игеру арқылы, өнеркәсіптің әлеуетін қалпына келтіруге және одан әрі дамытуға байланысты болады.

Өнеркәсіп. 2020 жылға дейінгі кезеңде облыстың басты индустриялық мамандануының негізі өңірдің басты салалары: химия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерінің өндірісі болады.

Базалық химия өнеркәсібін қалпына келтіру мен дамыту. Облыста фосфориттер мен балқытылатын шпаттардың мол қорлары шоғырланған. Фосфордың перспективалы кен орны Қаратау бассейні болып табылады.

Саланы дамыту сары фосфор, натрий триполифосфаты, ортофосфор қышқылы, тыңайтқыштар өндірісі көлемін ұлғайтуға бағытталады.

Табиғи қорлар негізінде облыс үшін мынадай жаңа салаларды құру қажет:

1) темір және титан концентратын, жоғары көмірсутекті тазартылған болатты шығару бойынша тау-кен металлургиясы кешенін салу;

2) флюоритті қайта өңдеу (фтор, жасанды криолит және бірқатар фтор қосындыларын шығару);

3) кальцийлендірілген сода өндіру;
4) кейіннен 99,9 % кремний өндірісіне қол жеткізе отырып, «күнге» 99,5 %-ға жақындатылған техникалық кремний өндіру.

Сондай-ақ облыста жеке қажеттіліктерді жабу үшін ғана емес, сонымен қатар елдің көрші өңірлеріне экспортқа шығару үшін құрылыс материалдарының өндірісіне арналған минералдық-шикізат базасы бар.

Агроөнеркәсіптік кешен. Облыста өсімдік шаруашылығындағы өндірістік әлеует сақталған, табиғи-климаттық жағдайлар ауыл шаруашылығы дақылдарының тиімді әрі рентабельді сұрыптарының өндірісіне септігін тигізеді. Осыған байланысты облыстың АӨК-сін жоғары сапалы агроөнеркәсіп өнімдерінің (консервіленген жеміс-көкөніс, ет, сүт өнімдері, қант, жүн және былғары бұйымдар) өндірушісі мен жеткізушісі ретінде дамыту қажет.

Шөлді алқаптардың жоғары аграрлық әлеуетінің негізінде түйе шаруашылығы одан әрі дамитын болады. Сондай-ақ, шұжық бұйымдары мен ет жартылай фабрикаттарын дайындау мен шығару бойынша өндірістерді одан әрі дамыту қажет.

Жеміс-көкөніс өнімдері. Қала маңы аудандарындағы қайта өңдеуші қуаттар мен шикізат өндірістерінің жоғары шоғырлануына, пайдаланылмайтын қуаттардың болуына және экологиялық таза өнімдер өндірісінің мүмкіндіктеріне байланысты Жеміс-көкөніс саласы облыстың барынша перспективалы сала болып табылады.

Сауда саясаты. Сауда инфрақұрылымын дамыту саласындағы саясатты сауда және логистикалық ұйымдарды құру мен дамыту үшін жерді, алқаптардың қолжетімділігін, сауда жабдықтарын сатып алу мүмкіндігін ұлғайтуға бағдарлау қажет.

Туризмнің дамуына Жамбыл ауданының Ақыртас сарай кешені және Жуалы ауданындағы «Тау самалы» туристік кешені сияқты ірі туристік нысандарға апаратын жолдарды салу ықпал ететін болады. Сондай-ақ, туристік сала мамандарын дайындау деңгейін жақсарту бойынша белсенді шаралар қабылдау қажет.

Өңірді дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 3 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Жамбыл облысының ЖӨӨ НКИ 2013 жылмен салыстырғанда 22,4 %-ға өседі, бұл ретте көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ – 30,8 %-ға және тауарлар өндірісі – 10,4 %-ға өседі.

Қызылорда облысы

Облыстың стратегиялық міндеті мұнай-газ секторының ресурстарын негізге ала отырып, облыстың минералды және аграрлық ресурстарын игеру негізінде өңдеуші өнеркәсіптің өрлеуін қамтамасыз ету, АӨК, тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдары мен шыны өнеркәсібі өнімдерінің бәсекеге қабілетті түрлерінің өндірісін дамыту, сондай-ақ транзиттік әлеуетті іске асыру болып табылады.

Облыста газ конденсатын қоса алғанда, мұнай өндіру көлемі 2020 жылға қарай

төмендейтін болады, бұл мұнай кен орындары қорларының таусылуына байланысты. Бұған қарамастан, облыста мұнай мен газдың едәуір қоры бар. Осыған байланысты, өңірде мұнай мен газ өндіруді ұлғайту үшін жоспарлы геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу қажет.

Өнеркәсіп.

Облыста уран кендерінің елеулі қорлары шоғырланған (республикалық көлемнің 14,7 %), осыған байланысты облыста уран өнеркәсібін дамыту қажет.

Түсті металлургияның (мырыш және қорғасын) дамуын байыту фабрикасын салу есебінен, сондай-ақ Шалқия кенішін реконструкциялау мен кеңейту есебінен қамтамасыз ету керек.

Облыста Баласауысқандық және Құрымсақ ванадий ірі кен орындары орналасқан. Олардың базасында ванадий кеніштерін өндіру мен қайта өңдеуді ұйымдастыру қажет.

Арал ауданындағы кварц құмы кен орындарына негізделе отырып, облыста еліміздің табақ шыныға қажеттіліктерін 100 % қамтамасыз етуге қабілетті шыны өнеркәсібін дамыту қажет.

Облыста кеңінен таралған металл емес пайдалы қазбалардың негізінде облыс қажеттіліктерін қамтамасыз ететін құрылыс материалдары өнеркәсібі дамытылуға тиіс.

Агроөнеркәсіптік кешен. Өңір мал шаруашылығы саласында жоғары әлеуетке ие, ол қой мен ешкі санын қалпына келтіруге бағытталатын болады. Бұдан басқа, облыста түйе шаруашылығын дамытып, тиісті өнімдердің (жүн, шұбат және басқалары) өндірісін дамыту қажет. Мал шаруашылығы саласын тиімді дамыту мақсатында асыл тұқымды базаны дамыту, орнықты жем-шөп базасын құру, заманауи орта және ірі тауар өндірісін қалыптастыру процестерін ынталандыру керек.

Облыстың қауіпті егіншілік аймағында орналасқандығын ескере отырып, ирригациялық жүйелер мен суармалы егіншілікті қалпына келтіру өсімдік шаруашылығындағы артықшылық болуы тиіс.

Сауда саясаты. Сыртқы сауда операцияларын дамыту үшін:

1) өндірістік инфрақұрылымға, технологияларға және т.б. инвестициялау арқылы қосылған құны жоғары өнімдердің үлесін ұлғайтуды ынталандыру;

2) өндірістің технологиялық және инновациялық мәселелері бойынша өзара байланысқан кәсіпорындардың ынтымақтастығын күшейту;

3) индустриялық аймақтар негізінде өнеркәсіптік өндірісте ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді дамытуға жағдай жасау қажет.

Өңіраралық сауданы дамыту бағыты. Ескерткіштер, әрлеу мен құрылыс салу үшін гранит, құмдауық және тас сияқты құрылыс материалдары мен ауыл шаруашылығы өнімдері басқа да өңірлер тұтынатын тауарлар болып табылады. Сондықтан аталмыш салаларды дамыту Қызылорда облысының өнімдерін басқа өңірлерге шығаруды ұлғайтуға әкеліп, сол арқылы өңіраралық кооперацияның дамуына ықпал етеді.

Туристік-рекреациялық әлеуетті дамыту. Облыстың туризмді дамыту саласында

жоғары әлеуеті бар. Туризмнің аса перспективалы бағыттары: Арал ауданының «Қамыстыбас» демалыс аймағы, Байқоңыр қаласындағы «Ғарыш айлағы», «Қорқыт ата» қажылық туризм орталығы, Жаңақорған ауданының минералды сулары, Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің жағасындағы заманауи технологиялармен жабдықталған жағажай құрылысы.

Өңірді дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 5,9 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2013 – 2020 жылдары Қызылорда облысының ЖӨӨ НКИ 24,4 %-ға өседі. Облыстың ЖӨӨ НКИ көрсетілетін қызметтер өндірісінің НКИ – 30,2 %-ға және тауарлар өндірісінің НКИ 20,0 %-ға өсіру есебінен өсетін болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы

Өңір перспективалы кезеңде ірі аграрлық өңір ретіндегі рөлін сақтап қалады. Облыс фармацевтика саласын дамытудағы, мұнай өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі жетекші орнын да, діни туризмнің жетекші орталығы ретіндегі орнын да сақтап қалады.

Өнеркәсіп. Облыста тау-кен өндіру өнеркәсібін дамыту уран кен орындарының болуына байланысты. Аталған шикізат түрінің қоры бойынша облыс республикамызда 1-орынға ие (жалпы республикалық көлемнің 57,7 %).

Қатты пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеуді дамытудың негізгі бағыттары қорғасын, тазартылған алтын, күміс өндірісі болады.

Облыста өндірілетін өнеркәсіптік өнімнің көлемін арттыру үшін, сондай-ақ салада жұмыспен қамтылғандардың санын қалпына келтіру үшін түсті металдарды өндіру мен олардың өндірісі көлемдерін ұлғайтуға болады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің перспективалы бағыты алтын кені өнеркәсібі болып табылады. Құрамында алтыны бар кен қорлары бойынша облыс республикамызда 7-ші орында. Аса перспективалы кен орындары Келіншектау, Шован, Жолбарысты болып табылады. Осыған байланысты, алтын кен орындары негізінде алтын өндіруші өнеркәсіпті, сондай-ақ, зергерлік өнеркәсіп сияқты жоғары қайта балқытуды ұйымдастыру қажет.

Қорғасын өндіру мен өңдеуді Жоғарғы күмісті (18 мың тонна), Мырғалымсай (10 мың тонна, бұл ретте мемлекеттік теңгерімге қосылмаған қор 800 мың тоннаны құрайды) кен орындарында жүзеге асыру қажет.

Құрылыс материалдарын өндіру. Өңірде кен емес шикізат пен жалпы танымал пайдалы қазбалар негізінде жұмыс істейтін құрылыс материалдарының өнеркәсібі барынша жақсы дамыған. Облыстың құрылыс материалдарына деген тұрақты қажеттілігін ескере отырып, құрылыс материалдары өндірісінің көлемдерін қалпына келтіру және саладағы жұмыспен қамтылғандар санын арттыру бойынша іс-шаралар қабылдау қажет.

Машина жасау мен металл өңдеу саласының жоғары еңбек қажеттілігін және Балқаш жылу электр станциясын салу есебінен өңірдің энергиямен қамтамасыз етілуін арттыру мүмкіндіктерін ескере отырып, инновациялық металл өңдеуші өнеркәсібі мен машина жасау өндірісін дамыту перспективалы даму бағыттарының біріне айналуға тиіс.

Химия өнеркәсібі. Мұнайды қайта өңдеуші өнеркәсібін дамыту перспективалары мұнай өңдеудің тиімділігін арттыруға байланысты. Ол үшін Шымкент қаласында мұнай өңдеу зауытын жаңғыртып, қуаттарын кеңейту қажет.

Агроөнеркәсіптік кешен. Мынадай өндірістер агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың перспективалы бағыттары болуға тиіс:

- 1) мақта талшығының өндірісі, оның ішінде, шиті мақтаны қайта өңдеудің циклы аяқталған шағын кәсіпорындар құру;
- 2) сүтті-етті мал шаруашылығы, қой шаруашылығы және қаракөл шаруашылығы;
- 3) коза, құнды дәрілік дақылдарды, жемістер, ерте пісетін көкөністер мен бақша дақылдарын өсіру, сондай-ақ күріш шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын дамыту;
- 4) жеміс-көкөніс консервілеу, шарап шаруашылығы, түрлі құрамдағы шырындар, джем, повидло, сублимацияланған өнім, балалар тағамы өнімдерін дайындау.

Жеңіл өнеркәсіпті қалпына келтіру және дамыту. Саланы дамытудың барынша перспективалы бағыттары киім тігуді, аяқ киім мен былғары-галантерея бұйымдары өндірісін ұйымдастыру, тоқыма өндірісін дамыту, мақта-мата бұйымдарын дайындау болуға тиіс.

Облыста белсенді демалысты, рекреацияны және курорттық-санаторийлік емдеудің алуан түрін дамыту үшін табиғи-климаттық жағдайлар бар. Бұдан басқа, облыс археологиялық, тарихи және мәдени ескерткіштерге (1209 тарих және мәдениет ескерткіші) бай, оның ішінде Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб, Домалақ Ана кесенелері, сондай-ақ «Отырар», «Сауран» ежелгі қалашықтары және басқалары бар.

Осыған байланысты туристік қызметтің мынадай басым бағыттарын:

- 1) діни туризмді;
- 2) экологиялық туризмді;
- 3) емдеу-сауықтыру туризмін дамыту қажет.

Өңірді дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 3,2 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Оңтүстік Қазақстан облысының ЖӨӨ НКИ-нің өсуі 2013 жылмен салыстырғанда 19,8 %-ды құрайды. ЖӨӨ НКИ-нің өсуі көрсетілетін қызметтер өндірісінің НКИ – 29,3 %-ға және тауарлар өндірісін – 7,1 %-ға ұлғайту есебінен қол жеткізілетін болады.

А л м а т ы о б л ы с ы

Қалыптасқан мамандануды ескере отырып, перспективада облыс ауыл

шаруашылығы өндірісін қарқындатуға және оның өнімін тереңдетіп қайта өңдеуге бағытталған республиканың ірі агроиндустриялық базасы ретінде позицияланатын болады. Алматы қаласының даму перспективаларын ескере отырып, өңірдің азық-түлік белдеуі және қарқынды агломерациялық өсу аймағы ретіндегі рөлі нығайтылуы тиіс.

Агроөнеркәсіптік кешен. Ет, сүт, жүн өндіру және құс шаруашылығын дамыту мал шаруашылығын дамытудың басым бағыттары болып табылады. Ет өндіру кластері Алматы агломерациясының барлық аймақтарында қалыптастырылатын болады. Құс шаруашылығы кластерін дамыту ішкі нарықтағы құс еті импортын алмастыруға бағытталатын болады.

Сүт кластері Жамбыл, Іле, Талғар, Қарасай аудандарының шаруашылықтарынан әкелінетін шикізат жеткізушілер негізінде қалыптасатын болады.

5 бағыт бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кооперациясы мен бірігуі негізінде дайындау орталықтарын құру қажет: мал соятын пункт, қаймағы алынбаған сүт жинау пункті, көкөніс қоймасы, машина-технологиялық станция және тамшылатып суару.

Өсімдік шаруашылығы. Жүгері, қант қызылшасы, майлы дақылдар, темекі, жем-шөп дақылдары, жеміс шаруашылығы мен жүзім шаруашылығы өндірістері перспективалы бағыттарға айналады.

Жеміс-көкөніс кластері Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарының қайта өңдеу кәсіпорындарын құрайды, өнім берушілері – Еңбекшіқазақ, Қарасай, Талғар, Панфилов және Ұйғыр аудандарының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері.

Тамақ өнеркәсібін дамыту. Облыста өндірілетін ауылшаруашылығы шикізатын қайта өңдеу, сүт және ет өнімдерін, өсімдік майын, қант, ұн өндіру, шарап жасау, темекі өндірісі саланы дамытудың негізгі бағыттары болады. Соя, қызанақ, жүгері-крахмал сірнесін қайта өңдеуді, лимон қышқылын, қойылтылған және құрғақ сүт, ет және балық консервілері өндірісін дамыту қажет.

Өнеркәсіп. Облыстың тау-кен өндіру өнеркәсібін дамыту уран, алтын, вольфрам кендері мен қалайы кен орындарын игеруге байланысты болады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту. Облыста цемент және одан жасалатын бұйымдарды өндіруге арналған шикізаттың, әрлеу тасының кен орындарының, фарфор тасының, минералды тұздар мен басқа да кеңінен таралған пайдалы қазбалардың бай қорлары бар. Осы кен орындарының негізінде құрылыс материалдарының өнеркәсібі қалпына келтірілетін болады.

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту. Жүннен тоқылған мата өндірісін құру, тігін және былғары өндірістерін өсіру арқылы жүн өндірісі кластерін қалыптастыру саланың перспективалы даму бағытына айналады.

Сауда саясаты. Сыртқы сауда операцияларын дамытудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- 1) Алматы қаласының айналасында көліктік-логистикалық орталық құру;

- 2) көкөніс пен астық қоймалары, жылыжайлар желісін дамыту;
- 3) бәсекеге қабілетті өнім өндіретін өндіруші кәсіпорындардың халықаралық көрме-жәрмеңкелерге қатысуы;
- 4) алыс және жақын шет елдермен әріптестікті дамыту.

Алматы облысы ауыл шаруашылығы, машина жасау, тамақ өнімдерін өндіру, көлік және логистика сияқты салаларда өңіраралық байланысты дамытуға арналған жоғары әлеуетке ие өңір болып табылады.

Туризмді дамыту. Алматы облысы емдеу мен демалысқа ішкі сұранысты қанағаттандыру және шетелдік туристерді тарту үшін айтарлықтай табиғи-климаттық әлеуетке ие. Ол үшін тиісті инфрақұрылымның – мамандануы мен қызметтер көрсету деңгейі әртүрлі санаторийлер, курорттар болуы қажет.

Жоғарыда аталған өңірді дамыту бағыттарын іске асыру экономика салаларындағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда 1,6 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Алматы облысының ЖӨӨ НКИ 2013 жылдың деңгейіне қарағанда 20 %-ға артады. ЖӨӨ НКИ өсуіне тауар өндірісі НКИ – 8,6 %-ға және көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ – 30,6 %-ға ұлғайту есебінен қол жеткізіледі.

Батыс макроөңірі (Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары)

Макроөңірді дамытудың стратегиялық бағыттары

Макроөңірдің 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі перспективалары мұнайды және газды өндіру мен қайта өңдеу болады. Мұнай химиясын дамыту және қосылған құны жоғары инновациялық өнім өндірісі макроөңірдің аса маңызды бағытына айналуға тиіс.

Каспий теңізіне шығу мүмкіндігінің артықшылығын ескере отырып, Ақтау, Баутино, Құрық теңіз порттары, сондай-ақ отандық кеме өндірісі одан әрі дамитын болады.

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру
А қ т ө б е о б л ы с ы

Перспективада Хромтау қаласы ағымдағы тау-кен металлургиясы саласындағы мамандануын сақтап қалады. Оған ең ірі хром кен орындарын одан әрі игеру ықпалын т и г і з е д і .

Алға қаласы болашақта өзінің химия өнеркәсібіндегі ағымдағы мамандануын күшейтіп, кальцийлендірілген сода өндірісін ұйымдастыруы қажет.

Жем қаласы мамандануының негізгі бағыты мұнай және газ өндірісі болып қалады. Тамақ өнеркәсібін дамыту қажет.

Перспективада Темір қаласының басты даму бағыты ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру болады.

Перспективада Шалқар қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен тамақ өнімдерін өндіру одан әрі дамытылатын болады.

Бірегей минералды су көздерінің болуын ескере отырып, ыдысқа құйылатын су шығару өндірістерін құру қажет.

Уақытша тоқтатылған құрылыс бейініндегі кәсіпорындар негізінде құрылыс индустриясын дамыту мүмкіндігі бар.

Жезқазған – Сексеуіл – Шалқар – Бейнеу теміржол тармағы пайдалануға берілген соң көлік пен логистика дамытылатын болады.

Перспективада Ембі қаласының негізгі мамандану бағыты мұнай және газ өндіру болып қалады. Азық-түлік өнеркәсібін дамыту қажет.

Ақтөбе облысы АЕМ-нің басым мамандану саласы мал шаруашылығы болып қалады. Етті-сүтті ІҚМ өсіру, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы, жартылай биязы жүнді қой шаруашылығы мал шаруашылығында перспективалы бағыттар болады.

Өсімдік шаруашылығында егіс алқаптарын бидай, арпа, сұлы, қара бидай, бұршақ тұқымдастар, күнбағыс, сафлор, жем-шөп дақылдары, картоп, көкөніс және бақша дақылдары үшін пайдаланған жөн болады.

А т ы р а у о б л ы с ы

Құлсары қаласының перспективадағы негізгі мамандану бағыты мұнай өнеркәсібі болып қалады. Құрылыс индустриясы мен тамақ өнеркәсібі дамытылатын болады.

Атырау облысы АЕМ экономикалық мамандануының басым бағыты мал шаруашылығын дамыту болады. Етті бағыттағы ІҚМ, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы және қаракөл шаруашылығын дамыту орынды.

Табиғи-климаттық жағдайлар өсімдік шаруашылығы саласының қарқынды дамуына ықпалын тигізбейді. Сонымен қатар, жем-шөп дақылдарын, картоп және бақша дақылдарын өсіру үшін алғышарттар бар.

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Ақсай қаласының даму перспективалары Қарашығанақ кен орнының көмірсутекті шикізатын одан әрі игеруге байланысты болады.

Тамақ өнеркәсібі мен құрылыс материалдарын өндіру одан әрі дамытылатын болады.

Ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы дамытылады. Өсімдік шаруашылығында бидай, арпа, сұлы, қара бидай, бұршақ тұқымдастарды, күнбағыс, сафлор, жем-шөп дақылдарын, картоп, көкөніс және бақша дақылдарын өсіру перспективалы. Мал шаруашылығында етті-сүтті бағыттағы ІҚМ, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы негізгі даму салалары болады. Биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой өсіруге қолайлы жағдайлар бар.

М а ң ғ ы с т а у о б л ы с ы

Жаңаөзен қаласы экономикасының перспективалы экономикалық мамандануының негізгі бағыты мұнай және газ өндіру болады. Мұнай мен газды өңдеу дамытылатын болады.

Тағы бір перспективалық бағыт туризм болып табылады. «Кендірлі» халықаралық курортын салу болжанады.

Перспективада Форт-Шевченко қаласының табысты дамуы балық өнеркәсібін дамытуға, құрылысқа және кемелерге қызмет көрсетуге байланысты болады.

Тағы бір тартымды бағыт тамақ өнеркәсібін дамыту болып табылады. Өңірдегі су ресурстарының шектеулілігін ескере отырып, қалада озық ылғал үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, жылыжай шаруашылығын дамыту перспективалы болмақ.

Қалада тұщыландыру қондырғысының құрылысы қосымша жұмыс орындарын қамтамасыз ете алады, ол бір уақытта тұщы су, теңіз тұзы мен электр энергиясын өндіреді.

Туризмді дамыту мақсатында бірыңғай (Тамшалы алабымен) «Форт–Шевченко мұражай қаласы» туристік-рекреациялық кешенін құру мүмкіндігі бар.

Маңғыстау облысы АЕМ негізінен мал шаруашылығына мамандандырылады. Перспективада облыстың АЕМ үшін мал шаруашылығы басым сала рөлін сақтайды. Мал шаруашылығында перспективалы бағыт қаракөл шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және етті-майлы қой шаруашылығы болып табылады.

Өсімдік шаруашылығында көкөніс және бақша дақылдарын өсіру перспективалы. Өсімдік шаруашылығының маңызды бағыты жылыжай шаруашылығын дамыту болып табылады.

АЕМ мамандануының тағы бір маңызды бағыты балық өнеркәсібі әлеуетін қалпына келтіру болып табылады.

Макроөңірде халықты қоныстандырудың негізгі бағыттары

Батыс макроөңірінде Ақтөбе қаласы хабқа айналады. Батыс макроөңірінің екінші деңгейдегі қалаларын дамыту Ақтөбе агломерациясын қалыптастырумен және одан әрі дамытумен байланысты болады. Өсу полюсі ретінде агломерацияны дамыту елдің экономикалық және еңбек әлеуетін шоғырландыруға, инфрақұрылымдық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Батыс макроөңірінің тірек қаңқасын дамыту көші-қон және урбандалу процестерін ескере отырып, қала және ауыл халқының инфрақұрылымға қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуға тиіс. Көші-қон және урбандалу процестерін реттеу Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау қалаларының облыстық қоныстандыру жүйелерін қалыптастыру есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұл қалалар батыс макроөңірінің бірыңғай қоныстандыру жүйесінің кеңістіктік тірек қаңқасын қалыптастырады.

2020 жылға қарай халықтың болжамды саны Ақтөбеде – 439,6 мың адамнан 538,9 мың адамға дейін, Оралда – 271,8 мың адамнан 307,7 мың адамға дейін, Атырауда – 272,1 мың адамнан 345,9 мың адамға дейін, Ақтауда – 185 мың адамнан 306,7 мың адамға дейін ұлғаяды.

Ақтөбе хаб-қаласын дамыту шеңберінде қаланың әуе және жерүсті көлігінің көліктік инфрақұрылымын кешенді дамыту талап етіледі.

2020 жылға қарай халықтың күтілетін саны Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан,

Ақтөбе облыстарында тиісінше 561,5 мың адамнан 644,4 мың адамға дейін, 577,6 мың адамнан 740,1 мың адамға дейін, 620,8 мың адамнан 651,5 мың адамға дейін, 802,4 мың адамнан 862,7 мың адамға дейін ұлғаяды.

Әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды дамыту перспективалары Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін орындар тапшылығы проблемасын шешу үшін мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту қажет. Мектепке дейінгі мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуды (ғимараттарды күрделі жөндеу, үй-жайларды арнайы жабдықпен және құралдармен жарақтандыру) мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту арқылы жүзеге асыру қажет.

Білім беру сапасын және қолжетімділігін жақсарту жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтумен, жаңа модификациялы пән кабинеттерін сатып алуға және орнатуға байланысты болады.

Осы макроөңір облыстарының ішінде Ақтөбе облысында ғана дәрігерлер саны орташа республикалық деңгейден асады, ол қалған облыстарда бұл көрсеткіш орташа республикалық деңгейдің шамамен 75-80 %-ын құрайды. Осыған байланысты бұл облыстарда медициналық персонал санын ұлғайту, сондай-ақ барлық медициналық ұйымдарда материалдық-техникалық базаны жақсарту және мамандар біліктілігін арттыру қажет.

Облыстық оқу орындарының, сондай-ақ елдің басқа өңірлері мен шет елдердің білім беру ұйымдарының да әлеуетін пайдалана отырып, жана өндірістерде жұмыс істеу үшін жергілікті мамандарды дайындау басым міндетке айналуға тиіс. Мұнай-газ саласының мамандықтары бойынша кадрларға қажеттілікті өңірдегі жоғары оқу орындарының сапасын арттыру есебінен өтеу қажет.

Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында өңірлерде бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін тұрақты түрде өткізу, еңбек нарығында барынша талап етілетін мамандықтар бойынша қайта оқыту және кәсіби даярлыққа, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберу қажет. Жұмыспен қамтуды дамыту бағыттарының бірі ақпараттық компаниялар және өз бетінше жұмыспен қамтылуды алғанда белсенді жұмыс іздеу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа да шаралары болып табылады.

Әлеуметтік саланың маңызды бағыттарының бірі этникалық репатрианттардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, оларды әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмыстарға, кәсіби оқытуға жіберу болуға тиіс.

Көліктік инфрақұрылымда облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау және күрделі жөндеу бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Ақтөбеден Ақтауға жаңа жол салған жөн.

Өңірлер ішіндегі шектес мемлекеттердің аумағы арқылы теміржол бағдарларын алып тастау қажет.

Мемлекеттің қолдауымен жеке инвестициялар есебінен Атырау қаласында Жайық

өзеніндегі өзен портын қалпына келтіру қажет.

Каспий маңы өңірінің инфрақұрылымын құру мұнай және газ кен орындарын жайластыруды, платформалар мен аралдар салуды, Түпқараған шығанағы мен КТҚС орталық секторында мұнай-газ ұңғымаларын бұрғылауды талап етеді. Ірі тоннажды жүктерді ауыстырып тиеу үшін Ақтау, Баутино және Құрық порттарын дамыту қажет.

Баутино кентін, сондай-ақ Бұзашы (Сарытас шығанағы) жарты аралының солтүстік-батыс бөлігіндегі басқа жағалау аумақтарын дамыту қажет. Қазақстанда екінші теңіз портының құрылысы мәселелерін пысықтау қажет, ол барлық қажетті қызметтерді көрсетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ құрылыс материалдарын тікелей жеткізуді қамтамасыз етеді.

Сарытас шығанағының жағалау инфрақұрылымын дамыту үшін жағажай құрылысы және жерүсті коммуникацияларын дамыту талап етіледі.

Сондай-ақ Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту талап етіледі.

ТКШ саласында коммуналдық жүйелер саласында реконструкциялау және күрделі жөндеу талап етіледі. Коммуналдық жүйе аварияларының алдын алу мақсатында күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерін анықтау мақсатында инженерлік инфрақұрылымның және көппәтерлі тұрғын үйлердің техникалық жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу талап етіледі.

Авариялық деп танылған тұрғын үйлерде тұратын тұрғындарды көшіру мақсатында тұрғын үй салу үшін инвесторларды тарту қажет.

Сондай-ақ коммуналдық сала кәсіпорындарының үлестік пайдалану шығыстарын азайту мақсатында ресурстарды үнемдеу технологияларын енгізу бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Экологиялық даму перспективалары

Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының рұқсат етілген нормалардан асып кетуіне жол бермеу мақсатында өндірістік объектілердің атмосфераның жай-күйіне және адам денсаулығына тигізетін әсеріне кешенді зерттеулер жүргізу қажет. Шығарындыларды тазалау және азайту бойынша жаңа әрі қазіргі заманғы технологияларды енгізуге өндірістік кәсіпорындарды ынталандыру қажет.

Макроөңірдің мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші кәсіпорындары қызметтерінің қалдықтарын тазалауға және кәдеге жаратуға арналған қазіргі заманғы технологияларды енгізу қажет.

Құрлықта, әсіресе, Каспий теңізінде мұнайдың төгілуіне жол бермеу Макроөңірде қалыпты экологиялық жағдайды сақтаудың және ұстап тұрудың басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Тұрмыстық қалдықтардың жиналуын азайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидатында макроөңірдің әрбір облыс орталығында қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарын салу қажет.

Ормандарды сақтау және өсіру, оның ішінде орман қорғауды жақсарту, орман көшеттерін қалпына келтіру, орман және дала өрттерінің алдын алу және жою үшін шаралар қолдану қажет. Елді мекендерде оларды көгалдандыру, жасыл аймақтар құру бойынша шараларды іске асыру қажет. Көшпелі құмдарды тұрақтандыру және ағаш өсіру бойынша іс-шаралар жүргізу.

Бұдан басқа, экологияны жақсарту үшін:

- 1) Жайық өзенінің экожүйесін және Шалқар көлінің жағдайын сақтау;
- 2) елді мекендердің аумағын қалдықтардан тазалау және абаттандыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- 3) халықтың құрамында сынабы бар шамдарды қолдануы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- 4) табиғат пайдаланушылардың қалдықтарды қайта өңдеуін және кәдеге жаратуын мониторингтеу бойынша шаралар қабылдау қажет.

Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында бұрын ядролық сынақтар жүргізілген орындарда радиоэкологиялық жағдайға мониторингті жүзеге асыру қажет.

Өңірдің бәсекелес артықшылықтарын пайдалану перспективалары
А т ы р а у о б л ы с ы

Өңір көмірсутекті шикізатты өңдеу мен тереңдетілген қайта өңдеудің, химия өнеркәсібін, дамыған құрылыс индустриясы мен балық өнеркәсібінің жетекші және серпінді дамитын орталығы ретінде позицияланатын болады.

Мұнай өңдеу көлемін ұлғайту Теңізшевройлда жаңа қуаттарды енгізу және Қашаған, Қайран, Ақтоты, Қаламқас теңіз кен орындарын игеру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қызметінің нәтижесінде базалық мұнай-газ-химия өнімдерін шығаратын «зәкірлік» өндірістер құрылатын болады.

«Зәкірлік» өндірістермен қатар, базалық мұнай-химия өнімін қосымша қайта өңдеу және қосылған құны жоғары өнеркәсіптік және тұтыну мақсатындағы инновациялық өнімді шығару саласында шағын және орта бизнес кәсіпорындары құрылатын болады.

Қайта өңдеудің және мұнай компанияларының сатып алуында қазақстандық қамтуды кеңейтудің деңгейін арттыру қажет. Осы мақсатта мұнай-газ саласының ұлттық компаниялары жаңадан құрылатын өндірістерге тікелей қатысу немесе отандық кәсіпкерлердің өнімді ұзақ мерзімді өткізуіне кепілдік беру арқылы шикізатты қайта өңдеу деңгейін және қазақстандық қамту үлесін ұлғайтуды қамтамасыз ететін жаңа өндірістерді ашуға бастамашылық ететін болады.

Облыста құрылыс шикізатының және минералды тұз кен орындарының мол қоры бар. Осыны ескерсек, өңірдің аталған пайдалы қазбаларды өндіруді және өңдеуді жаңарту үшін айтарлықтай әлеуеті бар.

Балық саласының әлеуетін қалпына келтіру. Аталған бағытта Орал – Атырау бекіре

балық өсіру зауытына реконструкциялау жүргізу, жаңа бекіре балық өсіру зауытын және тауарлық-бекіре фермасын салу қажет.

Аграрлық сектор. Бұл секторда жетекші сала мал шаруашылығы, әсіресе, табынды жылқы шаруашылығы және түйе шаруашылығы болып табылады.

Көкөністерді өсіруге маманданған өсімдік шаруашылығы бұрынғысынша қалалар мен ірі кенттердің жанындағы шектелген сумен қамтамасыз етілген аймақтарда дамитын болады. Жылыжай шаруашылығы мен жеміс-көкөніс сақтау қоймаларының құрылысы жүзеге асырылатын болады.

Өңірді дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру және бәсекелес басымдықтарды арттыру жөніндегі шаралар 2020 жылға қарай экономика салаларында еңбек өнімділігін жұмыспен қамтылған бір адамға 16,7 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Атырау облысының ЖӨӨ НКИ-інің өсуі 2020 жылы 2013 жылға қарағанда 24 %-ды құрайды. Көрсетілетін қызметтер өндірісінің НКИ – 31 %-ға және тауар өндіру НКИ – 21,1 %-ға өсіру есебінен ЖӨӨ НКИ ұлғайту мүмкін болады.

Маңғыстау облысы

Облыстың Қазақстанның экономикалық дамуын қозғаушы күштерінің бірі ретіндегі рөлі мұнай-газ өндірудің даму перспективасына байланысты сақталатын болады. Сонымен қатар, инновацияларды, экономиканың жоғары технологиялы секторларын дамыту және елдің транзиттік әлеуетін нығайту бағытында облыс экономикасының құрылымын әртараптандыруға баса назар аудару қажет.

Өңірдің негізгі міндеті КТҚС көмірсутектері ресурстарын кешенді игеру және өндіруді тұрақтандыру, ұтымды және қауіпсіз игеру үшін жағдайлар жасау болады.

Өңірді дамытудың маңызды бағыты игерілетін кен орындарында табиғи газды өндіру деңгейін жандандыру және ұстап тұру болуы тиіс.

Тағы бір стратегиялық міндет мұнай-газ секторына қызмет көрсететін сервистік өндірістерді дамыту болып табылады. Өңдеу секторын дамытуды ауыр машина жасау және металл өңдеуді дамытуға бағыттау қажет.

Машина жасаудағы неғұрлым басым жобалар: мұнай-газ, жинау, жиынтық машина жасау, ауыр машина мен жабдық үшін тораптар мен кіші жүйе өндірістерін дамыту, энергия және су үнемдеу жабдығын өндіру болуға тиіс.

Облыста құрылыс материалдары индустриясының қуатты минералдық-шикізаттық базасы бар. Осыған байланысты, тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларын дамытудың негізгі міндеті пайдалы қазбалардың игерілетін кен орындарын тиімді пайдалану болады.

Өңірдің балық кластерін қалыптастыру Форт-Шевченко қаласында және перспективалы жағалау аумақтарында балық аулау және балық өңдеу өндірістерін дамытуды қамтиды.

Облыс экономикасының аграрлық секторы негізінен қой, жылқы және түйе өсірілетін жайылымдық мал шаруашылығына негізделген. Қойды жасанды ұрықтандыру жөніндегі жұмыстарды қалпына келтіру есебінен отардың сапалық құрамын жақсарту, барлық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге асыл тұқымды өнімге қолжеткізуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажет.

Көкөністер өсіруге маманданған өсімдік шаруашылығы ылғал үнемдегіш технологияларды енгізу және жылыжай шаруашылықтарын салуды ескере отырып дамытылатын болады. Тиімді басқару құралдарын қолдануды ескере отырып, ішкі нарыққа жыл бойы жаңа өнім жеткізуді ретке келтіріп қана қоймай, сонымен қатар республиканың басқа да батыс өңірлері үшін ірі өсімдік шаруашылығы базасына (жеміс-бақша дақылдары мен гүлдер) айналуға тиіс.

Өңірді дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру және бәсекелі артықшылықтарын ұлғайту жөніндегі шаралар 2020 жылға қарай экономика салаларындағы еңбек өнімділігін жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда 10 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысы бойынша ЖӨӨ НКИ 2020 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 27,6 %-ды құрайды, бұл көрсетілетін қызметтерді өндіру НКИ 31,1 %-ға және тауарларды өндіру НКИ 26,3 %-ға өсуіне байланысты болады.

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Өңірдің басым салаларының қалыптасқан мамандануы мен алдағы перспективаларын ескере отырып, табиғи газ және газ конденсатын өндірудің, сондай-ақ АӨК пен өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілетті сегменттерін дамытудың жетекші орталықтарының бірі болып қалады.

Өнеркәсіп. Қосылған құны жоғары өндірісті дамытуды ынталандыру, шағын және орта кәсіпорындардың қосалқы, қызмет көрсететін және қайта өңдеу блоктарын қалыптастыру және инновацияларды енгізу облыс үшін маңызды міндет болуға тиіс.

Газ өңдеу саласын дамытудың перспективалы бағыты газды тереңдетілген өңдеу жолымен азот тыңайтқыштарын өндіру мүмкіндігі болуға тиіс.

Металл өңдеу саласын дамыту және сорғы-компрессорлық құбырлар жасауға, сондай-ақ металл конструкцияларын ыстық мырыштау бойынша қызмет көрсетуге б а й л а н ы с т ы б о л а д ы .

Құрылыс материалдарының өнеркәсібін дамыту. Құрылыс материалдарының барланған кен орындары базасында мына өндірістерді: цемент зауытын, шыны өндірісін, қыш бұйымдарды дайындау үшін қыш өндірісін және басқаларын ұйымдастыру және/немесе реконструкциялау қажет.

Агроөнеркәсіптік кешен. Табиғи жем-шөп жайылымдарының болуы етті мал шаруашылығын, қой шаруашылығын, табынды жылқы шаруашылығын дамытатын база болуға тиіс. Импортты алмастыру мақсатында ет бағытындағы құс фабрикасын, шошқа кешенін, сүт-тауар фермаларын салу қажет. Өсімдік шаруашылығындағы

шешуші бағыт астық өндірісі болады. Орнықты дамыту мақсатында өсімдік шаруашылығын егін алаңдары құрылымында күздік астық, майлы және жем-шөп дақылдары үлесін ұлғайту жағына қарай әртараптандыруды қамтамасыз ету қажет. Бауларды қалпына келтіру ішкі нарықтың жеміс-жидек өніміне сұранысын қамтамасыз ету үшін өте маңызды болады.

Бәсекелес артықшылықтарды арттыру жөнінде шаралар қабылдау 2020 жылға қарай экономика салаларындағы еңбек өнімділігін жұмыспен қамтылған бір адамға 7,6 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан облысының ЖӨӨ НКИ 2020 жылы 2013 жылғы деңгейге қатысты 25,7 %-ды құрайды. Облыстың ЖӨӨ НКИ өсуіне көрсетілетін қызметтерді өндіру НКИ 34,5 %-ға және тауарларды өндіру НКИ 22,5 %-ға өсуі ықпал етеді.

А қ т ө б е о б л ы с ы

Перспективада облыс бәсекеге барынша қабілетті мамандану салалары басым дамытыла отырып, серпінді өңдеуші өнеркәсібі бар әртараптандырылған ірі орталық ретінде позицияланады: мұнай мен газ өндіру және қайта өңдеу, тау-кен металлургиясы кешені, химия өнеркәсібі, тамақ өнімдері мен құрылыс материалдарын өндіру.

Өнеркәсіп. Өңірдің өнеркәсіптік кешені базалық салаларының серпінді дамуымен айқындалады: мұнай өндіру өнеркәсібі, қара металлургия және машина жасау.

Өңірдің ғылыми ұйымдары мен өңірлік нарықта бәсекеге қабілетті әлеуеті бар кәсіпорындарды инновациялық қызметке тарту экономиканың жоғары технологиялы шикізаттық емес секторларын қалыптастыру үшін алғышарттар құрайды.

Облыста химиялық өнімдерді өндіру бойынша ілеспе өндірістерді дамытудағы ірі компаниялардың рөлін күшейту қажет.

Тау-кен өндіру өнеркәсібін дамыту. Хром кендерін өндіруді және қайта өңдеуді, «Юбилейное» кен орнында кенді алтынды одан әрі дамыту, мыс қорыту зауытын іске қосу, никельді штейн өндірісі бойынша зауыт салу қажет. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, хромиттерді, болатты қоспалауға арналған әртүрлі қоспаларды, хром қорытпалары және жоғары көміртекті феррохром өндірісі хром кенін қайта өңдеудің негізгі бағыттары болуға тиіс.

Химия және медицина өнеркәсібін қалпына келтіру. Мұғалжар ауданындағы Шилісай кен орнының базасында облыстағы химия өнеркәсібін дамыту мақсатында фосфоритті тыңайтқыштар шығару өндірісін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау қажет.

Медицина және фармацевтика салаларының даму перспективасы Ақтөбе қаласындағы «Ақтөберентген» медициналық зауытын жаңғыртуға және дәрілік заттар шығаратын зауыттың құрылысына байланысты болады.

Машина жасауды дамыту. Саланы дамытудың перспективалы бағыттары әртүрлі салалар түрлері үшін мұнай-газ машинасын жасау және аспап жасау болуға тиіс.

Құрылыс материалдары өндірісін дамыту. Елдің батыс облыстарындағы отандық

цементтің тапшылығын ескере отырып, өңірде цемент өндіру және одан бұйымдар жасау бойынша жаңа кәсіпорындар ұйымдастыру және қолданыстағы кәсіпорындарды к е ң е й т у қ а ж е т .

Мал шаруашылығы. Облыста мал шаруашылығын дамыту әлеуеті бар, осыған байланысты о ны ж а н д а н д ы р у қ а ж е т .

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бойынша ішкі нарықтың өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізу үшін құрылымдық және технологиялық әртараптандыруды жүзеге асыру қажет, егін алқаптарының негізгі бөлігін мал шаруашылығының өсу үстіндегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жем-шөп ө н д і р у г е б а ғ ы т т а у қ а ж е т .

Дәнді дақылдардан басқа, өңірде көкөніс пен бақша даңылдарын, сондай-ақ картоп ө н д і р у д і ұ л ғ а й т у қ а ж е т .

Өңірді дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру және бәсекелес артықшылықтарын арттыру бойынша шаралар 2020 жылға қарай экономика салаларындағы еңбек өнімділігін жұмыспен қамтылған бір адамға 6,6 млн. теңгеге дейін ұ л ғ а й т у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ақтөбе облысы бойынша ЖӨӨ НКИ 2020 жылы 2013 жылға қарағанда 25,4 %-ға ұлғаяды. ЖӨӨ НКИ ұлғаюы көрсетілетін қызметтерді өндіру НКИ 32,3 %-ға және тауарларды өндірудің 18,9 %-ға өсуіне байланысты болады.

Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау

Атырау облысында жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны мұнай-газ өнеркәсібінде, құрылыста және көрсетілетін қызметтерді өндіруде жұмыс орындарын ашу есебінен 2013 жылғы 279,4 мың адамнан 2020 жылға қарай 296,6 мың адамға дейін ұ л ғ а я д ы .

Маңғыстау облысындағы жұмыспен қамту жағдайы өнеркәсіпте және көрсетілетін қызметтерді өндіруде жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен өзгереді. Облыстағы жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 259 мың адамнан 2020 жылға қарай 269,7 мың адамға дейін ұлғаяды.

Ақтөбе облысындағы жұмыспен қамту жағдайы өңдеуші өнеркәсіпте және көрсетілетін қызметтерді өндіруде жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен жақсару жағына өзгереді. Облыстағы жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 412,6 мың адамнан 2020 жылға қарай 433,8 мың адамға дейін ұлғаяды.

Батыс Қазақстан облысында жұмыспен қамту деңгейі құрылыста және көрсетілетін қызметтер секторында жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен 2013 жылғы 316,4 мың адамнан 2020 жылға қарай 320,4 мың адамға дейін ұлғаяды.

Батыс макроөңірін дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру негізінде жаңа жұмыс орындары ашылады және жұмыспен қамту ұлғаяды, бұл Батыс макроөңірінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Болжамды есептеулер бойынша 2020 жылға қарай батыс макроөңіріндегі жан

басына шаққандағы ЖӨӨ республикалық орташа деңгейге қатысты орта есеппен 146,5 %-ды құрайды, оның ішінде Атырау облысында – 253,6 % (2013 жылы – 321,8 %),
Маңғыстау облысында –

160,9 % (2013 жылы – 121,6 %), Ақтөбе облысында – 99,3 % (2013 жылы – 112,9 %) және Батыс Қазақстан облысында – 111,5 % (2013 жылы – 148,7 %).

Атырау облысындағы жан басына шаққандағы ЖӨӨ айырмашылығының азаюы ЖӨӨ құрылымындағы тау-кен өнеркәсібі үлесінің 2013 жылғы 52,6 %-дан 2020 жылға қарай 37,5 %-ға дейін азаятынына және құрылыстың үлес салмағының 6,8 %-дан 10,3 %-ға дейін, көлік пен қоймалаудың 6,2 %-дан 9,3 %-ға дейін ұлғаятынына байланысты.

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейден айырмашылығының азаюының ұқсас үрдісі Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында болады. Айталық, Батыс Қазақстан облысының ЖӨӨ құрылымындағы тау-кен өндірісі өнеркәсібінің үлес салмағы 2020 жылға қарай 2013 жылғы 49,4 %-дан 34,4 %-ға дейін азаяды, көрсетілетін қызметтерді өндіру үлесі 32,4 %-дан 44,3 %-ға дейін өседі.

Маңғыстау облысында ЖӨӨ құрылымындағы тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлес салмағы 2020 жылға қарай 2013 жылғы 48,7 %-дан 33,7 %-ға дейін төмендейді, көрсетілетін қызметтерді өндіру үлесі 32,5 %-дан 43,4 %-ға дейін өсетін болады.

Орталық-Шығыс макроөңірі (Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары)

Макроөңірді дамытудың стратегиялық бағыттары

Макроөңірдің негізгі бағыты түсті металлургия өнеркәсібін, мұнай өңдеуді және көмір өңдеуші өнеркәсібін дамыту болып табылады. Бұл салалардың басты міндеті қосылған құнды ұлғайту мақсатында инновациялық және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру болуға тиіс.

Макроөңірде карбонатты және балшықты шикізаттың, кірпіш балшықтарының, құрылыс тасының кен орындарының болуы жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті, сондай-ақ еліміздің басқа өңірлеріне және шетелдерге экспорттауға қабілетті құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді.

Макроөңірдің мал шаруашылығын, марал шаруашылығын, бал арасы шаруашылығын дамыту, күнбағыс өсіру және оларды өңдеу үшін айтарлықтай әлеуеті бар.

Қосымша жұмыс орындарын құра отырып, былғары мен теріден жоғары сапалы бұйымдарды шығаруға бағытталған, былғары өндірісін реконструкциялау мен жаңғырту да перспективалы бағыт болып табылады.

Жоғары рекреациялық әлеуеті бар объектілер мен бірегей аймақтардың (Батыс Алтай, Марқакөл қорықтары, Рахманов бұлақтары, Алакөл, Жайсан көлдері) негізінде

макроөңірде туризмді, оның ішінде экотуризмді дамыту қажет.

Макроөңірдегі индустриялық саясат индустрияландыру кезеңінде пайда болған экология проблемаларын шешуге тиіс.

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру

П а в л о д а р о б л ы с ы

Перспективада Екібастұз қаласының экономикасын дамытудың негізгі бағыты электр энергиясын өндіру болады. Саладағы өндіріс көлемін ұлғайтуға жаңа энергия блоктарын салу есебінен қол жеткізіледі.

Мыс, молибден, концентраттағы алтын өндірісі тағы бір перспективалы бағыт б о л ы п т а б ы л а д ы .

Перспективада Ақсу қаласы көмір өндірудегі, металлургия өнеркәсібіндегі және электр энергиясын өндірудегі ағымдағы мамандануын сақтап қалады.

Павлодар облысының АЕМ келешекте агроөнеркәсіптік кешендегі ағымдағы мамандануын сақтап қалады. Өсімдік шаруашылығы саласында бидай, арпа, сұлы, қара бидай, қаракұмық, бұршақ тұқымдастарды, рапс, күнбағыс, зығыр, жем-шөп дақылдарын, картоп, көкөністер мен бақша дақылдарын өсіруге арналған егін алқаптарын ұлғайту қажет.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

Балқаш қаласының экономикасы үшін келешекте тау-кен металлургиясы өнеркәсібі өз маңыздылығын сақтап қалады. Қаланың бұл саладағы мамандануы мыс пен бағалы металдарды өндіру бойынша жаңа өндірістер құру есебінен күшейеді.

Перспективада металлургия өнеркәсібі Жезқазған қаласының экономикалық мамандануында өзінің маңыздылығын сақтап қалады. Тамақ өнеркәсібі одан әрі д а м ы т ы л а т ы н б о л а д ы .

Қаражал қаласы экономикасының негізгі бағыты перспективада марганец, темірлі марганец және барит концентраттарын өндіру болып қалады. Алтын, мырыш, в о л ь ф р а м ө н д е у д а м ы т ы л а д ы .

Саран қаласының даму перспективалары резеңке техникалық бұйымдар мен құрылыс материалдарын өндірудегі бұрынғы мамандануын қалпына келтіруге б а й л а н ы с т ы .

Химия өнеркәсібі мен құрылыс индустриясы дамытылады.

Сәтбаев қаласын дамытудың негізгі бағыты түсті металдарды өндіру мен өңдеу б о л а д ы .

Перспективада Теміртау қаласының металлургиялық өнеркәсібі қосылған құны жоғары өнімдерді өндіру бойынша жаңа өндірістерді енгізу есебінен өз позициясын күшейтеді. Оған қолда бар темір кен орындары бар қорлары және «Арселор Миттал Теміртау» АҚ қала құраушы кәсіпорнының әлеуеті себеп болады.

Сонымен бірге, қаланың келешекте экономикалық мамандануы бағыттарының бірі цемент өндіру болуы мүмкін. Оған негіз Қарағанды цемент зауытында құрғақ тәсілмен

цемент өндіру бойынша жаңа технологияларды енгізу болады. Сондай-ақ машина жасау және химия өнеркәсібі дамытылады.

Тамақ өнеркәсібін ұлғайтудың барлық мүмкіндіктері бар, мысалы нан-тоқаш өнімдерін, тәтті тоқаш, печенье, торт және басқа да кондитерлік өнімдерді, алкогольсіз сусындарды өндіруді ұлғайтуға болады.

Қаттама өнімдерді өндіру, тоқаштар мен баранкаларды өндіру желісін жолға қою керек.

Перспективада Шахтинск қаласының экономикалық мамандануының негізгі бағыты синтетикалық жуғыш заттар өндірісі болады. Саланы дамыту түйіршектелген ұнтақ тәрізді синтетикалық жуғыш заттарды өндіру зауытының қызметін жаңарту есебінен қамтамасыз етіледі.

Кокстелген көмірдің жаңа шахталарын салу есебінен көмір өнеркәсібі дамытылатын болады.

Перспективада Абай қаласын дамытудың негізгі бағыты көмір өндіру және қайта өңдеу болады. Тамақ өнімдерін өндіру одан әрі дамытылады.

Қарқаралы шағын қаласының келешектегі дамуы тау-кен металлургиясы өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен тамақ өнеркәсібін одан әрі дамытуға байланысты болады.

Қаланың бірегей табиғи ресурстары, керемет табиғаты және туризм саласын дамыту үшін үлкен әлеуеті бар.

Приозерск қаласын дамытудың негізгі бағыты перспективада тамақ өнімдерін өндіру болады.

Агроөнеркәсіптік кешен мен тамақ өнеркәсібі одан әрі дамытылатын болады. Келешекте Қарағанды облысы АЕМ-нің негізгі мамандануы облыс үшін дәстүрлі мал шаруашылығы болады. Мал шаруашылығы саласында етті-сүтті ІҚМ, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы, биязы жүнді қой шаруашылығы одан әрі дамытылады. Облыстың ауыл шаруашылығы жерлерінің 80 %-ын жайылымдар құрайды, бұл мал шаруашылығы әлеуетін қайта жаңғыртудың алғышарттары болады. Қарағанды және Теміртау қалаларының ауқымды нарықтарының жақындығы саланың дамуына қосымша серпін береді.

Өсімдік шаруашылығы саласында бидай, арпа, сұлы, кара бидай, қарақұмық, бұршақ тұқымдастарын, күнбағыс, зығыр, сафлор, жем-шөп дақылдарын, картоп пен көкөністер өсіру перспективалы болады.

Шығыс Қазақстан облысы

Келешекте Аягөз қаласының мамандануында машина жасау саласы (вагондарды жөндеу) ағымдағы позициясын сақтап қалады. Оған қаланың ірі көлік тораптардың бірі ретіндегі рөлі жағдай жасайды.

Мәрмәрлік ұн және асфальт-бетон өндірісі одан әрі дамытылады.

Зайсан қаласының келешекте дамуы агроөнеркәсіптік кешен әлеуетін қалпына

келтіруге және дамытуға байланысты болады. Қаланың аталған саладағы негізгі міндеті ауыл шаруашылығын ауқымды түрде жаңғыртуды жүзеге асыру болып табылады. Қала экономикасын дамытудың тағы бір перспективалы бағытына туристік сала жатады. Бұған Зайсан көлінің үлкен әлеуеті ықпал етеді.

«Майқапшағай» шекаралық бекетінің жақындығы сауданың дамуына жағдай жасайды. Шекара маңындағы сауда аймағын құру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл халықаралық сауданы, автокөлікпен тасымалданатын жүктер үшін халықаралық транзитті дамытуға мүмкіндік береді. Қытайдың тасымалдауға сұранысын қамтамасыз етуде Майқапшағай «Достық» пен «Қорғастан» кейінгі Қытай транзитінің үшінші бекеті болуы мүмкін.

Келешекте Шар қаласының экономикасы үшін цемент өнеркәсібі өз маңыздылығын сақтап қалады. Оған қала жанында орналасқан Суықбұлақ бірегей әк кен орнының орналасуы және цемент өндіру бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың болуы ықпал етеді. Тамақ өнеркәсібі одан әрі дамытылады.

Шемонаиха қаласының перспективалы дамуының негізгі бағыттары металл кендерін өндіру, ауыл шаруашылығы және тамақ өнімдерін өндіру болады.

Келешекте тау-кен металлургиясы өнеркәсібі Зырян қаласының экономикасында өз маңыздылығын сақтап қалады. Саланың рөлі байыту қалдықтарынан қорғасын, мырыш, мыс, алтын және күміс өндіру бойынша жаңа қуаттарды енгізу есебінен, сондай-ақ жаңа кен орындарын іздеу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу есебінен күшейеді.

Курчатов қаласының даму перспективасы қаланың ғылыми қала ретіндегі қызметін қалпына келтіруге байланысты болады. Оған қалада ғылыми жобаларды іске асыруы қпал етеді.

Радиациялық және ядролық технологиялар саласында ғылыми сыйымды және жоғары технологиялы өндіріс ашудың бастамашысы болып табылатын Курчатов қаласындағы «Ядролық технологиялар паркі» салалық технопаркінің әлеуетін депайдалану қажет.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен металлургияның ілеспелі салалары Риддер қаласының экономикасын дамытудың басым бағыттары болып қалады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында 2020 жылға дейін қолданыстағы үш кен орны – Риддер-Сокольск, Тишинск, Шубинскіні игеру жалғастырылады.

Өңір экономикасын әртараптандырудың перспективалы бағыты туризм саласы болып табылады. Оған бірегей табиғи-рекреациялық ресурстардың (қала маңындағы ландшафттар) болуы ықпал етеді. Бұл аумақтарда Қазақстанның, ТМД елдері мен алыс шетел туристерін тартатын Кенді Алтайдың негізгі табиғи көрікті жерлері орналасқан.

Серебрянск қаласы экономикасының дамуы келешекте электр энергиясын («Бұқтырма ГЭС» ЖШС) және бейорганикалық химия өнімдерін өндірумен байланысты болады.

Шығыс Қазақстан облысы ауылдық елді мекендердің мамандануының негізі перспективада ауыл шаруашылығы болып қалады. Облыста Ауыл шаруашылығын дамытудың басты бағыты мал шаруашылығы. Мал шаруашылығында етті-сүтті бағыттағы ІҚМ, жылқы шаруашылығы, етті-майлы қой шаруашылығы, биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қой шаруашылығы, марал шаруашылығы перспективалы болады.

Облыстың өсімдік шаруашылығы саласындағы келешегі бар дәнді дақылдар бидай, арпа, сұлы, қара бидай, қарақұмық, бұршақ тұқымдастар, рапс, күнбағыс, зығыр, сафлор, жем-шөп дақылдарын, қара бидай, көкөністер, бақша өнімдерін өсіру перспективалы болады.

Макроөңірде халықты қоныстандырудың негізгі бағыттары Өскемен қаласы орталық-шығыс макроөңірінің хабы ретінде қоныстандыру жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Орталық-Шығыс макроөңір елдегі ең урбандалған өңірдің бірі болып табылады. Перспективада урбандалу процестері жалғастырылады. Орталық-Шығыс макроөңірінде жылдам өсетін қалалар санының қатарына халықтың болжамды саны 2020 жылға қарай тиісінше 668,5 мың адамға, 372,5 мың адамға, 496,4 мың адамға және 384,1 мың адамға ұлғаятын Өскемен, Семей, Қарағанды және Павлодар қалаларын жатқызуға болады.

Өскемен хаб-қаласы Орталық-Шығыс макроөңірінің тірек қаңқасы болып табылады және Өскемен-Семей-Павлодар автомобиль жолдарының халықаралық желісінің жобаларын іске асыру есебінен Солтүстік пен Оңтүстік макроөңірлерін және Астана хабын функционалды байланыстырады. Автожолдар салу қоныстандыру жүйесін дамытуға едәуір әсер етеді.

Өскемен хаб-қаласын дамыту Шығыс өңірінің қолданыстағы транзит әлеуетін өсіруге ықпал етеді. Өскемен хаб-қаласының толыққанды жұмыс істеуі үшін Павлодар, Семей, Қалбатау арқылы Астана – Өскемен заманауи жоғары жылдамдықты автожолдарын салу қажет.

Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарында күтілетін халық саны 2020 жылға қарай тиісінше 1 393,6 мың адамнан 1 406,6 мың адамға дейін, 750,9 мың адамнан 752,2 мың адамға дейін, 1 366,2 мың адамнан 1 383,5 мың адамға дейін ұлғаяды.

Аталған макроөңірдің қоныстандырылуын дамытудың маңызды бағыттарының бірі өңір үлесіне республикадағы рекреациялық ресурстардың жартысынан астамы келетіні есебінен туристік және рекреациялық инфрақұрылымның дамуын жеделдету болып табылады.

Әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды, экологиялық ахуалды дамыту перспективалары

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында білім беру ұйымдары мемлекеттік желісінің нормативтеріне сәйкес әрбір елді мекенде мектепке дейінгі білім беру

қызметтерімен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалған.

Орта білім беру саласында жалпы білім беру мекемелерін материалдық-техникалық базасын нығайту және күрделі жөндеу жүргізу қажет. Сондай-ақ оқыту үшін оңтайлы жағдай жасау қажет – ыстық тамақпен қамтылған оқушылар санын кеңейту, оқу орнына дейін жеткізумен толық қамту мақсатында автобустарды сатып алу, мектептердің медициналық кабинеттері базасында сапалы медициналық қызметтер көрсету.

Денсаулық сақтау саласында медициналық кадрлармен қамтамасыз ету орташа республикалық деңгейге сәйкес келеді немесе одан сәл асады (ел бойынша орташа деңгейдің 100 – 110 %-ы). Сонымен бірге, өңірде қашық орналасқан ауылдық жерлер үшін көшпелі дәріхана пункттерін ашу, мұқтаж адамдарды амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен жеңілдікті негізде қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Онкологиялық аурулардың жоғары деңгейіне байланысты өңірде онкопатологияны ерте анықтауға назар аударатырып, онкологиялық қызметті одан әрі жетілдіру қажет.

Әйелдер мен балалардың денсаулығын нығайту мақсатында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған ана мен бала өлімін төмендетудің халықаралық бағдарламаларын енгізуді жалғастыру керек. Балалықты және босануда көмек көрсету ұйымдарының материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жақсарту олардың бекітілген нормативке дейін медициналық жабдықтармен жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру саласындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру өңірдің басым мамандануына, олардың кадрлық қамтамасыз етілуіне өзара байланысты болуы тиіс.

Өңір халқының тиімді жұмыспен қамтылуын арттыру, жұмыссыздықты төмендету, жұмыс күшінің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, азаматтарға еңбек саласында әлеуметтік кепілдіктер, медициналық сақтандыру беру, кәсіптік білім беру, бірқатар басқа да әлеуметтік стандарттар мен нормативтерді сақтау бойынша шаралар әзірлеу қажет.

Көлік инфрақұрылымында автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау, теміржол желілері мен әуежай инфрақұрылымын жаңғырту бойынша шаралар қабылдау қажет.

Астана мен Өскеменді халықаралық сыныптағы жолмен біріктіретін көлік күрежолдарының жаңа бағыттарын құру қажет.

Заманауи көлік дәліздерін қалыптастыру Астана – Қарағанды автомобиль тас жолының «А» сыныпты автомобиль жолын салу негізінде Қарағанды облысының аумағы бойынша жалғастырылуға тиіс.

Өңірлер ішінде шекаралас мемлекеттер аумағы арқылы теміржол маршруттарын алып тастау қажет, Астана мен Өскеменді тікелей қатынаспен байланыстыру қажет.

Жаңа магистральдық жолдарды салу, облыстық және аудандық автомобиль жолдары желісін жаңғырту есебінен экономикалық кеңістіктің байланыстылығын жақсарту шаруашылық жүргізуші субъектілердің көліктік шығындарын төмендетуге, жүктер мен жолаушылардың жеткізілуін жеделдетуге, жүк ағындарының қарқындылығын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Субсидиялаудың көлемін кезең-кезеңмен төмендетуге бағытталған икемді тарифтік саясатты жүзеге асыру жолымен орташа статистикалық тұтынушы үшін әуе көлігі қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрақты ішкі әуе тасымалдарды дамыту және болашақта толықтай өзін-өзі өтеуіне көшу керек.

Қоғамдық көлікті басым дамыту қызмет көрсетудің талап етілетін сапасымен жолаушылар тасымалында жолаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған көліктік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық, экономикалық және инвестициялық құралдарын қамтитын қалалардың, аудандардың көлік кешенін басқарудың икемді жүйесіне негізделуі тиіс.

Облыс бойынша қолданыстағы жолаушылар маршруттарының желісін дамыту, шалғайдағы шағын елді мекендерге көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Облыста Ертіс, Железин, Успен және Шарбақты аудандарының трассалары бойында жол бойындағы сервис объектілерін салу қажет.

Электр энергетикасын дамыту перспективалары қолданыстағы мынадай генерациялаушы қуаттарды жаңғыртуға және кеңейтуге байланысты: Екібастұз МАЭС-2-де үшінші энергоблокты іске қосу (2017 жылы) – 525МВт; Екібастұз МАЭС-1-де әрқайсысы 500 МВт № 2 энергоблокты (2014 жылы), № 1 энергоблокты (2016 жылы) қалпына келтіру.

ТКШ саласында Семей қаласының қолданыстағы жылумен жабдықтау жүйесін және Курчатов пен Аягөз қалаларында орталық қазандық салу жобаларын жаңғырту және реконструкциялау қажет.

Экологиялық даму перспективалары Экология саласындағы басым даму табиғат пайдаланушы кәсіпорындардың атмосфераға стационарлық көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындыларының көлемін біртіндеп төмендетуіне мүмкіндік беретін экологиялық таза озық технологияларды енгізу болып табылады.

Павлодар өңірінде экологиялық ахуалды жақсарту үшін жаңа технологияларға көше отырып, көмір станцияларының энергетикалық жабдықтарын кезең-кезеңімен реконструкциялау және жаңғырту шаралары кешенін қабылдау қажет.

ҚТҚ басқару жүйесін оңтайландыру міндеттерін шешу мақсатында облыстың аудан орталықтарында ҚТҚ полигонын салу бойынша жұмыс жобаларын әзірлеу; облыстың мемлекеттік мекемелерінде құрамында сынабы бар аспаптарды жинау мен кәдеге жарату жұмыстарын жүргізу көзделеді.

Экологияны жақсарту саласында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтау, газ тазалауды реконструкциялау, тазалау қондырғыларын ауыстыру, қоқыс өңдеу зауытын салу, коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеудің заманауи технологияларын енгізу қажет.

Тұрақты түрде қадағалау және уақтылы ден қою үшін қоршаған ортаны (ауаны, суды, топырақты) онлайн режимінде экологиялық мониторингтеу жүйесі маңызды болып табылады.

Өңірдің бәсекелік артықшылықтарын пайдалану перспективалары

Павлодар облысы

Облыс Қазақстан Республикасының минералды-шикізат кешенінде жетекші орындардың бірін алады, мұнда көмір қорларының үштен бір бөлігі шоғырланған.

Өңірдің басты міндеті халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату, кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдайлар жасау, әсіресе инновациялық, бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған, инновациялық өндірісті қалыптастыру болып табылады.

Өңірдің басым міндеті индустриялық кешенді технологиялық жаңғырту болып табылады, себебі облыстың өнеркәсібі шикізат өндіруші, энергия сыйымдылығы жоғары, салыстырмалы түрде төмен технологиялы, техникалық және экологиялық қауіпті болып қалып отыр.

Бүгінгі күні «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС «ПМХЗ» ЖШС жаңғырту» жобасын іске асыруда. Зауытты жаңғырту жобасын іске асыру мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

Металл өңдеудің негізгі басым бағытына алюминий және одан жасалатын бұйымдарды өндіру жатады. Ол үшін мына факторлар негіз болып табылады:

- 1) арзан электр энергиясының үлкен көлеміне қолжетімділік;
- 2) өндірістік әлеуеттің болуы;
- 3) қолжетімді қашықтықта елеулі шикізат қорларының болу факторы базалық болып табылады.

Машина жасау саласын дамыту. Машина жасау, әсіресе ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, әрдайым облыстағы жетекші салалардың бірі болатын. Машина жасау кәсіпорындарын дамыту бағыттарының бірі жұмыс істеп тұрған және тұрып қалған кәсіпорындарды жаңғырту, реконструкциялау және жандандыру болуға тиіс.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту. Облыстың Баянауыл және Ақсу аудандарында (шикізат қоры 500 млн. тоннаға жуық) карбонат және балшықты шикізат кен орындары шоғырланған. Осыған байланысты, өңірде энергия артықшылығын және сумен қамтамасыз етілгенін ескере отырып, өз қажеттілігі мен жақын орналасқан облыстарға ғана емес, сонымен қатар экспортқа бағытталған жоғары сапалы цемент өндірісі мен цементтен алынатын өнімдер өндірісін ұйымдастыру қажет.

Саланы тиімді дамыту үшін жабдықтарға инвестициялар қажет. Моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген технологиялық тізбектерге байланысты кәсіпорындардың

өндірістік қуаттары толық пайдаланылмайды.

Облыста шикізаттың және өндірістік қуаттардың болуы, құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің ұлғаю үрдісі саланы дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Ірі жүйе құраушы компаниялардың мұқтаждықтарына шағын және орта кәсіпорындардың жаңа өндірістерді ұйымдастыруы және облыс аумағында іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардағы қазақстандық қамтуды күшейту маңызды міндет болып табылады.

Аталған сектордың басымдылығы бір жағынан – құрылыс индустриясына ішкі сұраныспен, макроөңір елдері нарығында отандық өнімдерді дамыту және өткізу мүмкіндіктерімен, екінші жағынан – меншікті базаның және қазақстандық кәсіпорын әлеуетінің болуымен айқындалады. Қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті құрылыс материалдарының жаңа түрлерін шығаруды меңгеру жөніндегі міндетті шешу үшін басым тауарлардың тізбесі айқындалды. Техникалық сипаттамалары жақсартылған жаңа құрылыс материалдарын қолдану экономикалық тиімділігі мен құрылыстың сапасын арттырады, пайдалану барысында энергиямен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындарды төмендетеді.

Агроөнеркәсіптік кешен. Қазіргі уақытта облыстың ЖӨӨ-де ауыл шаруашылығының үлесі аз, дегенмен өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша шикізат базасы мен өндірістік қуаттар бар.

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту әлеуеті тұрақты оң серпінмен расталады. Осыған байланысты, дәнді дақылдарды, картоп, көкөніс және бақша дақылдарын егу алқаптарын ұлғайтуға, ылғал ресурстарын үнемдеу технологияларын кеңінен қолдануға және көкөніс қоймалары инфрақұрылымын нығайтуға баса назар аудару қажет.

Облыстың асыл тұқымды мал шаруашылығы әлеуетін, жасанды ұрықтандырудың дамып келе жатқан технологияларын ескере отырып, асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларының үлес салмағын және ет пен сүтті өндіру көлемін ұлғайту қажет.

Өңірді дамытудың жоғарыда аталған бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай 7,4 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай Павлодар облысы ЖӨӨ НКИ 2013 жылмен салыстырғанда 17,4 %-ға ұлғаяды. ЖӨӨ НКИ өсуі тауарлар өндірісі НКИ 1,6 %-ға және қызмет көрсету өндірісі НКИ 34,9 %-ға ұлғаюына байланысты.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

Облыс кен металлургиясы және көмір өндіру өндірісінің жоғары шоғырлануымен, өнеркәсіптің өңдеу секторларының инновациялық дамуының үлкен әлеуетімен елдің әртараптандырылған ірі индустриялық орталығы ретінде өз рөлін сақтайтын болады.

Өнеркәсіп. Өңірдің индустриялық-инновациялық жүйесін дамыту дәстүрлі өндірісті

қалпына келтіру, сол сияқты кәсіпорындарды жаңғыртуға, өнімділігі жоғары жаңа кәсіпорындарды, прогрессивтік және бірегей технологиялары бар салаларды құруға, отандық ғылыми әзірлемелерді селективті қолдауға бағытталатын болады.

Металлургияны дамыту қосылған құны жоғары өнімдерді өндіруге, шикізатты пайдалану кешенділігін жоғарылатуға және өндіріс қалдықтарын қайта өңдеуге, экологияландыруға және өндірістік процестерді ақпараттандыруға бағытталатын болады. Metallургияны дамыту өнімдерді тікелей әртараптандыруға және одан әрі қайта өңдеуді, оның ішінде, орта және шағын бизнес кәсіпорындарында жүзеге асыруға негізделетін болады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде негізгі күштер пайдалы қазбалардың талап етілетін түрлері бойынша геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда өндіру мен өңдеу көлемдерін ұлғайтуға, жаңа өндіріс пен өнім түрлерін құруға бағытталатын болады.

Машина жасау және металл өңдеу әлеуетін қалпына келтіру. Облыста, түсті және жерде сирек кездесетін металдардың, кремний өнеркәсібінің және машина жасау саласының шикізаттық әлеуетіне негізделе отырып, тау-кен өндіру өнеркәсібінің қажеттіліктері үшін жабдықтар (кен шахталық және мұнай газ өндіру жабдықтары, жерүсті, ауа және су көлігі құралдары, олардың бөлшектері және керек-жарақтары, машиналар, жабдықтар және тетіктер; электр техникалық жабдықтар; ғарыш саласына арналған жабдықтар) өндірісін ұйымдастыру қажет.

Мыс өндірісі электр қозғалтқышы, электр жабдығы, басқару жүйелері, компьютерлер өндірісіне серпін беруге қабілетті. Металл өңдеу саласын дамытудың маңызды бағыты құрылыс арматурасын, рельстерді, әртүрлі диаметрлі және әртүрлі мақсаттағы құбырларды, түсті металлургияны және мыс сымдары өндірісін кеңейту болуы тиіс.

Химия өнеркәсібі. Химия өнеркәсібін дамытудың барынша перспективалы бағыттары жұқа органикалық синтез бен полимерлер химиясы, тұрмыстық және өнеркәсіптік химия, экокхимия, резеңке техникалық және пластмассалық бұйымдарды өндіру болып табылады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту. Өңірде маңызды шикізат базасы, білікті кадрлар мен ғылыми әзірлемелер бар. Облыс үшін цемент пен одан жасалатын бұйымдарды, темірбетон конструкцияларын, кірпіштерді, қыш қабырға панельдерін өндіру, керамикалық материалдар өндіру перспективалы болады.

Көмір өнеркәсібі. Облыста көмірдің айтарлықтай қорын және қалыптасқан ғылыми әлеуетті назарға ала отырып, көмір өнеркәсібінде технологиялық өндірістерді құру бойынша көмір мен көмір химиясын тереңдетіп өңдеу бағытындағы жобаларды іске асыру керек.

Бұдан басқа, Қарағанды бассейнінің көмір қабаттарында метан, көмірқышқыл газы, күкіртті сутек, ауыр көмірсутектер бар. Метан қорлары перспективалы болып

табылады,

осыған

байланысты:

1) көмір қабаттарындағы метанның қорын жете барлау, есептеу және бағалау әдістемесін әзірлеу бойынша ғылыми және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;

2) көмір метанын дәстүрлі емес экологиялық таза қуат көзі, химия өнеркәсібіне арналған шикізат, мотор отыны және тұрмыстық газ ретінде пайдалану мақсатында көмір метанын қайта өңдеу технологиясын құру;

3) метанды өндіруді және өңдеуді өнеркәсіптік игеру.

Облыста инновацияларды қолдау үшін дамыған инфрақұрылым бар. Осыған байланысты жоғары технологиялы заманауи өндірістерді дамыту, өңірлік технопарктері және инновациялық орталықты дамыту қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту. Перспективалы кезеңге техникалық жаңғырту және шаруашылықтарды одан әрі ірілендіру, өнім өңдеудің дәрежесін ұлғайту, өңірдің ірі кәсіпорындарының қолдауымен қосалқы шаруашылықтар қалыптастыру негізінде осы сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті маңызды болуға тиіс.

Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу үшін ет комбинаттарын жаңғырту жоспарланған. Құс шаруашылығын қайта жаңғыртуға құс фабрикасын реконструкциялау жобалары және бойлер фабрикасын салу ықпал етеді.

Нәтижесінде өңірдің құс етіне деген ішкі қажеттілігі қамтамасыз етілетін болады.

Облыста өсімдік шаруашылығындағы өндірістік әлеует сақталған, табиғи-климаттық және өзге жағдайлар ауыл шаруашылығы дақылдарының тиімді және рентабельді сорттарын өндіруге ықпал етеді. Әлеуетті дамытудағы маңызды міндет агродақылдар деңгейін арттыру, өсімдіктерді өңдеуде заманауи технологияларды қолдану, атап айтқанда, шығымдылықтың өсімін 1,5 есе арттыратын ылғал үнемдегіш технологияларды қолдану болып табылады.

Континентальды климат жағдайларында өңірді көкөністермен жыл бойы жабдықтау үшін жылыжайлар салу маңызды рөл атқарады.

Облыстағы балық шаруашылығы әлеуетін қайтадан қалпына келтіру, балық аулау және өңдеу көлемін, балық ұны өндірісін ұлғайту қажет.

Перспективада Қарағанды облысының экономикасы жылдам қарқынмен дамиды болады. Металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, электр энергетикасы салаларында ағымдағы мамандану нығая түседі.

Облыс өзінің негізі металлургия болып табылатын жоғары дамыған өнеркәсіптік өңір ретіндегі маңызын сақтап қалады. Перспективада металлургия өнеркәсібінің негізгі бағыты шикізатты қайта өңдеудегі тереңдік пен кешенділікті арттыру, қайта бөлінісі жоғары өнімдерді өндіру болады.

Облыс мамандануының екінші саласы көмір өнеркәсібі болып табылады. Шұбаркөл кен орнының көмірлері негізінде көмір-химия өнеркәсібінің дамуы көзделеді.

Машина жасау саласын дамыту және тау-кен өндіру саласына арналған машиналар мен жабдықтарды жасауға бағыттталатын болады.

Өңірді дамытудың жоғарыда аталған бағыттарын іске асыру 2020 жылға қарай экономика салаларындағы еңбек өнімділігін 6 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік б е р е д і .

2013 – 2020 жылдар аралығында Қарағанды облысының ЖӨӨ НКИ 14,5 %-ға өседі. Облыстың ЖӨӨ НКИ ұлғаюына көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ 29,4 %-ға және тауарлар өндірісі НКИ 4,0 %-ға өсуі ықпал етеді.

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Перспективада өңірдің түсті металдарды өндіру мен терең өңдеудің, металлургия саласында технологияларды әзірлеу мен тәжірибелік пысықтаудың ірі орталығы ретіндегі р ө л і күшейтілуге тиіс.

Өнеркәсіп. Мыс-қорғасын-мырыш кендерінің көптігі, полиметалл кендерінің көлемі бойынша елеулі қоры өңірдің басты байлығы болып табылады. Өңірдің минералдық-шикізаттық кешенінің перспективалы ресурстық базасын дамыту үшін пайдаланудағы қорларды өсіру мақсатында мемлекеттің қатысуымен ауқымды іздестіру және іздестіру-бағалау жұмыстарын жүргізу талап етіледі.

Өнеркәсіпті дамытудың басым бағыттары түсті металлургияның шикізат базасын тұрақтандыру, шикізатты қайта өңдеу тереңдігін арттыру, соңғы қайта бөліністі құру б о л а д ы .

Облыстың бәсекеге қабілетті мамандануының бірі атом энергетикасына арналған отын өндіру және ядролық зерттеулер болуы тиіс. «Ядролық технологиялар паркі» салалық технопаркінің әлеуетін пайдалану қажет. Аталған технопарк базасында мұнай-газ жабдығын тазарту мен қатерсіздендірудің химиялық-технологиялық кешенін , өнімдерді тректі мембрана негізінде өндіру бойынша ядролық нанотехнологиялар к ә с і п о р н ы н құ р у қ а ж е т .

Жаңа өнеркәсіптік өндірістер мен кәсіпорындарды орналастыру санитариялық-қорғау аймақтарын есепке ала отырып жүргізілуге тиіс. Бұл, әсіресе, тұрғын үй қорының бір бөлігі кәсіпорындардың өнеркәсіптік аймағында қалған Өскемен қаласы үшін өте өзекті. Осыған байланысты, тұрғындарды санитариялық-қорғау аймақтарынан қаланың экологиялық қолайлы аудандарына көшіру бойынша іс-шаралар әзірленді.

Машина жасау және металл өңдеу әлеуетін нығайту үшін толық циклді автозауытты және автоқұрамдауыштар шығару технопаркін салу, өндірістік қуаттарды жаңғырту қ а ж е т .

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту перспективалары облыстың жеке мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін өндірістік қуаттарды жаңғыртуға, сондай-ақ елдің басқа өңірлеріне және шетелге экспортқа шығару мүмкіндігіне байланысты б о л а д ы .

Жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін қолда бар өндірістік қуаттар негізінде тоқыма және тігін өнеркәсібін қалпына келтіру, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өнім өндірісін

қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарда технологиялық жабдықтарды жаңарту қажет. Иірілген жіп және түрлі мақсаттағы маталар өндірісі, жүн өңдеу, киізден жасалған аяқ киім, әртүрлі киіз өндірісі, тігін бұйымдарын шығару, тоқыма және шұлық-байпақ бұйымдарын өндіру жеңіл өнеркәсіптің басты бағыттары болады.

Ағаш өңдеу саласының бәсекеге қабілетті өнім шығару ұйымдастыру үшін ө н д і р і с т і к ә л е у е т і б а р .

Қазақстан ормандарының негізгі бөлігі Ресеймен солтүстік шекараның бойындағы құнарлы орманды далалы аймақта, Алтай тауларының бөктері мен баурайларында шоғырланған. Таулы Алтайда (Шығыс Қазақстан) коммерциялық құнды қылқан тұқымдастар қорының 75 %-ы шоғырланған. Негізгі орман құраушы ағаштардың 47 %-ы Шығыс Қазақстан облысының үлесіне тиесілі. Осыған байланысты әртүрлі мақсаттағы (АЖТ, АЖТ, фибролит) плиталық өндірісті құру жөніндегі жобаларды көбейту қажет. АЖТ және басқа ағаштан жасалатын плиталар түрлері – бұл жиһаз өндірісі үшін шикізат және кең ауқымды құрылыс материалдары болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенде облыс сүт және ет мал шаруашылығын, биязы жүнді және қылшық жүнді қой шаруашылығын, шошқа шаруашылығын, жылқы шаруашылығын, құс шаруашылығын, марал шаруашылығын және бұғы шаруашылығын, бал арасы шаруашылығын дамытуға, бидай мен бұршақ тұқымдастарын, көкөністер, күнбағыс өсіруге және оларды өңдеуге шоғырлануы тиіс.

Көрші елдер өңірлерімен шекара маңындағы ынтымақтастық ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін кең мүмкіндіктер ашады.

Ірі тауар өндірісін дамыту үшін бірнеше жобаларды іске асыру, жем-шөп дайындаудың шығындарын арзандату, өнімді өткізу, ветеринариялық қызмет көрсету және селекциялық-тұқымдық жұмыс және тиісінше неғұрлым бәсекеге қабілетті кәсіпорындар құру үшін фермерлерді кооперациялаған жөн.

Мал шаруашылығын дамыту үшін қажетті элемент жем-шөп базасын дамыту болып табылады. Қосымша тұқымдық және тұқым шаруашылықтарын құруға, құс фабрикаларын, ірі мал шаруашылығына және жылыжай кешендерін, өңдеу объектілерін, көкөніс сақтау орындарын салуға жеке көңіл бөлінуге тиіс.

Тігін және тоқыма өндірісін басым түрде артық жұмыс күші бар қалалар мен елді мекендердегі шағын және орта өндіріске бағдарлау қажет.

Мал шаруашылығы шикізатын өндіру серпінін жақсарту, оның импортын ұлғайту және басқа да факторлар Шығыс Қазақстан облысындағы жаңа кәсіпорындар қу а т т а р ы н и г е р у г е ы қ п а л е т е д і .

Тамақ өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыты өңдеуші кәсіпорындарды жаңғырту және реконструкциялау, өндірістік процесті толық автоматтандыра отырып, оларды заманауи технологиялық, салқындату жабдығымен жарактандыру болып табылады.

Технологиялық процесті жаңғырту және өнім сапасын арттыру күнбағыс майын, сүт, ет, қосалқы тауарлар, ет консервілері, нан және макарон өнімдерін өндірудегі

өңірдің мамандануын нығайтуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің және өңдеудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Туристтік-рекреациялық әлеуетті дамыту. Туризмнің ең перспективалы түрі экотуризм болып табылады. Рудный мен Оңтүстік Алтай таулары санаторийлік-курорттық емдеудің алуан түрлерін – бұғы мүйізімен емдеуді, радонмен емдеуді, балшықпен емдеуді ұйымдастыру үшін бай рекреациялық әлеуетке ие.

Өңірді дамытудың жоғарыда көрсетілген бағыттарын іске асыру экономика салаларында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігін 2020 жылға 5,0 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылы Шығыс Қазақстан облысының ЖӨӨ НКИ 2013 жылмен салыстырғанда 18,8 %-ға ұлғаяды. ЖӨӨ НКИ ұлғаюына тауар өндірісі НКИ 5,9 %-ға өсуі және көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ 28,9 %-ға өсуі ықпал етеді.

Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасау

Павлодар облысында жұмыспен қамту деңгейі өнеркәсіп, құрылыс және көрсетілетін қызметтер секторында жаңа жұмыс орындарын ашу есебінен өсетін болады. Павлодар облысындағы жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 417,9 мыңнан 2020 жылға қарай 433,2 мыңға дейін ұлғаяды.

Тұтастай алғанда, Шығыс Қазақстан облысында бәсекелік артықшылықтарды арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шаралар шеңберінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2020 жылға қарай жан басына шаққанда 2,6 млн. теңгеге дейін өседі.

Болжамды есептеулер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасы 2020 жылға қарай 72,5 % құрайды (2013 жылы – 73,9 %) және 4,2 млн. теңгеге дейін ұлғаяды.

Қарағанды облысындағы жұмыспен қамту ахуалы өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтер саласында жаңа жұмыс орындарын құру есебінен өзгереді. Өңдеу салалары, көтерме-бөлшек сауда, көлік және қоймалаудың дамуы тұрғындардың жұмыспен қамтылуын арттыруға оң әсерін тигізеді. Қарағанды облысында жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 707,1 мыңнан 2020 жылға қарай 713,6 мыңға дейін ұлғаяды.

Қарағанды облысында бәсекелік артықшылықтарды арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша қабылданған шаралар 2020 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің 3,1 млн. теңгеге дейін өсуіне әсер етеді.

Болжамды есептеулер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасы 2020 жылға қарай 88,5 % құрайды (2013 жылы – 98,7 %).

Шығыс Қазақстан облысындағы жұмыспен қамту бойынша ахуал өнеркәсіптегі құрылымдық өзгерістер есебінен жақсарады. Өңдеу салаларын, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерін дамыту еңбек нарығының конъюнктурасына оң әсерін тигізеді. Шығыс

Қазақстан облысындағы жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 708,2 мың адамнан 2020 жылға қарай 716 мың адамға дейін ұлғаяды.

Тұтастай алғанда, Шығыс Қазақстан облысында бәсекелік артықшылықтарды арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шараларды дамыту шеңберінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2020 жылға қарай 2,6 млн. теңгеге дейін өсетін болады.

Болжамды есептеулер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасы 2020 жылға қарай 72,5 %-ды құрайды (2013 жылы – 73,9 %).

Тұтастай алғанда, болжамды деректер бойынша Орталық-Шығыс макроөңірінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2020 жылға қарай 3,1 млн. теңгеге дейін өседі.

Астана қаласы Дамудың стратегиялық бағыттары

Астана елдің барлық өңірлерінен, сондай-ақ шетелден Астана қаласына көшіп-қонушылар ағынына көптігіне негізделген елеулі адами капиталы бар. Сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жоғары төлем қабілетті сұранысқа ие.

Негізгі перспективалы бағыты оны дамытудың локомотиві болатын Астана агломерациясын қалыптастыру болады. Осы агломерация базасында көрсетілетін қызметтер саласының барлық секторлары, оның ішінде әлемдік деңгейдегі білім беру және медициналық көрсетілетін қызметтер белсенді дамитын болады. Ғылыми кадрларды даярлау және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру маңызды бағыт болып табылады. Алдағы уақытта Астана қаласы әлемнің ең үздік қалаларының ондығына кіруге тиіс.

Халықты қоныстандырудың негізгі бағыттары

Астана хаб-қаласын дамыту Қарағанды, Көкшетау қалаларын және Щучинск-Бурабай курорттық аймағын тарта отырып, желілік өсу аймағы ретінде Астана агломерациясын қалыптастыруға байланысты болады. Астананы дамыту жаңа басқару технологияларын енгізуге және өндірісте адами капиталдың пайдаланылуын кеңейту бойынша алғышарттар жасауға бағдарланған.

Астана қаласында серпінді елорда агломерациясының өсіп келе жатқан сұранысына сүйенетін барлық өңірлермен күшті байланыстар басым. Астана хаб-қаласы «Орталық-Шығыс», «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Батыс» автомобиль жолдарының өңіраралық желісі жобаларын іске асыру есебінен барлық макроөңірлерді байланыстыратын орталық болады.

Агломерация ішінде заманауи көліктік-логистикалық және телекоммуникациялық инфрақұрылым құру (қала маңы пойыздары, қоғамдық көлік, кіші авиация, бірыңғай телекоммуникациялық инфрақұрылым және басқасы) елорданың транзиттік және өндірістік-тұрмыстық әлеуетін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде

экономикалық өсуге қосымша серпін береді.

Бәсекелік артықшылықтарды пайдалану перспективалары

Қала Қазақстанның ірі инновациялық және басқару орталығы, іргелес облыстардағы экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және еліміздің қалған аумақтары үшін «локомотив» рөліндегі көшбасшы-қала ретінде позицияланатын болады. Қала экономикасында инновациялық бағыттағы бәсекеге қабілетті секторларды қалыптастыру негізінде дамудың тұрақты және ұзақ мерзімді көздерін қамтамасыз ету елорда үшін басты міндет болуы тиіс.

«Назарбаев Университетінің» қызметі, «Астана индустриялық паркі» АЭА тиімді жұмыс істеуі, сондай-ақ ІТ технологиялар әзірлеу, энергетика және ғарыш саласындағы зерттеулер саласындағы қызмет инновациялық саясатты іске асырудың маңызды құралы болуы тиіс.

Қала экономикасын дамытудың перспективалы инновациялық бағыты «KazSat» байланыс және хабар тарату жерсеріктік жүйесін құру, ғарыштық аппараттардың жинақтау-сынау кешенін және Жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық жүйесін құру болып табылады.

Қалада биотехнологиялар кластерін дамыту. Биотехнологиялар саласында бар әлеуеттің негізінде іргелі және қолданбалы зерттеулер, оның ішінде ресурстарды үнемдейтін, экологиялық таза және қалдықсыз технологияларды құру үшін жүргізу қажет.

Қала бірегей және жоғары сапалы медициналық көрсетілетін қызметтерді тек қала халқы үшін ғана емес, сондай-ақ шет елдердің тұрғындары үшін де ұсынушы ретінде позицияланатын болады. Осыған байланысты «Болашақ госпиталі» жобасының шеңберінде ұлттық ықпалдастырылған академиялық денсаулық сақтау жүйесі одан әрі дамытылатын болады.

«Астана – жаңа қала» АЭА аумағында қаланың перспективалы кластерлерін: құрылыс материалдарын, тамақ өнеркәсібін, медициналық және ғылыми технологияларды дамыту бойынша жобалар іске асырылады. АЭА одан әрі дамытуды өнеркәсіптік өндірісті әртараптандырудың және заманауи индустриялық өндірістерді құрудың негізгі құралы ретінде пайдалану қажет.

Сауда саясаты. Сыртқы сауданы дамытудың негізгі бағыттары «Астана – жаңа қала» және «Астана индустриялық паркі» АЭА аумақтарында қосылған құны жоғары өнімдерді шығару бойынша экспортқа бағдарланған жаңа өндірістерді құру болады. Тамақ өнімдерін және Қазақстанда өндірілетін басқа тауарларды жеткізуде басқа өңірлермен өңіраралық кооперацияларды дамыту үшін меморандумдар мен келісімдер жасасу бойынша шаралар қабылдануға тиіс.

Туризмді дамыту. Қаланың туристік әлеуетін дамытуға бірегей объектілердің құрылысы, дамыған қалалық инфрақұрылым және қонақжай қала ретіндегі жас елорданың имиджі жәрдемдеседі.

Әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымды, экологиялық жағдайды
дамыту перспективалары

Елорда халқы санының күрт өсуіне байланысты мектепке дейінгі мекемелердің, әсіресе, қымбат емес мемлекеттік балабақшалардың айтарлықтай тапшылығы орын алды. Осыған байланысты балабақшаларды салуды одан әрі жалғастыру қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын педагог қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату есебінен арттыру қажет. Орта білім беру саласында қосымша білім беру ұйымдарының желісін, жалпы білім беру мектептерінде спорт секцияларын кеңейту, бейінді мектептер салу бойынша іс-шаралар жүргізу қажет.

Астананың көліктік инфрақұрылымында жаңа жолдар, көпірлер мен жол өтпелерін, көлік айрықтарын салу, қолданыстағы жолдарды реконструкциялау, паркингтер салу қажет.

Тұрғын үй-коммуналдық салада қаланы сумен жабдықтау, газбен жабдықтау және кәріз жүйелерінің жұмыс істеуінің сенімділігін арттыру үшін тозған су құбырларын және кәріздік желілерді ауыстыру және реконструкциялау қажет.

Астананы дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру және бәсекелік артықшылықтарды арттыру жөніндегі шаралар экономика салаларындағы еңбек өнімділігін 2020 жылға қарай жан басына шаққанда 15,2 млн. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Астана қаласы ЖӨӨ НКИ 2020 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 33,5 %-ға ұлғаяды. Бұған көрсетілетін қызметтер өндірісі НКИ 36,8 %-ға және тауар өндірісі НКИ 10,6 %-ға өсуі есебінен қол жеткізіледі.

Тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыру бойынша жағдайлар жасау Тауар өндірісін (1,9 есе) және көрсетілетін қызметтерді (2 есе) дамыту еңбек нарығының конъюнктурасына оң ықпал етеді. Астана қаласындағы жұмыспен қамтылғандардың болжамды саны 2013 жылғы 410,4 мың адамнан 2020 жылға қарай 472,5 мың адамға ұлғаяды және 115,1 %-ға өседі.

Астана қаласында бәсекелік артықшылықтарды арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шаралардың шеңберінде жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2020 жылға қарай 7,8 млн. теңгеге дейін ұлғаяды.

Болжамды есептеулер бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ-нің орташа республикалық деңгейге қатынасы 2020 жылға қарай 2,1 есе артады (2013 жылы – 200,3 %).

Экологиялық даму перспективалары

Астана қаласындағы экологиялық ахуалды жақсарту үшін перспективада бірқатар өнеркәсіптік аймақтардың аумақтарын қайта ұйымдастыру, экологиялық зиянды өндіріс объектілерін рекреациялық және табиғатты қорғауға арналған аумақтардан шығару қажет. Босатылатын еркін аумақтарда экологиялық қауіпсіз ғылыми-өндірістік, іскерлік, сауда объектілерін орналастыру, аумақтарды қайта өңдеу, абаттандыру және

к ө г а л д а н д ы р у

к ө з д е л е д і .

Қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарында барынша экологиялық таза технологияларды пайдалану, қалдықсыз және қалдығы аз технологияларды пайдалану қ а ж е т .

Перспективада қалаға түсетін экологиялық жүктемені азайту үшін қалалық жылу-электр орталықтарын табиғи газға ауыстыру қажет.

Қаланы көгалдандыру мен оның айналасында жасыл белдеу жасау бойынша іс-шаралар жүргізу маңызды міндет болып табылады. Қалада өмір сүру үшін барынша қолайлы орта қалыптастыру қажет.

А л м а т ы қ а л а с ы Дамудың стратегиялық бағыттары

Алматыда халықтың жоғары табиғи өсіміне және елдің басқа өңірлерінен көшіп келуінің жоғарылығына негізделген елдің экономикалық және зияткерлік әлеуетінің айтарлықтай бөлігі шоғырланған.

Урбандалу процестерінің қарқынды дамуы орталығы Алматы қаласы болатын ірі Алматы агломерациясының қалыптасуына алып келеді.

Көрсетілетін қызметтер саласын (қаржы, іскерлік, туристік, сауда және т.б. көрсетілетін қызметтер) одан әрі дамыту Алматы агломерациясының негізгі стратегиялық бағыты болады.

Алматы технопарктер желілері мен жоғары ғылыми әлеуеті негізінде еліміздегі инновациялар мен жоғары технологияларды дамыту бойынша негізгі орталықтардың біріне айналады.

Халықты қоныстандырудың негізгі бағыттары

Алматы хаб-қаласын дамыту Алматы облысының үшінші деңгейдегі қалалары: Есік, Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалаларын; Байсерке, Боралдай, Жетіген, Қараой, Өтеген батыр, Ұзынағаш, Шамалған кенттерін; Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл аудандарын тарта отырып, желілік өсу аймағы ретінде Алматы агломерациясын қалыптастыруға байланысты болады. Екінші деңгейдегі қалалар өңірлік даму орталықтары бола отырып, бұдан әрі өзінің ғана емес, сонымен қатар шекаралас өңірлердің экономикалық белсенділігін шоғырландыру мүмкіндігіне ие. Алматы хабының әсер ету аймағындағы екінші деңгейдегі қалалардың даму серпіні Алматы агломерациясының даму қарқынымен және олардың транзиттік әлеуетімен айқындалатын болады.

Алматы агломерациясы Алматы қаласының университеттері базасында сауда-логистикалық, инновациялық кластер, бүкіл Орталық Азия өңірінің туризм орталығы (Шымбұлақ, Медеу, Табаған, Көкжайлау, этнотуризм) ретінде дамытылады.

Өңірдің бәсекелік артықшылықтарын пайдалану перспективалары

Алматы қаласының перспективалық әлеуеті болашақта оны тұрақты инновациялық даму, озық технологиялар, бизнес жүргізу мен адамдардың тұруы және демалуы үшін

қолайлы әлеуметтік және экологиялық ортасы бар инфрақұрылымы дамыған қала ретінде позициялауға мүмкіндік береді. Постиндустриялық мегаполис – ең ірі және серпінді дамушы агломерация орталығы ретінде қаланың орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қала перспективасының басты міндетіне айналуға тиіс.

Қолда бар өнеркәсіптік әлеуетті ұстап тұру. Ең алдымен өсу қарқынының оң серпініне ие дәстүрлі салалар мен өндірістерді сақтау қажет: тамақ өнімдерін өндіру, баспа және полиграфиялық қызмет, жиһаз өндіру, фармацевтикалық өнімдер өндірісі және халық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін басқа да қызмет түрлері.

Қала қажеттіліктерін ескере отырып, жаңа өндірістер құру. Жаңа өндірістерді дамыту, ең алдымен, тамақ өнеркәсібінде, машина жасау кешенінде, құрылыс материалдары өндірісінде және фармацевтикалық өнеркәсіпте жүзеге асырылады.

Машина жасау кешенінде инновациялық өнімдерді шығару бойынша: аспап жасау, электр-техникалық жабдық және бұйымдар (өнеркәсіптік және тұрмыстық мақсаттағы), бөлшектер мен тетіктерді жасау, электроника бойынша бірнеше кәсіпорын салу перспективалы болады.

Цемент терминалын және индустриялық құрылыс комбинатын салу есебінен құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту қажет.

